

Мақсатым – тіл ұстартым,  
өнер шайпақ...  
АБАЙ.



«Қазақ тілі мен  
әдебиеті» және  
«Ұлағат»  
жауапкершілігі  
шектеулі  
серіктестігінің  
ай сайын  
шығатын  
Республикалық  
ғылыми-  
педагогикалық,  
әдістемелік  
журналы

# ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

1958 жылдың  
наурыз айынан  
бастап шығады

**5/2016**

**МАМЫР**

---

## АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

*Құсиын Айтқалиев, Шәмша Беркімбаева,  
Жангара Дәдебаев, Гүлтас Құрманбаева,  
Мекемтас Мырзахметұлы, Қуандық Мәшһүр Жүсіп,  
Нұрша Оразахынова, Бақтияр Сманов, Жансейіт Түймебаев,  
Рақымжан Тұрысбек, Нұргелді Уәлиұлы.*

## МАЗМҰНЫ

### Таным табиғатында

К.ҚАДЫРҚҰЛОВ, Р.ҚАДЫРҚҰЛОВА.	Етістіктің шақ категориясы: болымсыз түрлерінің жасалу ерекшелігі.....	5
Г.КАРМЕНОВА.	Оралхан Бөкей әңгімелері негізінде оқушылардың шығармашылық қабілетін арттырудың тиімді жолдары.....	10
О.АБДУЛХАНОВА, А.УТЕГАЛИЕВА.	Оқушылардың тіл байлығын дамыту.....	16
А.КИСТАУБАЕВА.	Заманауи сабақтың сапасын арттырудағы ойын элементінің тиімділігі.....	19
	Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауға үйрету.....	23

### Ғасыр ақыны

Д.БОДЕСОВА.	Мұқағали - мәңгілік ғұмыр.....	25
Э.ҚҰРМАНҒАЛИЕВА.	М.Мақатаев. «Аққулар ұйықтағанда».....	27

### Жамбыл Жабаев -170

М.ШЕРХАН.	Өлең сөздің дүлдүлі.....	30
-----------	--------------------------	----

### Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс

А.КЕНЖЕАХМЕТОВА.	Илияс Жансүгіров. «Әнші» өлеңі.....	32
Р.АЛДАМУРАТОВА.	Р.Ғамзатов. «Менің Дағыстаным».....	36
М.ҚАПАЕВА.	Ұстаз тағылымы.....	39
М.МУСІПІМ.	Қабдеш Жұмаділов. «Қаздар қайтып барады».....	41
Ж.ҚҰРЫМБАЕВА.	Мағжан Жұмабаев. «Толқын» өлеңі.....	45
Г.АБДУКАРИМОВА.	Ы.Алтынсарин. «Қазақ хрестоматиясы».....	49
С.АМИРХАНОВА.	Мұрат Мөңкешұлының «Қарасай -Қазі» дастаны.....	51

### Жас маманға жәрдем

Т.ТЛЕУОВА.	Лиро-эпостық жырлар.....	53
А.ИСИНА.	Көркем әдебиет стилі.....	57
Г.САҒЫНДЫҚОВА.	Қашаған Күржіманұлы. «Ескали сұпыға айтқаны» өлеңі.....	60
Р.УЛДАХАНОВА.	Махамбет Өтемісұлы. «Соғыс» өлеңі.....	64
Г.ЖӘЙІП.	«Ананың анасы» әңгімесіндегі ана бейнесі.....	67
Ж.ҚАБДІЛОВА.	Ш.Құдайбердіұлы. «Адамдық болшың» өлеңі.....	70
А.ТАСҚАЛИЕВА.	Сайын Мұратбеков. «Қылау» поэмасы.....	74
С.БАЙШУРАЕВА.	А.Байтұрсынұлының «Ақын ініме» өлеңі.....	77

### Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс

А.ТӨЛЕУКАНОВА.	Синонимдер.....	80
Г.ТАРКЕШЕВА.	Этнолингвистика.....	83
Р.КҰНУСБАЕВА.	Қарсылықты бағыныңқы сабақтас.....	87
Ж.АЙКӨРКЕМ.	Бұрынғы өткен шақ.....	91
Ж.БУКЕТОВА.	Сын есімнің сөйлемдегі қызметі.....	93
Р.ҚҰЛБАТЫРОВА.	Құрмалас сөйлем жөнінде түсінік.....	97
Н.БАЙЫМБЕТОВА.	Қазақстанның белгілі спортшылары.....	101
Ж.АСАНОВА.	Еріндік және езулік дауыстылар.....	104
Ш.МАЛЫШУБАЕВА.	Мақал-мәтелдер.....	107
А.АМАНБАЕВА.	Гендік тұрғыда өзгеріске ұшыраған өнімдер денсаулыққа зиян ба?.....	114
Т.ТЕМКЕНОВА.	Сөйлем ішіне қойылатын тыныс белгілер. Үтір.....	120

### Ұстаз мінбері

Б.НҰРМҰХАНОВ.	«Ұстаздық еткен жалықпас».....	126
---------------	--------------------------------	-----

### Пәнаралық байланыс

Г.АЛДАБЕРГЕНОВА.	Ф.М.Достоевский. Биография и творчество.....	129
------------------	--	-----

### Сыныптан тыс шара

А.АЙТМАҒАНБЕТОВА.	Иса Байзақов. «Құралай сұлу».....	133
Д.ҚОЖАҒАЛИЕВА.	Дархан халықтың дана Абайы.....	137

### Оқушы шығармашылығы

Ұ.ЖОЛДАСБЕКОВ.	Ауылым -Алтын бесігім.....	141
----------------	----------------------------	-----

## СОДЕРЖАНИЕ

### Познание

К.КАДЫРҚҰЛОВ, Р.КАДЫРҚҰЛОВА, Г.КАРМЕНОВА.	Категория отрицательного вида глагола.....	5
О.АБДУЛХАНОВА, А.УТЕГАЛИЕВА, А.КИСТАУБАЕВА.	Эффективные способы повышения творческих способностей студентов на основе историй Оралхана Бөкея.....	10
	Развитие языковой компетентности студентов.....	16
	Роль игры для повышения качества современного урока.....	19
	Обучение критическому мышлению через чтение и письмо.....	23

### Поэт века

Д.БОДЕСОВА.	Мұқағали-вечная жизнь.....	25
Э.ҚҰРМАНҒАЛИЕВА.	М.Мақатаев. «Аққулар ұйықтағанда».....	27

### Жамбыл Жабаев - 170

М.ШЕРХАН.	Поэт.....	30
-----------	-----------	----

### Казахская литература: передовая технология в образовательном процессе

А.КЕНЖЕАХМЕТОВА.	Илияс Жансүгіров. «Әнші».....	32
Р.АЛДАМУРАТОВА.	Р.Ғамзатов. «Мой Дагестан».....	36
М.ҚАПАЕВА.	Урок учителя.....	39
М.МУСІПІМ.	К.Жумадилов.....	41
Ж.ҚҰРЫМБАЕВА.	Мағжан Жұмабаев. «Толқын».....	45
Г.АБДУКАРИМОВА.	Ы.Алтынсарин. «Казахская хрестоматия».....	49
С.АМИРХАНОВА.	М.Монкеулы.....	51

### Помощь молодому специалисту

Т.ТЛЕУОВА.	Лиро-эпос.....	53
А.ИСИНА.	Художественно-литературный стиль.....	57
Г.САҒЫНДЫҚОВА.	К.Куржіманұлы.....	60
Р.УЛДАХАНОВА.	Махамбет Утемисұлы. «Война».....	64
Г.ЖАЙІП.	Образ матери в рассказе «Ананың анасы».....	67
Ж.ҚАБДІЛОВА.	Ш.Құдайбердіұлы. «Адамдық борышың».....	70
А.ТАСҚАЛИЕВА.	С.Муратбеков. «Қылау».....	74
С.БАЙШУРАЕВА.	А.Байтұрсынұлы. «Ақын ініме».....	77

### Казахский язык: передовая технология в образовательном процессе

А.ТӨЛЕУКАНОВА.	Синонимы.....	80
Г.ТАРКЕШЕВА.	Этнолингвистика.....	83
Р.КҰНУСБАЕВА.	Сложносочиненные предложения.....	87
Ж.АЙКӨРКЕМ.	Прошедшее время.....	91
Ж.БУКЕТОВА.	Роль прилагательных в предложении.....	93
Р.ҚҰЛБАТЫРОВА.	Изучение сложноподчиненных предложений.....	97
Н.БАЙЫМБЕТОВА.	Известные спортсмены Казахстана.....	101
Ж.АСАНОВА.	Гласные звуки.....	104
Ш.МАЛЫШУБАЕВА.	Пословицы.....	107
А.АМАНБАЕВА.	Вредны ли здоровью генномодифицированные продукты.....	114
Т.ТЕМКЕНЕВА.	Знаки препинания.....	120

### Трибуна учителя

Б.НҰРМҰХАНОВ.	«Учитель-святое слово».....	126
---------------	-----------------------------	-----

### Межпредметная связь

Г.АЛДАБЕРГЕНОВА.	Ф.М.Достоевский. Биография и творчество.....	129
------------------	--	-----

### Внеклассная работа

А.АЙТМАҒАНБЕТОВА.	Иса Байзақов.....	133
Д.ҚОЖАҒАЛИЕВА.	Абай.....	137

### Творчество школьника

У.ЖОЛДАСБЕКОВ.	Родной край-золотая колыбель.....	141
----------------	-----------------------------------	-----

# CONTENT

## Knowledge

K.KADYRKULOV, R.KADYRKULOVA, G.KARMENOVA.	Category type negative verb .....5 Effective ways to enhance the creative abilities of students on the basis of stories Oralkhan Bokey .....10
O.ABDULHANOVA, A.UTEGALIEVA, A.KISTAUBAEVA.	Development of the language competence of students .....16 The game role to improve the quality of a modern lesson .....19 Teaching critical thinking through reading and writing .....23
<b>The poet of the century</b>	
D.BODESOVA. E.KURMANGALIEVA.	Mukagali-eternal life .....25 M.Makataev. «Аққулар ұйықтағанда» .....27
<b>Zhambyl Zhabayev - 170</b>	
M.SHERHAN.	Poet .....30
<b>Kazakh literature: advanced technology in the educational process</b>	
A.KENZHEAHMETOVA. R.ALDAMURATOVA. M.KAPAEVA. M.MUSILIM. ZH.KURYMBAEVA. G.ABDUKARIMOVA. S.AMIRHANOVA.	Ilias Zhansugurov. «Өнші» .....32 R.Gamzatov. «My Dagestan» .....36 Lesson .....39 K.Shumadilov .....41 Mağjan jumabayev. «Tolkyn» .....45 Y.Altynsarin. «Kazakh anthology» .....49 M.Monkeuly .....51
<b>Help the young specialist</b>	
T.TLEUOVA. A.ISINA. G.SAGYNDYKOVA. R.ULDAHANOVA. G.ZHAYLI. ZH.KABDOLOVA. A.TASKALIEVA. S.BAYSHURAEVA.	Лири-эпос .....53 Artistic and literary style .....57 K.Kurzhimanuly .....60 Mahambet Utemisuly. «War» .....64 The image of the mother in the story «Ананьин анасы» .....67 Sh.Kudayberdiuly. «Adamdyk boryshun» .....70 S.Muratbekov. «Kylau» .....74 A.Baytursynov. «Akyn inime» .....77
<b>Kazakh language: advanced technology in the educational process</b>	
A.TOLEUKANOVA. G.TARKESHEVA. R.KUNUSBAEVA. ZH.AYKORKEM. ZH.BUKETOVA. R.KULBATYROVA. N.BAYYMBETOVA. ZH.ASANOVA. SH.MALSHUBAEVA. A.AMANBAEVA. T.TEMKENEVA.	Sinonims .....80 Etnolingvistika .....83 Compound sentences .....87 Time has elapsed .....91 The role of adjectives in a sentence .....93 The study of complex sentences .....97 Famous athletes of Kazakhstan .....101 Vowel sounds .....104 Proverbs .....107 Whether genetically modified foods are harmful to health .....114 Insignia .....120
<b>Teacher Tribune</b>	
B.NURMUHANOV.	«Master, the holy word» .....126
<b>Interdisciplinary communication</b>	
G.ALDABERGENOVA.	Dostoyevsky. Biography and work .....129
<b>Outdoor Activity</b>	
A.AYTMAGANBETOVA. D.KOZHAGALIEVA.	Isa Baizakov .....133 Abay .....137
<b>Student creativity</b>	
U.ZHOLDASBEKOV.	Native land - gold cradle .....141

**Қ.ҚАДЫРҚҰЛОВ,**  
**әл-Фараби атындағы ҚазҰУ.**  
**Р.ҚАДЫРҚҰЛОВА,**  
**Қ.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ.**  
Алматы қаласы

## ЕТІСТІКТІҢ ШАҚ КАТЕГОРИЯСЫ: БОЛЫМСЫЗ ТҮРЛЕРІНІҢ ЖАСАЛУ ЕРЕКШЕЛІГІ

Етістіктің шақ категориясы туралы зерттеу еңбектердің жеткілікті екендігіне қарағанда шақ және оның түрлеріне қатысты көкейкесті мәселелер жоқ сияқты көрінуі мүмкін. Алайда, шақтардың болымсыз түрлеріне тоқталғанда оқулықтағы тұжырымдар мен қолданыстағы тілдік бірліктердің айырмашылықтары ашық байқалады. Сонымен қатар көптеген оқулықтар мен зерттеу еңбектерінде шақтардың болымды түрлеріне ерекше назар аудартылады да, болымсыз түрі жөнінде сөз қозғалмайды. Неліктен шақтардың болымсыз түрлері толық жіктелген күйінде берілмейтіні, олардың шақ тұлғасына (болымды түріне қарағанда) қандай өзгерістер әкелетіні морфология саласында арнайы зерттеу тақырыбына айнала қоймаған секілді. Салыстырып көрейік:

- ...шексіз келер шақтың болымсыз түрі етістіктің болымсыз түріне -с жұрнағы жалғанып, оның үстіне I, II жақ жіктік жалғауы жалғану арқылы жасалады. Мысалы: мен айтпаспын, сен айтпассың. Шекті келер шақтың болымсыз түрі шекті келер шақтағы етістікке көмекші етістіктердің есімше түрі жалғанып, оның үстіне жоқ сөзінің жіктелген түрі жалғасу арқылы жасалады. Мысалы: көргелі отырған жоқпын, көргелі отырған жоқсың, көргелі отырған жоқ. Мақсатты келер шақтың болымсыз түрі аналитикалық жолмен, яғни мақсатты келер шақтың жіктік жалғаусыз түріне емес сөзі жалғасу арқылы жасалады. Мысалы: алмақ емеспін, алмақ емессің, алмақ емессіз, алмақ емес (1).

- Мақсатты келер шақтың болымсыз түрі -мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек және -шы, -ші тұлғалы негізгі етістікке емес деген көмекші етістіктің тіркесуі арқылы жасалады. Ондайда жіктік жалғау емес көмекші етістігіне жалғанады. Мысалы: келмекші емеспін (2).

- ...-ған, -ген, -қан, -кен тұлғалы бұрынғы өткен шақтың

болымсыздық мағынасы морфологиялық (-ма,-ме қосымшасы) және синтаксистік(жоқ,емес сөздерімен тіркесіп) тәсілдермен беріледі: оқымаған, оқыған жоқ, оқыған емес (3).

- Бұрынғы өткен шақтың болымсыз түрі үш түрлі жолмен жасалады: а) болымсыздық -ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе жұрнақтары жалғану арқылы.Мысалы: айтпағанмын,жазбағансың,жетпегенсің; ә)есімшенің өткен шақтың жұрнағы жалғанған негізгі етістіктен соң жоқ, емес сөзі көмекші ретінде қолданылады да, жіктік жалғау қосымшасы сол сөзге жалғанады.Мысалы: барған жоқпын, айтқан жоқсың, келген жоқ(4). Ал үшінші жасалу жолы көрсетілмейді. Бұл еңбекте болжалды келер шақтың болымсыз түрі айтпаспын,айтпассың,айтпас түрінде, мақсатты келер шақтың болымсыз түрі бармақ(бармақшы)емеспін, айтпақ (айтпақшы) емессің, келмек(келмекші) емес тұлғасында беріледі.

- Жедел, ежелгі және дағдылы өткен шақтардың болымсыз түрлері -ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе қосымшалары арқылы жасалады. Бұрынғы өткен шақтың болымсыз түрі үш түрлі формада қолданылады. Біріншісі -ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе қосымшалары арқылы. Екіншісі- жоқ сөзі арқылы. Үшіншісі- емес шылауы арқылы. Мысалы, алмағанмын..., алған жоқпын..., алған емеспін. Келер шақтың ауыспалы түріндегі болымсыздық формасы - мен жазбаймын... Болжалды келер шақтың болымсыз түрі - айтпаспын... Ниет келер шақтың болымсыз түрі - айтпақ емеспін, айтпақшы емеспін... Ал нақ осы шақтың болымсыз түрі жоқ сөзі арқылы жасалады: мен жазып отырмын - мен жазып отырған жоқпын (5).

Қазақ тілінің морфология саласына арналған профессор А.Ысқақовтың оқулығында етістіктің шақ түрлеріне ерекше атаулар беріледі: анық (айғақты)өткен шақ, танық(айғақсыз) өткен шақ, неғайбыл өткен шақ; жалпы осы шақ, нақ осы шақ, неғайбыл осы шақ; жалпы келер шақ, болжалды келер шақ, мақсатты келер шақ. Бірақ шақтың үш түрінің де болымсыз формасы туралы сөз қозғалмайды (6). Көріп отырғанымыздай, зерттеу еңбектері мен оқулықтардың дені өткен шақ пен келер шақтың кейбір түрлерінің ғана болымсыз күйін ұсынып, осы шақтың болымсыз түріне соқпай кетеді. Тек, Ы.Мамановтың еңбегінде нақ осы шақтың күрделі түрінің болымсыз тұлғада жіктелуі беріледі. Ал нақ осы шақтың жай түрінің болымсыз тұлғасы ешбір оқулықта көрсетілмейді. Соңғы кездері талапкерлерге арналған «Оқулық - тесте» Ол жүрген жоқ деген бір ғана сөйлем беріліп жүр(7). Егер қалып етістіктерін осы шақтың болымсыз түріне жіктесек,болымды түрде болатын бесінші қалып етістігін тауып қою керек. Әйтпесе, ол жүрмесе, ол отырмаса, ол тұрмаса, ол жатпаса(жатырмаса емес) қандай қалыпта екенін ажырату қиынға соғады. Сондықтан, ол жүрген жоқ деген болымсыз түр айтылмайды. Оның орнына болымды түрдегі қалып айтылады. Не отырады, не тұрады, не жатады. Мен жүрген жоқпын деп бірінші жақта айтсақ қалай болар екен?! Жүрмесен, қандай қалыпта екеніңді білмегенің бе? Осы тұста қалып етістіктерінің тікелей жіктелуі шақты емес (яғни,қимылды

емес), тек қимылдан кейінгі қалыпты білдіретінін қайталап айтқым келеді. Сонымен қатар, нақ осы шақ- тың (күрделі түрінің) болымсыз түрі көмекші етістіктен кейін жоқ сөзінің тіркесуі арқылы ғана емес(Ы.Маманов), негізгі етістікке -ма, -ме, -ба, -бе,-па, -пе қосымшаларының жалғануы арқылы да жасалады: Мен жазып отырған жоқпын - мен жазбай отырмын,сен жазып отырған жоқсың - сен жазбай отырсың, ол жазып отырған жоқ - ол жазбай отыр.

Өткен шақтың болымсыз түрі әр оқулық пен әр зерттеу еңбектерінде әркілі берілген. Жедел өткен шақ пен ежелгі өткен шақтың болымсыз түрі -ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе қосымшалары арқылы жасалады делінеді де, бұрынғы өткен шақтың болымсыз түріне ерекше тоқталады: ...бұрынғы өткен шақтың жоқ сөзі арқылы жасалған түрі тілімізде жиі қолданылады. Тіпті, ол жедел өткен шақтың болымсыз түрінің орнына да жұмсала береді. Мысалы, *көрмедім - көрген жоқпын, оқымадым - оқыған жоқпын* дегенде ешқандай мағыналық айырма жоқ. Бұрынғы өткен шақтың емес шылауы арқылы жасалған түрі «ешқашан» деген ұғымды білдіреді: Естігенім болмаса, Бұланбайды бұрын көрген емеспін (Ғ.Мүсірепов). Қазіргі қазақ тілінде бұрынғы өткен шақтың -ма,-ме формантты түрі сирек қолданылады (5). Ғалым өзінің бұл пікірінің себебін (неге сирек қолданылатынын) ашып көрсетпейді. Шынына келсек, өткен шақтың болымсыз түрі кей тұстарда -ма,-ме,- ба,- бе, -па, -пе қосымшаларымен жасалмайды. Әсіресе, диалогта бұл құбылыс анық байқалады: - Сен кеше ауырдың ба? -Ауырған жоқпын (ауырмадым емес),- Кітапты орнына қойдың ба? - Қойған жоқпын (қоймадым емес), -Мынаны кім жазған? -Мен жазған жоқпын (Мен жазбағанмын емес).

Біздің қосарымыз - бұрынғы өткен шақтың бұл болымсыз түрі (-ма,-ме формантты түрі) екен көмекші етістігімен тіркескенде осы шақты білдіретіндігі. Сен бұл әдетінді(әлі) қоймаған екенсің, ол да қоймаған екен. Бұған қоса, негізі көсемше тұлғалы күрделі етістіктер өткен шақтың болымсыз түрінде тұрғанда етістіктің болымсыз жұрнағын екеуіне алма-кезек ауыстырып жалғауға болатынына мысал келтіріледі: Ол келіп кетпеді. Ол келмей кетті(7). Бірақ барлық уақытта осылай болатынына қолданыстағы тілдік құбылыстар көне бермейді. Зерттеу әрекетінің ұсынған нәтижесі бар да, оны қолданыста жүзеге асыру әрекеті бар. Біріншісі - ғылымды негізге ала отырып зерттеу, екіншісі - қолданыстағы көрінісін зерделеу. Ол келіп кетпеді, Ол келмей кетті үлгісіне сүйеніп, көсемше тұлғалы күрделі етістіктің бәрі болымсыз жұрнақты талғаусыз қабылдай береді деуге болмайды. Мысалы: *Ол кіріп шықпады, Ол сұрап алмады үлгісіндегі болымсыз сөй- лемдерді Ол кірмей шықты, Ол сұрамай алды деуге келмейді.*

Келер шақтың болымсыз түрі барлық оқулықтар мен зертеу еңбектерінде, негізінен,екі бағытта қарастырылады. Біріншісі - болжалды келер шақтың болымсыз түрі, екіншісі - мақсатты келер шақтың болымсыз түрі. Әрине, болжалды келер шақтың

болымсыз түрі *-ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе* қосымшаларына *-с* жұрнағы жалғану арқылы арқылы жасалатыны белгілі: *айтпаспын, айтпассың, айтпас*. Бұл жасалу жолы, шынында да, болжау мәніндегі болымсыз келер шақты білдіреді. Ал келер шақтың бұл түрінің *емес* шылауы арқылы жасалған болымсыз тұлғасы болжау мәнінде екендігіне күдіктенесің: айтар емес, барар емес десек, болжаудан гөрі шартқа жақын ұғымды береді, яғни тіпті айтқысы, барғысы келмейтіндігін меңзейді. Мақсатты келер шақтың болымсыз түрінің барлық оқулық, зерттеу еңбектерінде бірдей үлгіде берілуі (айтпақ емеспін, айтпақшы емеспін, келмек емеспін, келмекші емеспін) ойландырады. Өйткені мақсатты келер шақтың ережесі: іс, қимыл, амалды алдағы уақытта істеуге, істі істеуші жақтың мақсат етіп отырғандығын білдіретін етістіктің түрі мақсатты келер шақ деп аталады (4). Ереже дұрыс берілген. Мақсат істің орындалғанына қатысты ойды білдіреді (орындалмағанына емес). Мақсат барлық уақытта болымды түрде қабылданады. Біз одан болымсыз түрдегі келер шақ жасағымыз келеді. Оқулықтың бәрінде болымсыз түрде, мақсатты келер шақта жіктелген етістіктерді береміз де, қолданыста жүзеге асқан үлгілерін көре алмаймыз. Мен саған ештеңе айтпақ емеспін, мен сені енді көрмек емеспін деген сөйлемдерден қандай болымсыз мәндегі мақсатты ұғынуға болады. Бұл тұста қалау мәні (ештені айтқым келмейді, көргім келмейді) зерделейсіз. Зерттеу барысында әр шақтың болымсыз түрі өз нысандарының аясынан шығып, өзге шақтың қызметін атқара беретіндігіне көз жеткіздік. Зерттеу мен зерделудің ара салмағын ажырату мен саралаудың жолын нақты мысалдармен айшықтауға тырыстық:

- Қос байпақты қосарлай кигендікі ме, сыртынан кебіс қаптаған зілдей сұр пима жүрісін мандытар емес (Жұлдыз, №3. 2004). Сөйлемдегі мандытар емес етістігі осы шақты білдіріп тұр. Зерттеу еңбектерінде болжалды келер шақ делінген.

- Осы аса қуанышты жәйт туралы кеңірек айтып бере алмас па екенсіз? (Жұлдыз, №7. 2006). Бұндағы айтып бере алмас па екенсіз етістігінің формасы болымсыз болғанымен, беретін мағынасы болымды. Болжалды келер шақтың болымсыз түрінің жасалу жолы болғанымен, «мүмкін, айтып берерсіз» деген үлгінің көрінісі.

- Елбасының жолдауымен, оның негізгі қағидаларымен жете таныстырылды десек, артық айтқандық болмайды (Жұлдыз, №7. 2006). Бұл сөйлемдегі етістік те болымсыз жұрнақпен келіп, болымды, ауыспалы осы шақтық мән беріп тұр.

- Павлодар жеріне келіп тұрып, Баянауылға қалайша соқпай кетпекпіз (Жұлдыз, №7. 2006). Әрине, соқпай кетуге болмайды. Міне, мақсатты келер шақтың орындалатын мақсатты қоюға міндеттейтінін осыдан - ақ байқауға болады.

- Саған тамақ әкелдім, ұмытып кетіпсің ғой (Жұлдыз, №3. 2004). Ұмытып кетіпсің - ежелгі өткен шақтың болымды түрі. Жасалуы - солай. Осы күрделі етістіктің екі сыңарына да етістіктің болымсыз

жұрнағын жалғай алмайсың. Зерттеу еңбектерінде ежелгі өткен шақтың болымсыз түрі бір ғана жолмен *-ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе* қосымшаларымен жасалады делінген. Саған тамақ әкелдім, ұмытпай кетіпсің десек те, Саған тамақ әкелдім, ұмытып кетпепсің десек те болмайды. Себебі - ұмытып кетудің өзі ешбір болымсыз жұрнақсыз, болымсыз мәндегі көмекші сөздерсіз - ақ болымсыз мәнді ұқтырады.

- Үйге түн ортасы ауғанда келді емес пе?! (Жұлдыз, №3. 2004). Беретін мәні - Үйге түн ортасы ауғанда келді ғой. Өткен шақ, болымды түрде берілген. Бұл сөйлемдегі емес сөзі - демеулік шылау. Ешқандай болымсыздық мәнді иеленбейді.

- Бала күлкіге тоймас// Жаман ұйқыға тоймас (мақал). Болжалды келер шақтың болымсыз түріндегі (формасы) мақал осы шақты білдіріп тұр (5). Осы шақ болғанда да - ауыспалы осы шақ: Бала күлкіге тоймайды// Жаман ұйқыға тоймайды.

- Әлгі қозышы бала бүгін неғып түскі тамағын алмай кеткен (Жұлдыз, №3. 2004) сөйлеміндегі күрделі етістіктің көмекші сыңарын да болымсыз түрге ауыстыруға болады: ...неғып түскі тамағын алып кетпеген.

Ал мына сөйлемдердегі күрделі етістіктер ондай қағидаға бағына қоймайды:

- Дәптердің шимайлаған парағын кеудесін қуана ұрғылаған жүрек тұсына қысып-қысып жібергенін өзі де аңғармай қалды (Жұлдыз, №3. 2004).

- Келін боп түскен сәтті әлі күнге ұмыта алмаймын (сонда).

- Қалай айтып қалғанын, қалайша батылданып кеткенін өзі де байқамай қалды (сонда).

Түйіндей айтқанда, шақ категориясының болымсыз түрі зерттеу еңбектері мен оқулықта берілген үлгілерінен әлдеқайда күрделірек көрінеді. Олардың көбісі шақ түрлерінің болымды тұлғасындағы ұғымының болымсыз мәнін бере бермейді. Яғни, осы күнге дейін оқытылып келген болымсыз түрдегі шақ категориялары күнделікті қолданыста көрініс таба бермейтіндігіне назар аударуға тура келеді. Біздің басты мақсатымыз да осы болды.

Әдебиеттер:

1 Сауранбаев Н. Қазақ тілі. - Алматы: Қазполиграф, 1953. - 220 бет.

2 Исаев С. Қазақ тілі. - Алматы: Ғылым, 1996. - 236 бет.

3 Қазақ тілінің грамматикасы. Морфология, - Алматы: Ғылым, 1967. - 264 бет.

4 Әбуханов Ф. Қазақ тілі. - Алматы: Мектеп, 1982. - 283 бет.

5 Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. - Алматы: Арыс, 2007. - 448 бет.

6 Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. - Алматы: Ана тілі, 1995. - 192 бет.

7 Ибрагимов Қ. Қазақ тілі. - Алматы: Шың- кітап, 2015. - 312 бет.

**Г.КАРМЕНОВА,**  
**«№3 жалпы білім беретін**  
**мектеп-кешен» КММ.**  
Семей қаласы

## **ОРАЛХАН БӨКЕЙ ӘНГІМЕЛЕРІ НЕГІЗІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН АРТТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ**

Оралхан Бөкейдің әдеби әлемі кез келген оқырманды бейжай қалдыра алмайды. Оқыған сайын қайта айналып оқи бересің, қарапайым қазақ ауылының бүткіл болмысы өзіңе таныс суреттер, оқиғалар тереңіне бойлай түсесің, қаланың мезі тіршілігінен қалт босағанда қолыңа алып ауылға деген сағынышыңды басқандай боласың.

Өзің ғана оқып қоймай оқушы көңілін де соған қарай аударғың келеді, сол мақсатты көздеп сабақ арасында, адамгершіліктің, қарапайымдықтың қасқа жолы, адамдар арасындағы қарым – қатынастың небір шұрайлы ойларымен бөлісесің, алайда бұның бәрі құрғақ, жалаң баяндау сияқты көрінген соң, «Ауыл хикаяттары» әңгімелерінен орта буын оқушыларына арнап «Көк тайынша» әңгімесі бойынша сахналық қойылым жасауды ұйғардым.

«Көк тайынша», «Бес тиын», «Апамның астауы», «Иағаң...» «Мәшәбинә», «Тоқадан қалған тұяқ», т.б. әңгімелері шындыққа қылдай қиянаты жоқ, әділдігімен, қарапайымдығымен бірден баурап алады.

«Көк тайынша» әңгімесінде: «Біздің үйдің керіскендей көк тайыншасын Ұзақ тауының бауырында ұрлап сойып әкеткен. Төрт сирағы, терісі, көзі алайған басы ғана қалған. Мал ашуы-жан ашуы деген ғой, әке-шешеміз қатты қапаланып, қайғырғаны болуы керек, үш күн сүт қатпай қара шай ішіпті... Көк тайыншаның орны бөлек еді-ау, қорамыздың бір бұрышы үңірейіп қалғандай болды»

Ұлттық мінез, салт-сана жарқырап, «Керіскендей-ау, керіскендей. Қайдан ғана қаңғып туғанын кім білсін, көрші- қоланның аузының суын құртатын әдемі еді-ай, жарықтық. Иә, ал енді «жарықтық .. келмеске аттаныпты. Кеше түсіме кірді: ақ бас қызыл бұзауы бар, таудан асып барады екен, Артына қарап мөңіреді де, көрінбей кетті... мәңгілікке...» Қарапайым ауыл адамдарының бір-екі ауыз сөзі арқылы жаз, күз, қыс, көктем бойы келіп-кетіп жүріп, «дайын асқа тік қасық» болып, үй иелерін тергей жүріп, ұрыны іздеген милиционер, тайыншасы қолды боп кеткен кемпір мен шалдың шыдамдылығы,

саликалы, сырбаз қазақи мінездің арқасында құдасына шындықты мойындатуы, үлкен азаматтықтың асқар биігі. Әлеуметтік тіршіліктегі қыж-қыж қайнаған ащы шындық Шыңғыстаудан арайлап шыққан күндей жарқырай ашылады.

6-7-сынып оқушылары үшін тәрбиелік мәні бар «Көк тайынша» әңгімесінің тілі жатық, ұғымға жеңіл болғандықтан оқушылардың қызығушылығы арта түсті.

Нәтижесінде «Көк тайынша» әңгімесі мектеп сахнасында оқушыларға қойылды. Кейіпкерлерінің табиғи тазалығы, әке болмысы, ұрлықтың өзін ешбір заңсыз-ақ мойындатуы, әсіресе, өз істеріне жауапсыз қарайтындардың тоғшар бейнесі шебер берілгендіктен, астарлы ой да оқушы көңіліне қона кетіп, нені алып, нені алмау керектігін өздері-ақ шешіп алады. Кейіпкер болып ойнап шығу арқылы, өздерінде талпыныс, дербестік пайда болды. Тағы да қойылым жасауға, ниет білдірді.

Өмірдің қайнар бұлағы, шығармашылық көзі –тіршілік. Талант тасада қалмай жарып шығуы керек. Тамырына нәр бармаған жеткіншек ұрпақтан не күтеміз? Нәріміз де, сәніміз де-ұлттық құндылық. Осыны жойып алмай тұрғанда оқушы ұғымына лайықтап тау тұлғалы, киелі сөз өнерін бойына жинап, артына өлмес мұраларын қалдырған қазақ елінің қаймақтарының шығармаларын насихаттау - ұстаздардың міндеті.

Оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін әңгіме жанрының ерекшелігіне тоқталып, оқыған шығармаларынан сөз мағынасымен, түсінбеген сөздерімен жұмыс жасау, танымдық қабілеттерін қалыптастырады. Мазмұны бойынша жоспар құру, тақырып бойынша сурет салу, өздерінің басынан өткен қызықты сәттерінен сөйлем құрап жазу, мәтін құрату жұмысы да, көркем шығарманы түсініп оқуға ықпал етеді. Белгілі бір аймақта қолданылатын сөздермен сөз мағынасы да қалыс қалмайды.

Қазақ халқының салт-дәстүрін, таным-түсінігін, адамдар психологиясын беруде Оралхан әңгімелерінің танымдық -тәрбиелік мәні зор. Неғұрлым қарапайымнан күрделіге өту, тұлғаның ой-өрісінің, есте сақтауының нұрлануына, таным белсенділігінің артуына, дербестігінің қалыптасуына ықпал етеді.

Оралхан Бөкей әңгімелерінде оқырман жүрегімен қабаттаса қабысып жатқан элементтер өте көп. Жақсылық пен жамандықтың бітпеспес тартысын кейіпкерлерінің ішкі дүниесіне үңіле, астарлы ойын әлеуметтік тұрғыдан жайып салады. Отансүйгіштік рухы мен мұңдалап тұратын әңгімелерінде жалын атқан жастардың отты сезімі, өмірге құштарлығы романтикалық сарыны мен драматизмі айқын сезіліп тұрады.

Оралхан Бөкей шығармаларын оқыған соң терең ойға қаласың, әдебиеттегі алатын орнының биіктігіне таң қаласың.

Әлия Бөпежанованың естелігінен: «Оралхан Бөкей – адамның абырой-мерейін, тектілігі мен сұлулығын, қорғаудан талмаған, үлкен гуманист суреткер. Оның қай шығармасы да осал емес, ерекше рух, энергетика бар». Шерхан Мұртаза: «Оралхан кітаптары өмір сүріп келеді. Олар жасқа-ақыл, кәріге-қуат береді. Бақытқа бақыт қосады.

Бақытсызға медет болады».

Рухани тұралап тұрғанда жаныңа азық болар, өлмейтін сөз қалдырып оқырманын он орап алар Кербұғысы, керіскендей кесек тұлғалы кербезі, ақсұңқардай ақиқат аласұрып кеуденен ұшып шығып мыңдардың жүрегін толқытты, жалғандық етек алғанда шынайы өмір туралы шығармаларды оқып тұшынасын. Оралхан әңгімелерінің танымдық ерекшелігі бір төбе, бала ұғымына лайық, астарлы ойымен қызығушылығын арттыра түседі. Тәлімі мен ұлттық құндылығы бірімен-бірі астасып, әрбір кейіпкердің іс- әрекетінен жарқырап асқақтай түсер тәрбиелік мәні де ерекше айқындала түседі.

Мектеп партасы да Оралхан шығармашылығын жақсы қабылдады, соған орай Оралхан Бөкейдің “Көк Тайынша” әңгімесі бойынша бір бөлімді төрт суретті қойылымды жазып, дайындап, мектеп сахнасына шығарған жұмысымды ұсынып отырмын.

Оралхан Бөкей «Көк тайынша» қойылым.

Автор – Абылай

Милиционер В.В.Окинков – Али

Әкесі - Қуаныш

Оқушы ұл – Әкежан

Шешесі – Ақсәуле

Мұғалима – Диана

Ұры – Орал

Қанат бауыры – Ерік

I. Қала. Жазушының бөлмесі. Үстел үстінде кітаптар, беті ашық жатқан дәптер, қалам, қарындаш. Қолында үшбу хаты бар (Оралхан) Абылай оқып тұр.

Абылай. «Мен бүгін ауылдан хат алдым. «Ең соңғы жаңалық» депті үшбу хатының соңында, біздің үйдің керіскендей көк тайыншасын Ұзақ тауының бауырында ұрлап сойып әкеткен. Төрт сирағы, терісі, көзі алайған басы ғана қалған. Мал ашуы-жан ашуы деген ғой, әкешеміз қатты қапаланып, қайғырғаны болуы керек, үш күн сүт қатпай қара шай ішіпті. Амал не?... Милицияға хабарлаған, әлі хабар жоқ. Көк тайыншаның орны бөлек еді-ау, қорамыздың бір бұрышы үңірейіп қалғандай болды».

II. Сахнада артқы фонда таулы өлке, табиғаттың тамаша бір суреті, жайылып жүрген малды ауыл бейнеленген баннер.

(Шал шығады. Қолында жүген, құла аттың тұсауын шешіп, жайдақ мініп, жер шолады.)

Абылай: Күн шықпай ерте біздің шал сауын сиырларын өрістен айдап қайтуға Ұзақ тауына беттейді. Малын түгендейді, көк тайыншасынан басқасы өрісте жүр. Ата-бабасы жайлаған таудың ұңғыл-шұңғылынан іздейді, алайда көк тайыншасын таба алмады.

Топтанып өскен қайыңның түбінде көк тас жататын сол көк тастың алқымынан қайнап бастау ағып жататын. Сол көк тас көк тайыншаның қанына былғанған. Көзі алайып, күзгі ашық аспанға тесіле қарап кесілген бас, серейіп төрт сирақ жағыр. Ұры бастаудың суын ластап, ішек-қарнына дейін аршып, терісін тұздап, керіп жайып кетіпті. Маңайы опыр-топыр тағалы аттың ізі түскен, соған қарағанда ұры екеу сияқты, сасқалақтап жүріп қамшысын тастап кетіпті. Қыркүйекте шақырған милиция қараша біткенде келді.

(Сары ала автобустан милиция формасын киген, қолтығында тері сөмкесі бар В.В.Окинков шалдың үйіне дайын тұрған ет пен шайдың

үстіне түседі. Ар жағына ел қонған соң, ләм-мим деп ештеңе сұрамай, жамбастай жағып көзі ілініп кеткен сәтте сабағынан үйге қайтқан Қанат кіреді.)

Бірінші сурет.

Ерік. Апа-а-а, мен келдім, мына милиционер біздің үйде неге ұйықтап жатыр.

Ақсәуле. Көк тайыншаны ұрлаған кісіні ізеп жүрген милиционер, ауданнан келді. (Дабыр-дұбыр етіп Ерік оятып жіберді. Көзін аша сала, жанында жатқан былғары сөмкесіне қол созады.)

Ақсәуле. Ұйықтасаншы, ұрыны іздеймін деп шаршадың ғой... (есіней сөйлеген ол қаламсабына жармасты.)

Али. Сонымен, сиырларыңыз қашан жоғалды?

Қуаныш. Осы бір жарым ай бұрын, (әкем оған жақтырмаған кейіпте насыбайын атады)

Али. Неге хабарламадыңыздар?

Қуаныш. Хабарлағанбыз.

Али. Да, да... қол тимейді. Ұры көп. Аты-жөніңіз? -дейді әкеме тіктей қарап.

Қуаныш. Райсов Исахан.

Али. Сіздің фамилияңыз, апа? (Шешем әкеме қарап)

Ақсәуле. Әй, шал, айтсаңшы, - дейді.

Қуаныш. Ол да Райсова.

Али. Дұрыс – сс ...с... Сиырдың жасы, түсі, ерекше белгілері...

Қуаныш. Үш жасар, көк, құйрығы шұбатылған ұзын, мүйізі әдемі келісті біткен керіскендей.

Али. Тұра тұрыңыз, (әкемнің сөзін бөліп), керіскендей деген белгі болмайды. Кім ұрлап сойды деп ойлайсыз?

Қуаныш. Шырағым-ау, кімнің ұрлағанын білсем, сендерден көмек дөметіп нем бар?

Али. Дұр-ы...с...ссс... Іздейміз, табамыз. Шеше, тағы бір кесе шай құйып жіберіңізші. Автобустан қалып қоймай тұрғанда қайтайын, асығыспын, жұмыс көп, ұрылар одан да көп.

Қуаныш. Балам, мына милицияны ана иттен шығарып жібер.

Екінші сурет.

(Содан ол ақпан айын орталап, қақаған қыста төбесін көрсетті. Шай қойылды, ет асылды, құрт қосқан сорпаны сарқа ішіп, жылқы етін жеп, көзі ілініп, қалғи бастады. Осы кезде есікті жұлқа тартып Қанат кіріп келді де, Окинков сасқалақтап атып тұрып, тапаншасына жармасты).

Ақсәуле. Ойбай, көтек! (бетін басып отыра кетті).

Қуаныш. Әй, кемпір, насыбай бітіп қалыпты ғой (қолындағы шыны сауытты домалата салды).

Али. Фамилияңыз, аты-жөніңіз? (есінеп қағаз-қаламдарын ыңғайлап жазуға дайындалады.)

Қуаныш. Райсов Исахан.

Али. Жасыңыз?

Қуаныш. Алпыс үштемін.

Али. Ұлтыңыз?

Куаныш. Қазақпын. (Бұл сөзді нығыздай айтты)  
Али. Аты- жөніңіз, жасыңыз, ұлттыңыз? (Шешеме қарап)

Ақсәуле. Құдай- ау, әнеугүні айтып едім ғой.

Али. Тағы да айтыңыз. (қатқыл дауыспен)

Куаныш. Райсова, жасы 65-те.

Али. Өзі айтсын.

Ақсәуле. Құдай-ау, қайын атамның атын қалай атаймын... Әй, шал...Тайыншамыз керіскендей, аузымызды аққа жарытайын деп тұрған асыл тұқымды мал еді.

Али. Керіскендей деген белгі болмайды.

Куаныш. Алғаш келгенде ұмытып кетіпін, шырағым, ұры қамшысын қалдырып кеткен. Міне. (Сегіз өрім тобылғы сапты қамшыны Окинковтың алдына тастады. Ол қамшыны әрі-бері айналдырып қарайды.)

Али. Бұл ауылда не көп, қамшы көп және бір-бірінен айнамайды. (Қамшыны қайтарып берді.) Іздейміз, табамыз. (орнынан асығыс тұрды, Қанат иттен шығарып салды.)

Үшінші сурет. Абылай. Қыс өтіп, жазғытұрым болды. Біздің үй көк тайыншаны да, былғары сөмкелі Окинковты да ұмытқалы қаша-а-н. Міне, осындай жазға салымның уайым- қайғысыз бір күнінде мұқыр мүйіз қызыл сиырдың уызын жеп, өзара шүйіркелесіп отырған қоңыр кеште ағаш есік сықырлай ашылып.

Али. Есесіздер ме, (Окинков дүрс- дүрс басып төрге өтеді.)

Ақсәуле. Құдай-ау, тағы да Әкімков қой? (қолындағы кесесін төңкеріп, шегініп кетеді.)

Куаныш. Ауданыңда не жаңалық? (әкем арадағы үнсіздікті бұзып.)

Али. Аманшылық, ақсақал... Көк тайынша табылған жоқ па?..

Ақсәуле. Соны сенен сұрайық деп едік... (шешем шаптыға сөйлеп.)

Али. Іздейміз, табамыз, жұмыс басты боп көпке дейін келе алмадым. Көрші ауылдағы бір семьяның соғымының еті ұрланыпты, соны іздеп әрең тауып бердік. Сөйтсем, өзі жоқта үйде қалған әйелі күнде асып жей берген соң, күйеуі шөптің астына тығып тастаған екен... әй, қазақтар-ай, қазақтардан бәрі шығады...

Ақсәуле. Ол оқиғаны мен де естігенмін, етті сен емес иті тауып алған. (Ас ішіп көңілі жайланған Окинков)

Али. Ал, басынан қайта бастайықшы (қағаз-қарындаштарын алып) Аты- жөніңіз, көк тайыншаның түр- түсі... (Әкем жарықтық шыдамды адам еді, бастан аяқ тәпіштеп айтып берді.)

Али. Дұрыс. Фамилияңыз? (шешеме қарап)

Ақсәуле. Әй, Әкемков, өз тайыншамызды өзіміз ұрлағандай бізді тергегенің не, осы? Сен келген сайын басымның сақинасы ұстайды. Көк тайынша да, сен де құры, кет өзің жынымың ұстатпай. (Ол үндеместен орнынан тұрып, есікке беттеді, босағада тұрған қалпында сөмкесін ақтарып, әкем жазған өтініш қағазды алып)

Али. (шешеме) Міне, арыздарың, енді өзің жоғалсаң да келмесің бұл үйге

Ақсәуле. Әдірәм қал, мені құдайдан басқа ешкім ұрлай алмайды. О, несі- ей!

Абылай. Осы күннің ертеңінде бастауыш класқа сабақ беретін

әпкем Аймен, мектепке барған соң, ұры ұмыт қалдырған қамшыны қолына ұстап алып, әр класқа кіріп шығып оқушылардан сұрапты.

Диана. Кәне, балалар, мына қамшыны танитындарың бар ма? (бас-басынан сұрап шығады. 3-ші класқа кіргенде мұрнын үнемі жеңімен сүргіп отыратын қара ұл)

Әкежан. Ой, мұғалима, бұл- папамның қамшысы ғой, былтыр жазда ағам өріп берген.

Абылай. Жеті ай милиционер іздеген ұры жеті минутта табылды. Мұрнын жеңімен сүрте беретін қара ұлдың папасы бұл үйдің құдасы, сыйлас адамы, сондықтан жабулы қазан жабулы күйінде қалды.

Төртінші сурет.

Абылай. Жаз шығып, ел-жұрт шөп науқанына кіріскенде, әкем шалғысын шыңдап, пішен орауға шыққан. Мосыға шәугім іліп, шай қойып, дем алып отырған, тоғай арасынан салт атты адам шығып әкеме келді. (Бұл көк тайыншаның обалына қалған құдасы, асықпай амандасып, шөптің сабағын ауызға салып, тістелеп жеңіл күрсінгендей болды.)

Орал. Құда, сіз маған өкпелеп жүрсіз, білем.

Куаныш. Неге өкпелеймін.

Орал. Жоқ, жасырмаңыз, өкпелеп жүрсіз. Болар іс болды, көк тайыншаңызды мен ұрлаған едім, оны өзіңіз де сездіңіз.

Куаныш. Оны кім айтты саған?

Орал. Екі дүниеде де ризамын, сізге, біле тұра тіс жарып ешкімге айтпадыңыз. Мені мойындатып, аяғыңызға жыққан- дәтіңіздің беріктігі. Басқа біреу болса ғой, қалмақ қайта шапқандай мұқым ауданға жар салар еді. Рақмет сізге, құдайдың құдіреті, бала жастан әдетім – бірдене ұрламасам, тыныш ұйықтай алмаймын, жоқ дегенде өзімнің қойымды өзім қорадан ұрлап шығып тауға апырып сойып әкелетінімді қайтерсіз.

Енді осымен бітті. Сіз үнсіздігіңізбен, шыдамдылығыңызбен жеңдіңіз мені. Құда, көк тайыншаның бодауына 10 сиыр берсем де қайтара алмаспын, қайтара алмаспын.. бала- шаға көп... бір үйде өзім ғана бас көтерем.. қайтара алмас та едім. Мынаны шөп шапқанда киерсіз. (алды ашық жеңсіз көйлекті қойнынан суырып алып береді.)

Куаныш. Рақмет, құда бұл да болса жөн білгендігің. (Ол атына мініп, ұзап кетіп қайта оралады.)

Орал. Байқамай, қонышыма тыға салыппын. Кешіріңіз, әдет қой. (керзі етігінің қонышынан әкемнің қамшысын суырып алып береді.)

Куаныш. Қайтқан малға береке, ұрлап кетсе қайтер едім. (құдасының соңынан қарап тұрады.)

Әдебиеттер

1 Бөкей О. Таңдамалы шығармалар, 2-том, -Алматы: ҚАЗАқпарат, 2003. Б 6-14.

2 «Аңыз адам» журналы. -Алматы. 2013. №15, тамыз.

3 Әшімханұлы Д. «Мен журналистпін, одан соң ғана жазушымын» естелігінен «Аңыз адам» №15, 29 бет

4 Кемелбаева А. «Оралхан Бөкей әңгіме жанрында» «Ертіс өңірі» газеті, 2003. 18 қыркүйек.



О.АБДУЛХАНОВА,  
№19 мектеп.  
Түркістан қаласы

## ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТІЛ БАЙЛЫҒЫН ДАМУ

*Тілден биік асқар жоқ,  
Тілден асқан байлық жоқ,  
Тілден терең теңіз жоқ.  
(Ф.Мүсірепов)*

XXI ғасыр өзіне артылған жауапкершілікті көтере отырып, жас ұрпақтың өркендеп өсуіне, тіршіліктің дамуына көңіл бөліп отыр. Тарихтың да өз кезегінде көтерер жүгі аз емес. Халқымыздың өткені мен ертеңі осы тарих беттерінен орын алмақ. Әр кезең түрлі оқиғалар желісімен адамдардың санасына жол табады.

Ғаламшарымызда қазақ елі ойып тұрып орын алған. Сол жердің құнарынан нәр алып, бүгінгі жас ұрпақ өсіп келеді. Болашақта бірі қала тұрғызар, енді бірі жүрек сырын шертер ақын болар, бәлкім.

Адамға ауадай қажет рухани құндылық жайлы сөз еткім келеді. Шәкірттің сауатын ашуда ұстаздар қауымының еңбегі ерен. Ағарту ісінде ғасырлар бойы жинақталған інжу-маржандарымызды таразылай бастаймыз. Сөйтіп, ой сүзгісінен өткізіп оқушыға саф алтындай сөз асылын беруге тырысамыз.

«Сөз халқымыздың қымбат асыл байлығы. Мен оларды адамдар тәрізді елестетем. Олардың да жаны бар, қаны бар. Олар өмір сүреді. Жаксы жазушы үздік қолбасшыдай. Сөздердің басын қосып, жұмылдыра біледі. Ал ынтымақпен бірігіп жалын атқан сөздерден артық күшті нәрсе жоқ. Батыр да дара емес, елімен бірге емес пе?» деген Бауыржан Момышұлының сөзінде терең мән жатыр. «Қаһарман сөз қамал бұзады» деген халық даналығы да бекер айтылмаса керек.

Жалпы, қазақ тілі сабағында тіл дамыту – оқытудың, білім мен тәрбие берудің ең маңыздысы да салмақты мәселесі. Ол арқылы шәкірттерді тіл өнеріне баулу, қазақ тілінің қыры мен сырын көркем етіп жеткізе білу, мәдениетті де сауатты жаза білу іс-әрекеттері жүзеге асады.

Бәрімізге белгілі болғандай, тіл – бүкіл тіршіліктің алтын қазығы. Тіл – ғылымның барлық саласында қызмет атқаратыны тағы бар. Енді оқушылардың тілдік қорын байыту неге керек? Кез келген саналы адам қоғамда көпшілікпен бірге өмір сүріп, қызмет ету үшін, жетістіктерге жетіп, биікті бағындыру үшін ең әуелі сауатты әрі мәнді сөйлеуі шарт. Осы орайда мектеп мұғалімінің әрқайсысының атқарар рөлі ерекше. Қазақ тілі сабағында тіл мен сөйлеу үрдісін екі бөлек оқытқан абзал: оқушының дұрыс сөйлеуіне көңіл бөлу қажет. Осы кезеңде бірнеше әдістерді қолдана отырып, оқушыны шындауға болады:

1. Сөйлеуге;
2. Өз ойын еркін жеткізу;
3. Жаза білуге үйрету.

Бұл үрдісті іске асыру барысында мұғалім мен шәкірт арасында коммуникативті қарым-қатынас орнатылады. Оқушымен жұмыс жасауда материалды игеруге негізделген жаттығулардың пайдасы мол. Әр түрлі жаттығудың өзіндік мақсаты бар. Ол баланың жас ерекшелігіне, қабілетіне қарай бағытталғандықтан, оқушыға орындауы керек міндет қояды.

Мұғалімнің шеберлігі – оның кәсіби қызметін жаңартушы және сатыланып жоспарланған нәтижеге жетуге мүмкіндік беретін іс-әрекеттер жиынтығы. Сабақты түрлендіріп өту, көрнекілікті пайдалану, жаңа технологияны қолданудың берері мол. Олардың өзін бірнеше кезеңдермен іске асыруға болады.

- 1-кезең – оқып үйрену.
- 2-кезең – меңгеру.
- 3-кезең – өмірге ендіру.
- 4-кезең – дамыту.

Осы айтылған ойларымды өзімнің күнделікті ұстаздық тәжірибемде көп қолдандым, әлі де қолданып келем. Сабақты өту барысында алдымен жаңа сабаққа деген оқушы қызығушылығын, белсенділігін арттыру өте маңызды. Бұл кезеңде жаңа сабақты бастамас бұрын түрлі логикалық сауалдар бере отырып, оқушының нені білетінін, не қызықтыратынын аңғаруға болады.

Мәселен: бесінші сыныпта Мұқағали Мақатаевтың «Үш бақытым» өлеңін өткен кезде алдымен оқушыдан ақын туралы не білетіндігі сұралады. Олар оның өмірбаянынан қысқаша ғана ақпар береді. Ал мұғалім оқушы ойын толықтырып, төмендегіні жеткізеді:

Келесі кезекте ақынның өмірі жайлы қысқаша тоқталған соң, оның шығармашылығын талдаймыз. «Наурыз айы» өлеңінде табиғаттың жыл мезгілдерінің бірі – көктем туралы жырлайды. Ақпан айында күннің ызғары сынып, күннің көзі жылына бастайды. Қыстың соңғы айы болғандықтан, әлі де бір қысып алайын деп, кейде суытып кететін күндер де болады. Қыспен қоштасу қиындау болады.

Көктем келіп, шатырдағы мұздар ери бастайды, ал ақын қиылып, жылап тұрып жырлайды. Көктем келіп жан-жануарлар ұйқысынан оянады. Міне, табиғаттың көктемгі тіршілігінде көптеген өзгерістер болады. Ағаштар гүлдесе, дихандар жер жыртады, ұсақ мал төлдеп, қорада шу болады. Өлеңнің сюжеті ақпан аяқталып, наурыздың келуі, мұздар еріп, қыс шапанын шешуі. Шатырларда мұздың еріп, қысты қимай қоштасып жылауын суреттейді. Шығармада кейіптеу орын алған өлеңде көктемнің шуақ құрып, туған жерге келуі, оның салтанатты серуендеуі осының куәсі. Мұз көрпесін лақтыру – кейіптеу. Ой мен қырдың атасын қия алмай жүрген қыстың бейнесін көреміз. Бұл ретте кесте сызу арқылы білімгерлердің қай өлеңді білетінін, қайсысын білгісі келетінін анықтаймыз.

БІЛЕМІН	БІЛГІМ КЕЛЕДІ	ҮЙРЕНДІМ

Осы кестені толтыра бастайды. Оқушылар өз білімдерін жазған соң

«Білгім келеді» бөлігіне түрліше жаза бастайды.

Оқушы пікірі бөлімінде бүгінгі сабақта М.Мақатаев туралы алынған мәліметті түсіреміз.

Қорытындылау бөлімінде «Үйрендім» деген ұяшықты оқушылар толтыруы тиіс.

Сабак барысында мұғалім Мұқали шығармаларының халық арасына кең тарағанын, оның қазақтың қара өлеңіне шекпен жауып өзіне қайтарғаны, табиғат пен адамдар арасындағы тіршіліктің, келісімнің жаршысы екендігін түсіндіріп өтеді. Сондай-ақ, «Тау», «Сәби болғым келеді», «Болашаққа арыз жазып кетейін», «Киелі жер» өлеңдерін оқушыларыма мәнерлеп оқып беремін. Осындай мәнерлеп оқудан әсерленген шәкірттеріміз «Біз де өлең жаттаймыз» деген кездері болды. Себебі, шәкірттердің ұстазына қарап бой түзеуі заңдылық. Сөйтіп, келесі сабақта әрқайсысы 5-6 өлеңнен жатқа оқиды.

Сонымен қатар жазушылардың шығармаларындағы кейіпкерлердің жағымды-жағымсыз бейнесі оқушылардың жан дүниесіне әсер етеді. Шығарманың авторына, кейіпкерлеріне деген пікір қалыптасады. Ой толғаныс үстінде шығармашылық жұмыс ұйымдастырылып отырады. Балалар өзіндік көзқарастарын дәптер бетіне түсіреді.

Тахауи Ахтановтың «Күй анызы» әңгімесін алып қарастыралық. Туындыдағы кейіпкерлер, ондағы күйдің шығуы, нарды идіргені, күйге иіп тұрған нарды қыздың саумай қоюын автор жүйелеп келтірген осы тақырыпты жан-жақты талдай отырып, әрбір күйдің шығу тарихына тоқталамын. Қорқыттың «Аққу», «Башпай», «Желмая» күйлерін таныстырып айтуға болады. Осы секілді жұмыстар оқушының жеке көзқарасын, ойлауын, дүниетанымын кеңейтеді.

Оқушының сөздік қорын, сөйлеу тілін дамытуда көрнекілік пайдалануға болады. Мәселен, «Зымыран сұрақтар», «Кім жылдам?» ойындарының тілді дамытуға пайдасы зор.

Ата-бабалардан мұра болып келе жатқан мақал-мәтелдеріміз бар. «Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін» бір ауыз сөзбен жеткізе білген қасиет тек қазақ халқына ғана тән. Мен, өз сабақтарымда оқушылардың тіл байлығын дамыту барысында бірнеше жұмыс түрлерін пайдаланамын:

1. Тіл туралы мақал.
2. Отан туралы мақал.
3. Ата-ана туралы мақал.
4. Еңбек туралы мақал.

Осыдан соң әр мақалды тақырып етіп алып, соған байланысты мәтін жазуға тапсырма беремін.

Оқушы сөздерді бір-бірімен байланыстырып шағын мәтін жазады. Тілді дамыту, сөздік қорды қалыптастыру – ұстаздардың басты міндеті. Елбасы қазіргі таңда тілді дамыту мәселесін бірнеше кезеңге бөліп отыр. 2020 жылдарда қазақ тілінің дамуына бағдарламалар жасалынған.

PS: Қазақ тілінің болашағы – қазақ тілінде.

Сөз соңында ойымды еліміздің көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлының мына сөзімен аяқтасам деп едім: «Дауға салса алмастай қиған, сезімге салса қырандай қалқыған, ойға салса қорғасындай балқыған, өмірдің кез келген орамында әрі қару, әрі қалқан, әрі батыр, әрі жас, отты да ойнақы ана тілінен артық қазақ үшін бұл дүниеде қымбат не бар екен?!»

**А.УТЕГАЛИЕВА,**

**№1 орта ЖББМ.**

Батыс Қазақстан облысы,

Орал қаласы

## **ЗАМАНАУИ САБАҚТЫҢ САПАСЫН АРТТЫРУДАҒЫ ОЙЫН ЭЛЕМЕНТТЕРІНІҢ ТИІМДІЛІГІ**

Қазіргі заманда Қазақстанның өзіне тән ұлттық сипаты бар. Білім беру жүйесін одан әрі дамыту, білім беру саласында әлемнің басқа да алдыңғы қатарлы беделді де белді елдерімен қатар жұмыс жасау, білім беруді бүкіл әлемдік деңгейге көтеру, білім беру ісінде әлеуметтік кеңістікке шығу алдындағы тұрған міндеттер.

Бүкіл дүниежүзілік білім беру кеңістігіне кіру мақсатында қазіргі кезде Қазақстанда білімнің жаңа жүйесі құрылуда. Бұл үрдіс педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіне нақты өзгерістер енгізумен қатар, елімізде болып жатқан түрлі бағыттағы білім беру қызметіне жаңаша қарауды, қол жеткен табыстарды сын көзбен бағалай отырып саралауды, оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуды, мұғалім іс-әрекетін жаңаша тұрғыда ұйымдастыруды талап етеді. Қазіргі таңда Қазақстанда білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі қалыптасуда. Бұл үдеріс білім парадигмасының өзгеруімен қатар жүреді. Білім берудегі ескі мазмұнның орнына жанасы келуде. Я.А.Коменскийдің, И.Герbartтың дәстүрлі объект- субъектілі педагогикасының орнын басқасы басты, ол балаға оқу қызметінің субъектісі ретінде, өзін - өзі өзектілендіруге, өзін танытуға және өзін - өзі жүзеге асыруға ұмтылатын дамушы тұлға ретінде қарауға бағытталған. Мұндай жағдайда педагогикалық үдерістің маңызды құрамы оқу ісіндегі субъектілер – оқытушы мен оқушының тұлғалық бағытталған өзара әрекеті болып табылады.

Бүгінгі мектептің, мұғалімнің ең басты қасиетті міндеті – рухани бай, жан-жақты дамыған дарынды тұлға қалыптастыру. Рухани байлық ең алдымен әр халықтың ұлттық әдет-ғұрпы, әдебиеті, мәдениеті, өнері шыққан түп тамырында екендігі. Сол ұлттық байлықты бүкіл азаматтың өз ұрпағын тәрбиелеудегі, білім берудегі озық ұстанымдармен байланыстыра отырып, әр баланың жол ашуына түрткі жасау – міне, бүгінгі білім беру, тәрбие ісінің басты міндеті.

«Сабақ беру – үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол жаңадан жаңаны табатын өнер», - деп Жүсіпбек Аймауытов өткен ғасырда айтқан екен. Ұстаз күнделікті сабақты өткізуде қиыннан қиыстырып, бала жүрегіне жол таба білуі керек. Әр ұстаз алдында отырған балаға сабақты әр түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, білімді жүйелі де терең беруге тырысады. Білім беру барысында әр баланың психикалық, физиологиялық деңгейін ескере отырып, тілге деген қызығушылықтарын арттыру, патриоттық сезімдерін ояту, дарындылығын айқындау басты ұстаным. Оқушылардың ойлау қабілетін дамыту үшін қазақ тілі сабақтарында

жаңа әдістерді тиімді қолдану – мұғалім жұмысының нәтижелі болуына, оқушыны өзіндік ізденіске ұмтылдыруға, алған білімін тиянақтауда тигізер ықпалы зор. Мектептегі оқушы өмірінің көп бөлігі 45 минуттық сабақ кезінде өтеді. Міне, осы кезде оқушы тек білім алып қана қоймай, тақырыпты шығармашылықпен зерттей білуге үйренуі керек. Білімді алуда іс-әрекетке үйренген баланың бойында алған білімі ұзақ уақыт сақталады және ол жұмыс істеуге, ізденуге, таңдауға, т. б. үйренеді. Сол үшін ескі дәстүрлі сабақтан қашып, ең озық, тәжірибеден өткен технологиялардың бірінің тиімділігін сәйкес таңдау педагогтің туады. Біркелкі сабақ оқушыны зерігу мен жайбарақаттылыққа алып келеді. Ал зерігу болған жерде шығармашылыққа жол жоқ. Әрбір ұстаздың мақсаты - сабақ сапасын көтеру, түрлерін жетілдіру, сабаққа оқушының қызығушылығын арттыру. Сондай-ақ бүгінгі таңда елімізде арқылы мазмұны жаңартылып, сабақтарда озық технологияларды қолданудамыз. Сондай технологияның бір түрі - «Ойын арқылы оқыту» технологиясы. Балаларды оқытуда және тәрбиелеуде ойынның ролі педагогикада бұрын да, қазір де қарастырылып келеді. Алдыңғы қатарлы педагогтің бәрі де ойынды нағыз керекті және маңызды іс - әрекет деп түсінеді.

Ойын - балалардың шынайы және ойлап тапқан шындығына тез, еркін енуіне, өзіндік «Менін» қалыптастыруға және шығармашылыққа, белсенділікке, өзін-өзі дамытуға мүмкіндік береді. Ойындар арқылы балалардың мінез-құлқы мен іс-әрекеттері реттеледі. Ойын іс-әрекетінің мотивациясы еркіндікті, таңдау мүмкіндігін, қажеттілігін, өз-өзіне сенімді, өзін-өзі дамытуын қамтамасыз етеді.

Ойын – балалардың негізгі іс-әрекетінің бірі. Балалар ойын барысында өздерін еркін сезінеді, ізденімпаздық, тапқырлық әрекетін байқатады. Ойнау кезінде бала қуаныш пен реніш сезіміне бөленеді. Ойын баланың ойлау қабілетін дамытады, сөздік қорын толықтырады, түрлі дағды мен шеберлікті меңгертеді, қиындықты жеңуге, төзімділікке баулиды. Ойынның негізгі мақсаты – баланы қызықтыра отырып, өткен тақырыпты берік меңгерту, берілген білімді саналарында сақтап қалулары үшін жұмыс жасау. Яғни, ойынның пәндік мазмұны басты назарда болуы керек. Тек сол жағдайда ғана ойын оқушылардың ойлау қабілетін дамытып, білімділік, тәрбиелік мақсаттарға жетуге септігін тигізеді.

Ойын балалар үшін оқу да, еңбек те болып табылады. Ойын-айналадағы дүниені тану тәсілі. Ойын балаларға өмірде кездескен қиыншылықтарды жеңудің жолын үйретіп қана қоймайды, ұйымдастырушылық қабілетін қалыптастырады. А. С. Макаренко: «Ойын - балалар өмірінде өте маңызы зор нәрсе, үлкендердің қайраткерлігі, жұмысы, қызметі қандай маңызды болса, балалардың ойыны да сондай маңызды. Ойында бала қандай болса, өскен кезде жұмыста да, көбінесе, сондай болады. Сондықтан болашақ қайраткер, ең алдымен, тәрбиені ойын арқылы алады.»- деп балалар ойынын жоғары бағалаған.

Тиімді қолданылған ойын мұғалімнің түсіндіріп отырған материалын оқушылардың зор ынтамен тыңдап, берік меңгеруіне көмектеседі. Өйткені төменгі сыныптағы оқушылардың аңсары сабақтан гөрі ойынға ауыңқырап тұрады. Қызықты ойын түрінен кейін олар тез сергіп, тапсырманы ықыластана әрі сапалы орындайтын болады. Әрбір ойынның бала үшін білімділік мақсаты ғана емес, тәрбиелік, танымдық мақсаты зор.

Ойындарға қойылатын талаптардың өз алдына жеке мақсаттары бар.

Олар: - ойынның мақсаты нақты әрі керекті көрнекіліктер мен материалдар күн ілгері дайындалып қойылуы керек;

- ойын ережелері оқушылардың түсінуіне оңай, қарапайым әрі шағын болуы тиіс;

- ойынға оқушылардың түгел қатысуын қамтамасыз ету;

- ойын барысында мұғалім балалардың түгел қатысуын қадағалаумен қатар, олардың ойын үстінде шешім қабылдай алуларына, ойлана білулеріне жол көрсетуі қажет;

Сабақта ойын элементтерін пайдалану – сабақтың формалары мен әдістерін жетілдіру жолындағы ізденістердің маңызды бір бөлшегі. Ойын элементтерін оқу үрдісін пысықтау, жаңа сабақты қорытындылау кезеңдерінде, қайталау сабақтарында пайдаланған өте тиімді. Ойын элементтерінің материалдары сабақтың тақырыбы мен мазмұнына сәйкес таңдалынып алынса, оның берер пайдасы мол, танымдық, тәрбиелік маңызын көтерері анық. Оны тиімді қолдану мен іске асыру сабақтың әсерлігін, тартымдылығын дамытып, оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтарын арттырады.

Грамматикалық ойындар еркін шығармашылық іс-әрекет ретінде оқушы ойын, қиялын дамытып сөздік қорын молайтып, өз бетімен ізденуге, еңбектенуге дағдыландырады пайдаланған өте тиімді. Ойын деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттырып, ойлау қабілеттерін дамытып, ұжымшылдыққа, жылдамдыққа баулиды. Оның үстіне оқушы іскерлікпен түрлі дағдыны меңгеріп, бекітуді, қорытынды жасауды үйренеді. Кез-келген сабаққа даярлағанда іскерлік ойындардың мақсат – міндеттерін анықтап алу керек.

Сонымен балалардың сөздік қорларын дамытуда ойындарды тапсырма-жаттығуларды қолдану үлкен нәтиже береді. Ойын арқылы балалардың сөздік қоры дамиды, ауызша сөйлеу машығын игереді, таным белсенділіктері қалыптаса түсіп, ақыл-ойы өсіп жетіледі, әрі адамгершілік қасиеттерді бойына сіңіреді. Міне, сондықтан да оқу-тәрбие үрдісінде әр түрлі ойындар арқылы баланы жан-жақты дамыту ісіне ерекше көңіл бөлемін және бұл менің ең негізгі алдыма қойған мәселем.

Сол себепті нақты нәтижеге қол жеткізу үшін ойын технологиясын қазақ тілі сабағында пайдалану тиімді екенін атап өткеніміз жөн.

Білімді ұрпақ тәрбиелеу баршамызға жүктелген міндет екенін есімізден шығармайық!

В.А.Сухомлинскийдің сөзімен айтқанда: «Ойынсыз ақыл - ойдың қалыпты дамуы да жоқ және болуы да мүмкін емес. Ойын дүниеге қарай ашылған үлкен жарық терезе іспетті, ол арқылы баланың рухани сезімін, өзін қоршаған дүние туралы ұштастырады. Білімге құмарлық пен еліктеудің маздап жанар оты»,- деген екен.

Тілге деген қамқорлығымыз көздің қарашығын аялағандай болуы керек. Халқымыздың қамын жеген ағамыз Мағжан Жұмабаев «Таза, өткір, терең, күшті, кең тілім» деп ерекше бағалаған қазақ тілін өркендетуге үлес қосайық дегім келеді.

Сабақта қолданып жүрген ойын түрлері.

Фонетика саласы бойынша «Кім жылдам?» ойынын ойнатуға болады.

• Қ әрпінен басталатын қалалардың атын жаз. Мысалы: Қарағанды, Қызылорда, Қостанай.

• Тек қана е, ы, і дауысты дыбысы бар сөздер ойлап жазыңдар: Мысалы:

ы - ыдыс, Ыдырыс, ыстық, I - ілгіш, ірімшік, тіршілік. е - береке, текемет, ертең.

• Қай жағынан оқыса да мағынасы өзгермейтін сөздер ойлап жаз.  
Мысалы: нан, қазақ, қырық

«Адасқан әріптер» ойыны дыбыстарды тиісінше тіркестіріп сөз жаса.

• р, о, б.- бор

а, ш, а, ғ- шаға

«Қай буынды жоғалттым?» оқыта-үйрету ойыны.

5-сыныпта буындарды өтіп, сөздерді дұрыс бөлуге жаттықтыру үшін алғашқы ойын тәсілін пайдалануға болады. Мысалы: қалам, мектеп, досым сөздеріндегі қа... , ... теп, дос... жазылмаған буындарды дұрыс, шапшаң, әрі көп тапқан оқушылар ұтады. Бұл ойынды интерактивті тақтада өткізген әсерлі, әрі тиімді болып табылады

Лексика саласы бойынша

«Ойлан тап» ойыны.

• Біріккен сөздің бірінші түбірі тағам сөзімен синонимдес, екінші түбірі – тағам ыдыстың аты. Ол қай сөз? Асқазан

• Бір сөз сын есім мен зат есімнен бірігіп келіп, бір аңның атын білдіреді? Ақбөкен

• Республикамыздағы қандай қала, өзен аттары біріккен сөз түрінде айтылады? Жетісу, Талдықорған

«Ойна да ойлан» ойыны.

• адамның туыстық атауларын білдіретін зат есімдерді жаз.

• қолмен ұстауға, көзбен көруге болатын зат есімдерді жаз

• «Кім тез тауып, оқи алады?» ойыны. Мына сөйлемдерде сөздердің орын тәртібі ауысып жазылған. Оны тиісті тәртібіне келтіріп, кім тез тауып оқи алады? Абай жайында баяндама біз өмірбаяны тындадық.

• «Ұйқасын тап ойыны». Өзінше ноян, Қорқақ кім?.. қоян.

"Баға алмас түлкі,

Үсті тікен.. кірпі

• «Жалғасын тап ойыны»

• Атаңның баласы болма, /адамның баласы бол/

«Сөз қуаласпақ ойыны».

Ойынның шарты: 1-қатардағы оқушыларға «бастауыш», 2- қатарға «баяндауыш» деп ат қойылады. «Бастауыштар» сөйлемде бастауыш болатын сөздерді айтады, «Баяндауыштар» оған қимылды білдіретін сөздерді қосып, сөйлем құрайды.

«Суретті билет» оқыта-үйрету ойыны.

Сан есімді өткенде оқушыларға суреті бар кәртішкелер беріледі. Сөйлем құрап, сан есімді табады. Мысалы: оқушыларға гүл, торғай, қоян суреттері беріліп, солар бойынша заттың түрі мен түсі туралы сөйлем құрау тапсырылады.

Сөйлемді тез, дұрыс құрап, ондағы заттың түсін білдіріп, қандай? деген сұраққа жауап беріп, сын есім болып тұрғанын айтып берсе, сол бала жеңеді. Мысалы: *Әдемі гүл өсіп тұр. Бір торғайға ұя жасадық.*

Соңында күтілетін нәтиже:

оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артады;

берілген тапсырмаларды қосымша шығармашылықпен орындайды;

Қазақ тілі пәніне қызығушылығы артады;

Мемлекеттік тілді құрметтеуге деген жауапкершілік сезімдері дамиды.

Өз туған жеріне деген мақтаныш, махаббат сезімдері одан әрі нығаяды.

**А.КИСТАУБАЕВА,**

**Т.Г.Шевченко атындағы орта мектеп.**

Ақтөбе облысы,

Әйтеке би ауданы

## ОҚУ МЕН ЖАЗУ АРҚЫЛЫ СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУҒА ҮЙРЕТУ

<b>Мақсаты:</b>	Сын тұрғысынан ойлауға үйрету туралы түсінік беру, іс-тәжірибесіне енгізуге ықпал жасау; пайымдау, тұжырым жасау немесе проблеманы шешу, рефлексиялық тәсілмен қалай істеуге болатындығын анықтау. Ұстаздарға СТО модулі туралы ақпарат беру; СТО модулі туралы түсініктерін кеңейту, білімдерін тиянақтау; Оң көзқарас, ұжымдық рух қалыптастыру. Тренингтер мен ойын түрлерін, тапсырмаларды талқылау үшін тыңдаушылардың топтарда бірлесіп жұмыс істеуі. Әр тыңдаушының тапсырманы орындау негізінде ойларын, сезімдерін білдіруі.
<b>Міндеттері:</b>	Мұғалімдердің сын тұрғысынан ойлауын қадағалап үйренуіне жол ашу.
<b>Күтілетін нәтиже:</b>	Мұғалімдердің сын тұрғысынан ойлауды дамытуды саналы және оймен қабылдауын көздеуі; Жаңа әдісті тәжірибесінде пайдалануға қадам жасауы. Сын тұрғысынан ойлау әдістерінің оқу үрдісін дамытуға қажеттігін түсініп, оқу үрдісінде қолдану жолдарын меңгереді.
<b>Коучингте туындаған негізгі идеялар:</b>	Әлемнің қарқынды өзгеруі жағдайында мұғалімдерге қойылатын жаңа талаптар жаңа талаптар жағдайындағы түсінігін қалыптастыру; Мұғалімдерді табысты жұмыс істеуге дайындау; Мұғалімдердің нәтижелі іс-әрекеттері негізінде оқушылардың оқуға қызығушылығын арттыру және алған білімдерін болашақта қолдана алуына бағыттау.
<b>Тапсырмалар: «Ақ тілек» тренингі (5 мин)</b>	Бүгінгі коучингімізді әдеттегідей тренингтен бастайық. Қонақтар мен мұғалімдер «Шаттық шеңберін» құрайды. Шеңберіміз - көктегі жылу беретін күн тәрізді дөңгелек. Шеңберге тұрып біз- бір-бірімізге жылылық, жақсылық сыйлайық. Стикерлерге жазылған сөздерді қосып айту арқылы тілектер айтады. Еркін атмосфера орнату, жақынырақ танысу, коучингке қатысушы мұғалімдер бір-бірінің қасиеттерін тану, білу мақсатындағы қарым- қатынас мәдениетін орнықтыру. «Гүлзар бағына» қонаққа барып қызыл және сары гүлдерді таңдау арқылы топқа бөлініп отырады. Сары гүл - байлықтың, молшылықтың нышаны, қызыл гүлді таңдағаныңыз – бақытқа, қуанышқа кенелгеніңіз. Жастар қарқынды өзгеріп жатқан әлемде өмір сүріп қана қоймай, бәсекеге қабілетті бола алуы үшін мектептерге өз оқушыларына өзге қасиеті дағдылар мен білім беру қажет. Сондықтан, бүгінгі коучингіміздің дәйексөзі ретінде Конфуцийдің «Маған айт, мен ол жерде ұмытатын; Маған көрсет, мүмкін есте сақтармын; Маған әрекет ету мүмкіндігін бер, мен үйренемін» деген даналық сөзімен бастаймын.

<b>Қызығушылығын ояту.</b> (20 минут) <b>«Болжам» әдісі</b> (15 мин)	Мария Төлекованың «Боз орамал» бейнетаспа көрсетіледі. «Боз орамал» шағын әңгімесінің аудио жазбасын тыңдағып, белгілі жерінде үзіп, жалғастырту. 1. Жазғандарын оқыту. 2. Әңгіменің қалған жерін тыңдату. Салыстыру.
<b>«Ой шақыру» әдісі.</b> (5 мин)	- Осы көрсетілген бейнетаспадан қандай ой түйдіңіздер? - Жігіттің орнында болсаңыз қайтер едіңіз? - Жігіт боз орамалды ата-анасының өзіне берер жауабы ретінде пайдалануды қалай ойлап тапты? - Сіздер «болжам» әдісі арқылы осы оқиғаның барысын қалай ойлап таптыңыздар?
<b>«Ассоциация» әдісі.</b>	«Сын тұрғысынан ойлау» (көк маркермен)
<b>Мағынаны тану.</b> (25 минут) <b>«Көршіңе әңгімелеп бер» әдісі.</b> (15 мин)	«Сын тұрғысынан ойлауға үйрету» мәтінмен жұмыс «Сын тұрғыдан ойлау» ассоциациясын мәтінмен танысқан соң толықтыру (қызыл маркермен)
<b>Практикалық жұмыс.</b> (10 мин)	«Алты қалпақ» әдісі. Топтық жұмыс. Мәтінмен жұмыс. «Ақ тышқан».
<b>Ой толғаныс.</b> (10 минут) <b>Түйінді ой</b> <b>Кері байланыс</b> (5 мин)	Бағдаршам арқылы топтар бір-бірін бағалайды. «Палитра» ойыны. «Не қызықтырды? Не қиын болды? Не қызықтырмады?» кестесі. «Екі жұлдыз, бір тілек» арқылы коучингті бағалау.
<b>Қорытынды:</b> <b>«Ашық микрофон» әдісі</b> (5 мин)	«Түсінісу теоремасы». -Бүгінгі коучингтен қандай ой түйдіңіз? - - Коучингте айтылған мәселелердің сізге пайдасы бар ма? Әрине, іздену керек, білімін жетілдіру керек. Осы тұста атақты педагог К.Д.Ушинскийдің: «Мұғалім - өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, ал оқуды, ізденуді тоқтатқанда, оның мұғалімдігі де жойылады»- деген сөзі еріксіз ойға оралады.

*Ғасыр ақыны*

**Д.БОДЕСОВА,**  
**Шәкәрім атындағы облыстық дарынды**  
**балаларға арналған үш тілде оқытатын**  
**мамандандырылған мектеп.**  
ШҚО, Семей қаласы

## **МҰҚАҒАЛИ – МӘНГІЛІК ҒҰМЫР** (сыныпаралық сайыс сабақ)

Максаты:	Ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың туғанына 85 жыл толуына орай, ақынның өмірі мен шығармашылығына шолу жасау. М.Мақатаевтың өлеңдері мен әндері арқылы оқушыларды әсемдікке, елжандылыққа, тапқырлыққа тәрбиелей отырып, поэзия әлемінің сырын ашу.	
Нәтиже:	М.Мақатаевтың өмірі мен шығармашылығын меңгерді, өлеңдері мен әндерінің сыры мен сипатын сезінді, топта жұмыс істеу арқылы оқушылардың жеке тұлға ретінде мүмкіндіктерін көрсете алды, белсенділіктері артты.	
Дереккөздер, ресурстар:	Ғаламтор жүйесі (білім беру сайттары), Қазақ тілі мен әдебиеті журналы, М.Мақатаев «Жырлайды жүрек», «Аманат», т.б.	
Сабақ жабдықтары:	АКТ құралдары (интерактивті тақта, компьютер), слайд, плакат, маркер, постер, стикерлер, формативті бағалау құралдары.	
Түрі:	5 «А», 5 «Ә», 5 «Б» сыныптар арасында сайыс сабақ.	
Пәнаралық б/с:	Қазақ тілі, әдебиет, музыка.	
Әдіс-тәсілдері:	«Таныс болайық», «Смарт-минут», «Жыр жүйрігі - Мұқағали», «Өлең сырын аш», «Ән сал, жаным!», «Ойлан, тап!» стратегиялары.	
Модульдер	СТО, АКТ	
Сайыс барысы. Ұйымдастыру. Психологиялық ахуал. 2 минут.	Мұғалім іс-әрекеті	Оқушылар іс-әрекеті
	Дөңгеленіп тұрайық, Керегені құрайық, Уықтар болып иіліп, Шаңыраққа киіліп, Киіз үйді құрайық.	Оқушылар орындарынан тұрып, киіз үйді дөңгеленіп құрып, бір-біріне осы шаңыраққа түскен күн сәулесіндей жылы лебіздерін білдіреді (күн сөзін кіріктіріп)

Топтастыру 1 минут	«Үш бакытым» өлеңі арқылы сыныптар 3 топқа бөлінеді.	«Халық», «Тіл», «Отан» топтарына бөлінеді.
I кезең 4 минут	«Таныс болайық» Эмблеманы топтың атына сай әзірлейді.	«Халық», «Тіл», «Отан» тақырыптарына сай эмблема құрастырады, өлең шумақтарын оқиды, эмблеманы әділқазылар алқасына ұсынады.
II кезең. Әр сынып 3 минуттан қорғайды (9 минут)	«SMART – минут» 5 «А», 5 «Ә», 5 «Б» сыныптарына берілген тақырыптар бойынша SMART-минут.	5 «Ә» сыныбына: «Мұқағалидің өмірі» 5 «А» сыныбына: «Мұқағали шығармашылығы» 5 «Б» сыныбына: «Ақын жырына арқау болған тақырыптар» тақырыптарына 3 беттік слайд-презентацияларын қорғайды.
III кезең. 7 минут.	«Жыр жүйрігі – Мұқағали» Бір өлеңін жатқа, мәнерлеп оқиды (әр топтан 1 оқушы)	I топ. 1. «Халық» II топ. 1. «Тіл» III топ. 1. «Отан» Топтар бірін-бірі бағалайды.
IV кезең. 7 минут.	«Өлең сырын аш» Мұқағалидың туған ел табиғатына, туған жерге деген сағынышын көркемсурет өнерімен, бояу сырымен бейнелеп көрсетеді (постер)	I топ. 1. «Тауда» өлеңі II топ 1. «Туған жерге» өлеңі. III топ. 1. «Тауда өстім» өлеңі.
Сергіту сәті. 3 минут.	«Ән сал, жаным!» Оқушылармен бірге ән шырқау.	

V кезең. 7 минут.	«Ойлан, тап!» Бұл кезеңде ақын өлеңдерінің жыр жолдарында жасырынған сөздерді тауып, үш тілде (қазақ, орыс, ағылшын) жауап береді.	Гүл-цветок-flower Дос-друг-friend Жүрек-сердце-heard Бірінші-первый-fist Адам-человек-people Төрт-четыре-four Түн-ночь-night Әке-отец-father Ағаштар-деревья-trees Топтар бірін-бірі бағалайды.
Өлшемдері бойынша бағалау. 2 минут.	Әділқазылар алқасына таратылған өлшемді бағалау парағы арқылы қорытындылау.	

**Э. ҚҰРМАНҒАЛИЕВА,**  
**«Ғ.Садвақасов атындағы орта мектеп» КММ.**  
Алматы облысы,  
Ұйғыр ауданы,  
Үлкен Ақсу ауылы

## **М.МАҚАТАЕВ «АҚҚУЛАР ҰЙЫҚТАҒАНДА»**

Мақсаты: білімділік-ақын өмірінен мәлімет бере отырып, поэзиясының өміршеңдігін таныту; дастанның тақырыбы мен идеясын,көркемдік тілін ашу; дамытушылық-оқушының сөйлеу тілін дамыту; өз ойын еркін, жатық жеткізе білуге одан әрі дағдыландыру; мәнерлеп оқу дағдысын қалыптастыру, өз бетімен іздене білуге, қосымша материалды іріктей алуына, ой қорытуға үйрету; тәрбиелік-туған жерге деген сүйіспеншілікке,адамгершілікке, табиғат әсемдігін түсінуге, қасиетті нәрселерді қадір тұтуға тәрбиелеу. Әдісі: сын тұрғысынан ойлау. Пәнаралық байланыс: музыка, бейнелеу өнері.

Көрнекіліктер: ақын портреті, шығармалары, кесте-сызбалар, қосымша газет-журнал материалдары.

I. Ой шақыру. – Біз Мұқағали ақынды – поэзия патшасы

десек, ендеше, поэзия патшалығына сапар шегіп көрейік. Міне, патшалықтың алтын қақпасы ашылды. «Аққулар ұйықтағанда» сарайының кілті өз қолдарында. Қазіргі сәттен бастап осы сарайдың сырына үңіліп көрейікші. Іске сәт!


Енді мына жоспар арқылы поэзия мазмұнын еске түсірейік.

Жоспар

1. Әлдилеп ақ төсіне бермей тыным,  
Ақ айдын ақ мүсінін тербейтұғын.
2. ... Айналайын аққудың қанатынан,  
Қайтеміз, ол да адамға бола туған.
3. Аққулар ұйықтап жатыр тербетіле.
4. ... Қасиетке оқ атып, жойған пақыр.
5. ... Білмеймін сор аттың ба, бақ аттың ба?

(Поэма тақырыбы аталып, оқиғаның басталуы қай бөлімде екендігі анықталады).

II. Топтастыру. – Біз бүгін топпен («Жігер», «Болашақ», «Арман») жұмыс істейміз



III. Кубизм. Тақырыпты жан-жақты қамтуға мүмкіндік беретін оқыту стратегиясы. Кубиктің 6 жағы бар. Иреді, қай жағы түссе, сол жағының сұрағына жауап береді.

Суретте. Туған жер, Жетімкөлдің сұлулығы, аққудың үні, қасиеті, айнала қоршаған ортамен үндестігі, ақын сезімі өлеңде қалай берілген?

Салыстыр. Поэма оқиғасына немесе тақырыбы мен тіліне ұқсайтын шығарма бар ма? Кіммен немесе кімнің шығармасымен салыстыра аласың? (Венн диаграммасы қолданылады).

Зертте. Мұқағали ақын туралы тағы не білесің?

Қолдан. Ақынның психологиялық жай-күйін ақын қалай берген? Тауып оқы. Қандай бейнелі, көркем тіркестерді көріп тұрсың? (Оқулықпен жұмыс).

Бұл туралы ойлағанда көз алдыңа не елестейді? (Ойтолғау, сурет) Ақынға хат жазып көр.

Талда, қолдан, қарсы шық. Ананы қасиетке оқ атуға мәжбүр еткен не? Баласының өлімінен кейінгі ананың күйін ақын қалай жырлайды? (Мәнерлеп жатқа оқу).

IV. Сөздіктер еліне (сұхбат). Таны, есте сақта. Оқушы дастаннан өзі түсінбеген сөздерге белгі қойып отырады. Сұрайды, жауап беремін.

V. Еркін жауап. – Ақын туралы тағы не айтуға болады?

(Оқушы ізденісі жергілікті жер материалымен байланыстыру)

VI. Болжау. – Оқиғаны қалай аяқтаған болар едің?

VII. Үкім. – Аққуды атуға бола ма? (ия, жоқ)

Оқушы дәлелдемесін тыңдау.

VIII. Бекіту. Қорыту. – Құрметті шәкірттерім, ақын Фариза Оңғарсынова «Мұқағалидай ақыны бар халық – бақытты халық» деген екен. Олай болса, сыршыл ақынның өміршең шығармасымен танысқан сендер сол бақытты халықтың бақытты ұрпағысыңдар. Ендеше, осы сұлулықты жанымен сүйген Мұқағали ақынның аса құрметтеген адамының бірі сазгер Нұрғиса Тілендиевтің «Аққу» күйін тыңдайық. («Аққу» күйі тыңдалады)

Не білдің?

- 1.
- 2.
- 3.

Не білгің келеді?

- 1.
- 2.
- 3.

IX. Үйге тапсырма. «Ақын және аққу» тақырыбына шығарма жазып келіңдер.

**М.ШЕРХАН,**  
**Болтай батыр атындағы шағын**  
**орталықты орта мектебінің**  
**9 «Ә» сынып оқушысы.**  
Т.Рысқұлов ауданы, Жамбыл облысы

## **ӨЛЕҢ СӨЗДІҢ ДҮЛДҮЛІ**

*Жамбыл жырлары теңіз түбінде шашылып жатқан маржан секілді. Оны жинап алып, халқының қолына беру-біздің әрқайсысымыздың азаматтық борышымыз.*

*(С.Сейфуллин)*

«Өлеңі не күлдірмесе, не жылатпаса өлең емес. Нәрсіз сөз – зілсіз оқ есепті» дейтін еді Жамбыл. Сол сипаттың бәрі де Жамбылдың өзінде бар еді деп Мұхтар Әуезов айтқандай, Жамбыл нағыз өлең шебері болған ақын.

Қазақ әдебиетінің осы уақытқа дейін ескірмей, өзіне тән ерекшелігімен сақталып келе жатқан бір саласы – аса бай ауыз әдебиеті, әсіресе суырып салма ақындық өнер. Бұл бір сарқылмас бұлақ. Жамбыл сол бұлақтың қайнар көзі іспеттес.

Сол бұлақтан біз бүгінгі күнде нәр алып отырмыз. Жамбыл шығармашылығының революцияға дейінгі кезеңінде айтыс үлкен орын алады. Ақындық шеберлігі мен әлеуметтік тақырыптық ұштасуы оның айтыстарын терең мазмұнды етеді. Мұның өзі айтыс кезеңде оның өз қарсыластарын жеңіп шығуының алғы шарты есепті болатын. Жамбылдың ақын ретіндегі кемелдігі мен тапқырлығы, әсіресе, атышулы Құлманбетпен айтысы үстінде көзге түсті.

Батыр Саурық, Сұраншы жаудан өлген,  
Халық үшін шәйт болып, жанын берген.  
Елді қорғап өлгеннің арманы не?  
Қалың қазақ құрметпен соңына ерген.  
Мақталған байларының оңғаны жоқ.

Төңіректің төрт бұрышын жалмап өлген.

Жамбыл қарапайым халық атынан сөйлейді, оның ой-пікірлері мен арман-тілектерін білдіреді. Ақын жырының бұл ерекшеліктері оның Досмағанбетпен айтысы кезінде айрықша көрінеді. Тек хандар мен байларды ғана мақтап, оларды басына көтерген, қарапайым халықтың қайғысын көре білмеген Досмағанбетті Жамбыл екі жүзді деп айыптайды.

Айтыста ылғи жеңіске ие болып отыруының негізгі себептерін зерттеп, талдай отырып М.Әуезов былай деген екен:

«Бар айтысында Жамбыл ел қорғаны болған азаматты арман етеді. Ел бағына туған ұлы азамат шықса, ел көзіндегі жасты тыйса екен, қиял мекеніне жеткізсе екен, жаңа күн туса екен дегеннің арманы. Ол арманның екінші жағы өз заманындағы байға, ұлыққа, қажы – молдаға, төре – тілмашқа, болыс – биге ызалы, кекесін болу. Құлманбеттің байларын, сарбастың жуандарын, Досмағанбеттің дін үгітін Шашубайдың бай бұландай саудагерін, Бакия, Барлыбектей, шенді төрешіктерін Жамбылдың кісі құрлы көрмейтіні сол».

Бұл пікірдің дәлдігіне айтыстарын оқып шыққанда көзімді жеткіздім. Өттең, қазіргі кезеңде осындай үлгі боларлық, тәлім-тәрбиелік мәні бар сөз өрнектерін айтатын ақындарымыздың саусақпен санарлықтай азайып кетуіне, ішім қан жылайды.

Айтыста осындай түйінді ұстап түбінде сонымен жеңу Жамбылдың айтыстағы негізгі тәсілі, кілті болады. Мұндай дәстүрді бойына дарытқан Жамбыл, әрине сөздің де асыл маржанын тереді, өткір, жетімді сөздерді іздейді.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «Егер біз Жамбыл даналығын тәу етіп, ұлылығын ұлағат тұтып жатсақ, оның басты себебі Жамбыл арманының адамзаттық арман аңсарымен ұласып жатқандығында. Сондықтан да қазақтың Жамбылы ретінде құрмет көрсетіп, өлмес рухының алдында басымызды иеміз» деп жоғары баға берген.

Демек, бұл еңбегім теңізге құйған тамшыдай болса да, халық поэзиясында өлең өнерімен даңқ тұғырына көтеріліп, бүгінде Жамбыл бабамыздың атап өткелі отырған 170 жылдығына қосқан үлесім деп білемін.



**А.КЕНЖЕАХМЕТОВА,**  
**Б.Нысанбаев атындағы орта мектебі.**  
Атырау облысы,  
Индер ауданы,  
Көктоғай селосы

## **ІЛІЯС ЖАНСҮГІРОВ.** **«ӘНШІ» ӨЛЕҢІ**

Мақсаты: білімділігі-ақын І.Жансүгіровтің өмірі жайында мағлұмат беру. «Әнші» өлеңінің мән-мағынасын түсіндіру. Әнші композитор, айтыскер ақын Әсет Найманбаевтың өмірі жайынан кеңінен мағлұмат беру; тәрбиелігі: қазақ өнерінің, күй өнерінің қара қобызы, домбырасының қасиетін дәріптеу; дамытушылығы-танымдық қызығушылықты оята дамыту, қабілеттілікті арттыру.

Көрнекілігі: І.Жансүгіров портреті, «Шығармалар жинағы» 3 томдық, интерактивті тақта.

Әдіс-тәсілдер: баяндау, түсіндіру, сұрақ-жауап, мәнерлеп оқу, топтастыру.

I. Сабақтың барысы:

а) Ұйымдастыру кезеңі: оқушылармен амандасу, түгелдеу, сабаққа назарларын аудару.

II. Үй тапсырмасын сұрау, бағалау.

1) С.Сейфуллиннің «Біздің жақта» өлеңін жатқа айту.

2) «Сәкен Сейфуллин- жан-жақты дарын иесі».

(ақынның өмірі мен шығармашылығына тоқталу)

3) Өлеңнің мазмұнын түсіндіре айту, пысықтау сұрақтарын қою.

Ақын жазушылар шығармаларынан Қазақстанның биікке жетуіне қосқан үлестерін білеміз. Бүгін біз өз еңбегін туған халқына арнаған Құлагердей дүлдүл ақын І.Жансүгіровтің өмірі, ақындық әлемі жағынан сөз қозғап, «Әнші» өлеңінің иесі Ә.Найманбаевтың өнері, өмірі туралы кеңінен танысатын боламыз.

III. Жаңа сабақ: интерактивті тақтадан ақын Ілияс Жансүгіров өмірін, шығармашылығын тыңдау.

1. «Жылдар сөйлейді» көрнекілігі арқылы І.Жансүгіровтің өмір жолын, шығармашылығын айтып өтеміз.



1) 1894ж. Талдықорған облысы, Ақсу ауылында дүниеге келген.

2) 1905-1911 жылдары алғашқыда әкесінен хат танып, содан соң молладан оқып, Қарағаштағы татар үлгісіндегі мектепте дәріс алды.

3) 1916ж. «Әншіге» өлеңін жазады

4) 1920ж. Алматыға келіп, үш айлық мұғалімдер курсы бітіреді.

5) 1925ж. Мәскеудегі журналистика институтына түседі.

6) 1928ж. Елге келіп «Еңбекші қазақ» (қазіргі, «Егемен Қазақстан») газетінде қызмет атқарды. «Сағанак» деген тұңғыш кітабы жарық көрді.

7) 1934-1936 жылдары Қазақстанда көркем әдебиет баспасында поэзия бөлімін басқарады.

2. І.Жансүгіров «Әнші» өлеңін 1928-1933 жылғы жинақтарына кіргізген. Ілияс Ә.Найманбаевтың «Әсет» атты әнін өте жақсы көретін, сондықтан мәжіліс болған жерде, өлең айтуға тура келсе, алдымен Әсетті айтатын және барлық ықыласын сала, барлық сезімін жұмсай айтатын еді. Ол «Әнші» өлеңінің сөзін негізінен Әсеттің өзінікі, мен тек біраз өңдедім», - дейді.

Өлең асқан әнші, сазгер Ә.Найманбаевтың атынан жырланады.

3. Әсет Найманбайұлы 1867 жылы Жезқазған өлкесінің Ақтоғай ауданының «Қызыл арай» ауылында дүниеге келген. Әсеттің әкесі Найманбай, шешесі Кермеқас кедей адамдар болыпты. Ол ұлдан жалғыз болған ескіше, яғни, мұсылманша оқығанмен әжептеуір білімді болған.

Әсеттің дауысы айрықша зор болған. Әншілік өнерін әбден меңгерген соң ғана ол өз жанынан ән шығара бастаған. Сондай-ақ суырып салма ақын болған. Ол Ырысжанмен, Кәрібай, Сәмет, Қали, Бақтыбай, Кемпірбай сынды ақындармен айтысқа түсіп, айтыскер ақын атанған. С.Мұқанов: «Біржанның әні сияқты,

Әсеттің әндері де аса биік, ырғақты қайрылымы қиын болған. Сондықтан оның әндерін үйрену де қиын еді»-деген пікір айтады.

Ә.Найманбаевтің жас кезінде шығарған әндерінің біріне жататын «Инжу-маржан» әні-құрылысы, әуенділігі жағынан қазақ әндерінің ғажаптарының бірі.

4. Оқулықта берілген «Әнші» өлеңін ұнтаспадан тыңдап, (дыбысталған, электронды оқулық 7-сынып. Әдебиет) дауыс мәнеріне көңіл бөле, оқушыларға мәнерлетіп оқытамын.

5. Өлеңде ақынның өзіне қояр талабы қандай? анықтау.

Ақын ән салса аңыратып, жайлантаып, қоңырлатып, жамыратып, қоңыр қаздай мамырлатып, боздатып, күңіретіп, нөсердей жауындатып, бұрқақтатып, жүйіткітіп, аңқылдатып, шалықтатып, талдырып, тамылжытып, әсерлетіп...деп көсемше етістікке жан бітіре сөйлетеді.

6. Дәптермен жұмыс.

Өлең құрылысына талдау жасау.

*Ар-ғын-мын, а-тым Ә-сет, а-рын-да-ған, -11-а*

*А-рын-дап ән са-ла ма да-ры-ма-ған, -11-а*

*Ас-пан-ның а-я-сында ән шал-қыт-қан,*

*Бұл-бұл-мын дау-сы көк-те да-мыл-даған -11-а*

Өлең 11 буынды, 3 бунақты, шұбыртпалы ұйқас түрінде жазылған.

7. Өлеңге теориялық талдау жасау:

Өлеңнен ауыстыруды (метафораны) табылық?

1)Метафора дегеніміз не? Сөз мәнін өңдендіре, өзгерте айту, суреттеліп отырған затты не құбылысты айқындай түсу үшін, өзіне ұқсас өзге затқа не құбылысқа балау.

(Бұлбұлмын, тұлпармын, жорғамын, майдамын, тауықпын, құм-қыстау, өлке-көктеу, өзен-күзеу, жайлауым –жалпақ дала, сөз-жаңбыр, даусым-дауыл, әнім –ескек).

Өлеңнен теңеуді табу. Теңеу дегеніміз не?

Теңеу өлең мәнін қаншалықты ашып тұр?

Бір затты өзіне ұқсас екінші затқа теңестіріп, -дай-дей, тай-тей жұрнағы арқылы жасалатын теориялық ұғым.

Үйректей, қаздай қалқып жүрмін жүзіп,

Аққудай аспандағы әнді өрлетіп,

Қоңыр қаздай мамырлатып,

Інгендей күңіретіп,


Нөсердей жауындатып,

Қазандай дауылдатып,

Қамыстай сауылдатып)-деп әнші өзінің халқының еркесіне айналғанын мақтанышпен сездіреді.

Эпитет (айқындау)– заттың не құбылыстың айрықша сипатын, сапасын белгісін білдіретін сөздер ( ми дала, меңіреу шөл, күміс көлдер, сар дала, т.б.)

8. Өз халқының еркесіне, мақтанышына айналған Әсет дәуірінде өмір сүрген әнші ақындарды топтастыру.



9. Қазіргі кезде елге белгілі әншілер мен бұрынғы кездегі әншілерді салыстыра отырып пікір алмасу

10. Ұнтаспадан Әсет әншінің «Инжу-маржан» әнін тыңдау.

11. Альтернативті тест.

1. I.Жансүгіров біздің жерлесіміз бе?

А) иә; Ә) жоқ.

2. Ол балаларға арнап шығармалар жазған ба?

А) иә Ә) жоқ

3. “Әнші” өлеңі сіздерге ұнады ма?

А) иә Ә) жоқ

4. Әсет - халық композиторы ма?

А) иә Ә) жоқ

5. Илиястың шығармаларын оқимыз ба?

А) иә; Ә) жоқ.

6. Өзіміз де өлең шығара аламыз ба?

А) иә; Ә) жоқ.

IV. Сабақты қорытындылау:

Өнердің биігіне талмай ұшқан,

Көбейсін өнерпаздар әрбір тұстан.

Ата-салт, дәстүрлерге берік болып,

Тәуелсіз жасай берсін, Қазақстан-деп, өнерді жалғастырушы оқушылардың өздері екендігін айта келіп, өнер туралы, қазіргі қазақ өнерінің өркендеу жайында ой қозғап, ән-күй, өнер туралы мақал-мәтелдер айтқызамын.

«Өнерлі өрге жүзер»

«Жігітке жетпіс өнер де аз»

«Өнерді үйрен де, жирен»  
«Ел іші-алтын бесік»

V. Сабаққа қатысып отырған оқушыларды бағалаймын. Қатыспай отырғандары болса, ескерту жасаймын.

VI. Үйге тапсырма:

«Ел іші-өнер кеніші» тақырыбына шығарма жазып келу.

«Әнші» өлеңін түсініп оқу.



**Р.АЛДАМУРАТОВА,  
№29 Т.Ізтілеуов атындағы  
қазақ орта мектебі.**

Қызылорда облысы,  
Қармақшы ауданы,  
Тұрмағамбет ауылы

## **РАСУЛ ҒАМЗАТОВ. «МЕНИҢ ДАҒЫСТАНЫМ»**

Мақсаты: - «Менің Дағыстаным» кітабынан алынған шағын әңгімелерді оқытып, талдау арқылы оқушының сыни ойлауын дамыту, пікірін айтып, қорытынды жасай білу дағдысын жетілдіру. Елін, жерін, тілін сүйетін азамат тәрбиелеу.

Түрі: аралас сабақ.

Әдісі: БҮ, сұрақ-жауап, талдау, кестемен жұмыс, дәйектеме табу, салыстыру.

Көрнекілігі: интербелсенді тақта, сызбалар, Р.Ғамзатов туралы слайд.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі. Оқушылармен сәлемдесу, түгелдеу, топқа бөлу.

II. Үй тапсырмасын сұрау.

«Ана тілі» Р.Ғамзатов өлеңін топ ішінде тізбек бойынша сұрау.

III. Қызығушылықты ояту кезеңі.

I. Берілген сөздерден мақал – мәтел, өлең құрастырады.

1) «Туған жердей жер болмас,

Туған елдей ел болмас»

2) «Өзге елде сұлтан болғанша,

Өз елінде ұлтан бол».

3) «Бақа көлінде патша,

Балық суында патша,

Жігіт елінде патша».

II. Төмендегі кестені толтыру.

Білемін	Білгім келеді	Үйрендім
	«Менің Дағыстаным» кітабы не туралы екен? Дағыстан қандай ел? Расул Ғамзатовтың отбасы, балалары туралы білгіміз келеді.	

IV. Мағынаны тану.

Оқулықтағы «Менің Дағыстаным» кітабынан берілген үзіндіні оқытып, талдау. Бөлікке бөлу, ат қою, тірек сөздер жазу. Топтық жұмыс. (3 топқа бірдей тапсырма берілді. Әр топтың бір мүшесі шығып, берілген тапсырма бойынша өз жұмысын қорғайды.)

1-бөлім. Париждегі кездесу.

2-бөлім. Елді аңсау.

3-бөлім. Әркімнің туған жері- өзіне жұмақ.

4-бөлім. Суретші туысымен кездесу.

Сұрақтар:

1) Италияда қалып қойған суретші жігіттің картинасында қандай аңыз бейнеленген? Мағынасын түсіндір.

2) Суретші еліне неге қайтқысы келмейді?

3) Суретшінің шешесі Расул Ғамзатовтан не сұрады?

4) Суретшінің шешесі Расулға не деп жауап берді?

Слайд көрсету, Дағыстан елі, Расул Ғамзатовтың отбасы туралы.

II тапсырма. Интернет арқылы алынған 3 әңгіме 3 топқа бөлініп беріледі. Әр топ өзіне берілген әңгімені оқиды, мазмұнын айтады, тірек сөздердің астын сызады. Соңында берілген сұрақтарға жауап береді.

1-топ. Ел аузынан: Мәскеу, әлде Ленинград... Әйтеуір, бір үлкен қаланың сәнді көшесімен лак ағайын келе жатыпты. Жолай Дағыстандық жерлесін жолықтырып, туған елі есіне түседі. Жерлесінің жанына жүгіріп жетіп, лак тілінде үн қатқан екен, ана адам ұқпапты.

Құмықша және тат тілінде, ақыр аяғында лезгинше сөйлейді. Түсінісе алмапты. Ақыры екеуі орысша тіл табысып, лак пен авардың кездескенін ұғады. Авар адам лак қандасына ренжіп: - Авар тілін білмейсің, сен дағыстандық емессің, - дейді.

Сұрақ: - Авардың реніші орынды ма? Неге?

- Сен қалай ойлайсың?

2-топ. Лак халқының үлкен ақыны Әбутәліп бірде Мәскеуге барыпты. Көшеде келе жатып көлденең жолыққан адамнан базардың қайда екенін сұрайды. Ол ағылшын екен. Әбутәліптің айтқанын түсінбеген еуропалық ағылшынша, французша, испанша, тағы бірнеше тілде ұғыспақшы болады. Өкініштісі, екеуі тіл табыса алмаған. Осы оқиғаны естіген шала оқымысты дағыстандық туысқаны Әбутәліпке қаратып:

- Мәдениет деген сол. Егер сенің мәдениетін жоғары болғанда, ағылшынмен сөйлесер едің, - дегенде, Әбутәліп:

- Дұрыс айтасыз, бірақ ол ағылшын менен мәдениетті емес шығар. Ол да мен айтқан авар, лак, тат, құмық тілдерін түсінбеді ғой.

Сұрақ: - Мәдениетсіз кім? Оның мәдениетсіз екенін аңғартатын тірек сөзді тап. (Шала оқымысты)

3-топ. Әкемің естеліктерінен: Әкей 1939 жылы Мәскеуге барады. Ол заманда бұл ерекше оқиға саналатын. Омырауына орден тағып оралған әкейден ауылдастары: Мәскеу қаласы, Кремль, орден тапсырған Михаил Иванович Калинин туралы сұрап, ерекше есте қаларлық оқиға айтып беруін сұрапты. Сонда әкейдің айтқаны: Ең тамаша оқиға Михаил Калинин менің атымды орысша емес, аварша айтты. Мені Гамзат Цадаса демей, Цадаса Хамзат деп атады. Ауыл ақсақалдары таңданып, бастарын шайқады.

- Сендер бұл оқиғаны естіп, ұнатып отырсындар. Ал мен Кремльде Калининнің өз аузынан естігендегі әсерімді жеткізе алмаймын. Мен орден алғаныма емес, Кремльде авар сөзін естігеніме қуандым.

Сұрақ: - Мәтіннен қандай ой түйдің?

V. Жаңа сабақты бекіту.

- Бүгінгі сабақта өздерің білгілерің келген сұраққа жауап таба алдыңдар ма?

- Дағыстан елі туралы не білдіңдер? Топтастыр.

- «Менің Дағыстаным» кітабы не туралы екен?

- Естіген, оқыған әңгімелеріңді қандай мақалдармен қорытындылар едіңдер? (Әке көрген оқ жонар. Тілге құрмет, елге құрмет, т.б.)

- ББҮ кестесінің «Үйрендім» бөлімін толтыру.

- Концентуалды кесте.

Кейіпкер	Адамгершілік қасиеті	Өз бағам

Сабақты Р.Гамзатовтың тіл туралы дәйек сөзімен аяқтау.

«Ана тілім менің, сен маған ризасың ба, білмеймін, бірақ, менің тілегім де сенсің, сені мақтан етемін.»

«Әр ұлттың өмірі – оның тілінде»

«Егер тілім ертең болса құрымақ,  
Мен дайынмын өлуге де бүгін-ақ».

Бағалау.

Үйге тапсырма. Тіл туралы шығарма жазу.



**М.ҚАПАЕВА,**

**«Еркіндік ЖОББМ» КММ-нің мұғалімі.**

Қарағанды облысы,

Шет ауданы,

Еркіндік ауылы

## ҰСТАЗ ТАҒЫЛЫМЫ

Қарағанды облысы, Шет ауданының Өспен округіне қарасты «Қаражарта» ауылы – талай жылдар мектеп атты білім ордасында талмай 36 жыл еңбек етіп, басшылық тізгінін ұстаған ұстаздардың ұстазы Имашев Темір Имашұлы туған ауыл. Ауылымыздың көнекөз шежірешісі, әрі әке, әрі ата, әрі ұлағатты ұстаз, әрі басшы болған ардақты жанның талабы биік, еңбекқорлығы басым, шаршауды білмеген, үйреткені көп көрегенді дана жан екеніне ауылдың еңкейген кәрісінен, еңбектеген баласына дейін шек келтірмейді. Ия, еңбек жолын сонау 1950 жылы Қарағанды педагогикалық институтының қазақ тілі мен әдебиеті бөлімін бітіріп, Ақмола облысы, Веселый ауданы, Амангелді селосында қазақ тілі пәнінен мұғалім болудан бастаған. 1954 жылы отбасы жағдайымен туған өлкесі Өспенге қайтып оралып, Өспен орта мектебінде пионервожатый болып істеген. 1956 жылы Еркіндік бастауыш мектебінің директорлығына тағайындалып, аталмыш мектептің «жетіжылдық», «сегізжылдық», «орталау» мектеп болып құрылуына игілікті ықпалын тигізіп, 1987 жылға дейін директорлық қызметін жалғастырып, басшылық тізгінін ұстаған.

Әрине, басшылық ету оңай шаруа емес, соған қарамастан ізгілік нұрын шаша білген қасиетті жанның іс-тәжірибесі барлығына да жеткілікті бола білді. Оқушылардың амандығын бірінші кезекке қойып, жарасымды әзілмен еркелеткен мектептің іш-сыртының тазалығын, әдемілігін үнемі қадағалайтын талабы жоғары басшының, оқу-тәрбие үрдісінде әр істің нәтижелі болуына аса жауапкершілікпен қарағанын шәкірті әрі келіні Рая Сиязбекқызы ауыз толтырып айтып отыратын. Қанша мақтасақ та артық етпейтін асыл жанның табиғат берген дарындылығы, өмір көрсеткен іскерлігі, білімділігіне ешкімнің дауы жоқ. Білікті басшы, ұстаз салған сара жолдың саңлақтары, сан мыңдаған шәкірттері – бүгін еліміздің әр түкпірінде өнер-білім биігінде. Олардың арасынан ғалым да, заңгер де, ұстаз да, әртіс пен спорт жұлдыздары да шыққан. Тазабеков Иман – ғалым-ұстаз, Асанов Қасымхан – композитор, актер. Сауық Жақанова - «сандұғаш үнді» диктор, Қазақстан халық әртісі. Жақанова Роза, Жұмажанов Мағауия, ұлы Имашев Болат – заңгер. Қосылбеков Кәрібай, Ахметбеков Өкен, Садырбаев Мұхамедия, Жақыпов Балтабай – медицина ғылымының кандидаттары. Ахметбекова Бақыт, Ахметбекова Гүлнар ұстаз ізін жалғастырушы – үздік ұстаздар т.б. Бұл – ұлағатты ұстаздың жемісі. Әр шәкіртінің аузынан шыққан алғыстары, ата-аналардың ризашылығы, Білім бөлімі басшыларының мақтау сөздері – шынайылықтың белгісі. Сол еңбегі еленіп, ұстаз «Оқу ісі министрінің құрмет грамотасы», «Кәсіподағының құрмет грамотасы», «Облыстық оқу бөлімінің құрмет грамотасы», «ҚазССР оқу ісінің үздігі» атақтарын иеленді.

Имашев Темір Имашұлымен бірге еңбек етіп, бүгінгі таңда бейнетінің зейнетін көріп отырған қарт ұстаздарымызды әрқашанда мақтан тұтамыз. Атап айтсам: Жолданова Күләш, Кемельбаева Бибінұр, Тотаева Батима Қалдыбекқызы, Жаманадина Бақытжамал Мұхаметжанқызы және ұлы Имашев Қайрат Темірұлы. Жолданова Күләш мұғалім ұлы ұстаз жайлы былай еске алады: « Біз 32 жыл бірге қызметтес болдық. Мені бастауыш сыныпқа жас маман ретінде алғаш қабылдады. Ол кісі өте талапшыл. Өз ісінің шебері. Педкеңесте «Біздің инспекторымыз – оқушылар. Алдымызда халықтың баласы отыр» деп үнемі айтып отыратын. «Ұзақ жылдар білікті басшым, әріптесім, тәлімгерім, ең бастысы – білім бұлағымен сусындатқан ұстазым, әрі екінші әкем, атам – Имашев Темір Имашұлының ардақты есімін мақтаныш тұтам» - десе зейнеткер ұстаз Қажыкенова Рая Сиязбекқызы. Отыз екі

жылдық еңбек өтілі бар, осы ауылдың тумасы, шәкірті, бастауыш сынып мұғалімі Серикова Рухания Аманжолқызы: «...Халқының қалаулысы, елінің елеулісі бола білген ұлағатты ұстазымның арқасында бүгінгі күннің жемісті жетістіктеріне жетіп жүрмін» деп толғанса, Кешубаева Алмагүл Мекімқызы: «Темкен мұғалім нашар оқушы болмайды, нашар оқытушы болады» деп айтушы еді деп еске алады. Ұстаз салған сара жолын жалғастырып өзінің шәкірті Кемелбай Есей Хамитұлы Еркіндік орта мектебіне басшылық етсе, «Мұғалім – мектептің жүрегі» деген ұстаныммен шәкірттің білікті де білімді шәкірттері бүгінгі таңда еңбек етіп жүр. Шәкірттері ұлы ұстазға деген парызы ретінде ауыл тұрғындарымен кездесіп, «қара шаңырақ» білім ордасына Имашев Темір Имашұлының есімі берілуіне өз үлестерін қосуды ұйымдастыруда.

Халқымыздың ұлы батыры Б.Момышұлы: «Ұстаздық – ұлы құрмет. Себебі, ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді. Болашақтың басшысын да, данасын да, ғалымын да, еңбекқор егіншісін де кеншісін де ұстаз өсіреді...»-, деген. Өмірге ұрпақ берген аналарды қандай ардақтасақ, сол ұрпақты тәрбиелейтін ұстаздарды да сондай ардақтауға міндеттіміз.



**М.МҮСІЛІМ,**

**Жаңашаруа қазақ орта мектебі.**

Атырау облысы,  
Қызылқоға ауданы,  
Қоныстану ауылы

## **ҚАБДЕШ ЖҰМАДІЛОВ. "ҚАЗДАР ҚАЙТЫП БАРАДЫ"**

*(8-сынып)*

Мақсаты: білімділік-оқушыларға сұрақтар мен тапсырмалар бере отырып, шығарманың мазмұнын, тақырыбы мен идеясын ашу; дамытушылық-ойларын нақты дәл жеткізе білуге дағдыландыру, сөйлеу тіліне, сөйлеу мәдениетіне көңіл бөлу, дүниетанымын кеңейту, шығармашылық қабілеттерін дамыту; тәрбиелік-оқушылардың туған жеріне, ата-мекеніне сүйіспеншілігін ояту, патриоттық сезімін қалыптастыру. Түрі: көркемдік-иллюстрациялы, проблемалық.

Әдіс-тәсілдері: «Ойталқы», іздену, сұрақ-жауап, шығармашылық. Қолданылған технология: Сын тұрғысынан ойлау жүйесінің элементтері, сатылай кешенді талдау, Блум таксономиясы.

Көрнекілігі: көркем әдебиеттер, бейнелі суреттер (слайд).

Пәнаралық байланыс: география, этнопедагогика, тарих, саз.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі. Оқушыларды түгелдеу, жалпы дайындық.

II. Үй тапсырмасын тексеру.

Қ.Жұмаділов. «Қаздар қайтып барады». Әңгіменің мазмұнын меңгеріп келу.

III. Жаңа сабақ.

Білу. Жазушы туралы не білетіндерін айқындау мақсатында «Жазушы туралы мәліметті» толықтыру.

Туған жылы (1936)

Туған жері (Шығыс Түркістан Қытай Халық Республикасы)

Бітірген оқу орны (Қазақ Мемлекеттік университеті қазақ тілі мен әдебиеті факультеті)

Шығармалары («Соңғы көш», «Тағдыр», «Таңғажайып дүние» ғұмырнаамалық романы)

Қ.Жұмаділов туралы зерттеу еңбек жазған жазушы (Әкім Тарази)

Түсіну. Әңгіме мазмұнын ашу, тақырыбы, идеясын ұғыну сұрақтары:

1. Жолға шыққан қарт қайда сапар шегіп келеді? Оның сапар шеккеніне неше күн өтті?

2. Асудың ұшар басының табиғаты қандай екен?

3. Қарттың жол азығы қандай?

4. Неліктен жолаушы киын да болса төте жолды таңдады?

5. Қуғыншыдан қауіптенбей, жолаушының көкжалдан қорқуы неліктен? Қарт көкжалдан қалай құтылды?

6. Өзеннен өтіп демалып отырғанда адамның қу басын көрген ол құдайға не деп жалбарынды?

7. «Өрттен қалған қу томардай болып жалғыз қалдым» деуінің мәнісі не?

8. Қарттың басты өкініші неде деп ойлайсың?

9. Немересімен үйрек атуға барғанда қаздар туралы айтқан әңгімесінің түйіні не, қарт күрсінісі нені аңғартады?

10. Неліктен жолаушы шекара сызығын қыл көпірдей сезінді?

11. Туған жер топырағын аттаған қарттың сезім күйін, сағынышын, қуанышын автор қалай суреттеген?

12. Байтас қартты туған жерге жетелеген қандай құдірет, қандай күш?

42

13. Әңгіме неліктен «Қаздар қайтып барады?» деп аталады?

14. Қарттың қырық жыл бойы сақтаған бойтұмары туралы өз ойың мен көзқарасың қандай?

Берілген тірек сөздер (слайд) бойынша әңгіме мазмұнын баяндап шығу

Тау іші. Иен жайлау. Жалғыз жортқан жолаушы. Етікші асуы.

Қариядан қалмаған қорқау қасқыр.

Тентек Халдай .

Жолаушы қаздар. -Ата, мына қазды атайықшы...

Сарбаздар келіп айдап әкетті...келсе...

Айнабұлақ.Ата-баба зираты. Аятты осы арадан-ақ бағыштайын...

Ескі қыстаудың орны.Тұмар. Ит жетектеген шекарашылар

Қолдану.Төмендегі сөздерге өз сөзіңмен түсінік бер:

Титығы құру –

Таңдай жібітіп, талшық қып келе жатқаны –

Көзі шарадай жану –

Қан қақсау –

Бармағын шайнау –

Тілі аузына сыймау –

Жігері құм болу –

Ет жүрегі езілу –

Қайырымы тию –

Тырнағын жібіту –

Жыртылып айрылады –

Өзегі тала қоймаған –

Талдау. Әңгіме құрылысына талдау жасау:

Басталуы–Жалғыз жортқан жолаушы, жолда көрген қиыншылықтар

Байланысы – Ойға оралған өткен күн немесе жалғыз немере Төлеутай

Оқиғаның дамуы – Кінәсіз тағылған айып, күтпеген қасірет

Шарықтау шегі – Қырық жыл бойы көкірек түкпірінде жатқан ұзақ сыр

Шешімі – Тұмардағы бір уыс қиыршық тастың туған жер топырағына түсуі

Идеясы – Отан оттан да ыстық.

Сатылай кешенді талдау.

Жинақтау. Бейнелі сөз тіркестерін ізде және нені бейнелейтінін жаз:

Бейнелі сөз тіркестері, сөйлемдер нені бейнелейді?

1. Жаз жәрмеңкесі тарап, қоңыр күз қонақтаған.

43

2. Қарт сезімі бұрауы жеткен домбырадай тырсылдап, шертіп тұр. Жаз өтіп, күз келгені
3. Жыртқыш аңдай өкіріп, долдана ағып жатыр.
4. Өне бойы ағаштай сіресіп қалыпты.
5. Сай - сала үңірейіп, жұтып қоятындай болып тұр.
6. Тағы бір түн қанатын жайып келе жатты.
7. Өрттен қалған қу томардай болып қалды.
8. Ауылдастарының тырнағын жібітіп, сорпа - судан кенде қылған емес.
9. Бейне бұрауы таусылған ойыншықтай буын - буыны босап, өне бойы салдырап бос қалды.

Тағдыр талайымен жер шарының түкпір - түкпірінде, атап айтқанда, 55 елінде біздің қандастарымыздың жүргендігін «Көші - қон демографиясы» зерттеген екен.

Қандастар

АҚШ - та 14 000

Украинада 15 000

Түркияда 25 000

Тәжікстанда 10 000

Иранда 12 000

Өзбекстанда 1550 000

Моңғолияда 100 000

Ресейде 740 000

Қырғызстанда 45 000

Қытайда 1 500 000

Балалар, «Өз елің – алтын бесігің» демекші, қанша жыл өтсе де елі мен жеріне деген сағынышын жүрек түкпіріне сақтап, қайтсе де ата жұртына оралуды аңсаған қандастарымыз елге оралуда. Мұртаза Бұлытай, Шұғыла Сапарғалиқызы, Майра Мұхаметқызы сынды азаматтарымыз қазіргі таңда бойындағы бар күш - жігерлерін туған елді көркейтуге жұмсауда.

I құрылтай -1992 жылы 29 қыркүйекте Алматыда;

II құрылтай -2002 жылы 23 қазанда Түркістанда;

III құрылтай -2005 жылы 29 қыркүйекте Астанада;

IV құрылтай -2011 жылы 25-27 мамырда Астанада өтті.

Ендеше, балалар, туған жерге сүйіспеншілігімізді білдіру мақсатында сабағымызды Т.Молағалиевтың «Қаздар қайтқанда» әнімен қорытайық.

Бағалау. Оқушыларды бағалау.

Үйге тапсырма: «Туған жердей жер болмас» тақырыбына шығарма жазып келу.

**Ж.ҚҰРЫМБАЕВА,**  
**Іңкәрбек Жұмағұлов**  
**атындағы орта мектеп.**  
Алматы облысы,  
Райымбек ауданы,  
Шырғанақ ауылы

## **МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ.** **«ТОЛҚЫН» ӨЛЕҢІ**

Сілтеме:	7-сынып оқулық, әдістеме. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық, интернет материалдары.
Жалпы мақсат:	Оқушылардың тіл байлықтарын, өз беттерінше ізденулерін арттыру.
Оқыту нәтижелері:	Топпен жұмыс жүргізе отырып Мағжан Жұмабаев туралы алған білімдерін қолдана алады; «Толқын» өлеңін оқи отырып тіл байлықтары, ой-өрістері кеңейеді; Өзін-өзі реттей отырып бірін-бірі бағалай алады;
Негізгі мақсат:	1. Оқушыларға «Толқын» өлеңін мәнерлеп оқыту, өлеңді құрылысына талдата отырып әдебиет теориясымен жұмыс жүргізу, Мағжан Жұмабаев жайлы алған білімдерін қорытындылау. 2. Өз ойларын ашық, еркін айту, мәнерлеп оқуға, бірін – бірі бағалауға үйрету; 3. Ақын өлеңі арқылы табиғатты сүйуге, сырын ұғуға, қорғауға тәрбиелеу.
Сабақтың әдісі:	«Ой қозғау», Қызығушылықты ояту, «Топтастыру», Бірге ойлаймыз, «Алма ағашы», «Өлең сәні», «Де Боне 6 ойлау қалпағы».
Модульдер:	Сыни тұрғыдан ойлау; Оқу мен оқытудағы жаңа әдіс-тәсілдер; Жас ерекшеліктеріне қарай оқыту; АКТ-ны пайдалану; Талантты және дарынды балаларды оқыту; Оқуды және оқыту үшін бағалау; Көшбасшылық.

Сабақтың көрнекілігі:	Ақын портреті, кеспе қағаздар, нақыл сөздер, проектор арқылы слайд, стикерлер, бояулар, бағалау парағы.	
Ұйымдастыру:	Оқушылармен амандасу. Оқушыларды түгелдеу.	
	Шаттық шеңбер құру. Оқушылар бір-біріне жылы сөздер айтады.	Топқа бөлу ( күн,көк, жер, теңіз) Күншығыстан таң келеді, мен келем Көк күніренеді, мен де көктей күңіренем. Жердің жүзін қараңғылық қаптаған, Жер жүзіне нұр беремін, Күн берем!
Үй тапсырмасын сұрау	Өлшемді бағалау жүргізу. 1. Өлеңді мәнерлеп, дұрыс айтуы. 2. Толық жаттауы. 3. Уақытты тиімді пайдалану. Ең жоғарғы 3 ұпайы. «Сүйемін» өлеңін жатқа айту. «Актерлық шеберлік» өлең мазмұнына сай қысқа сахналық көрніс.	
Жаңа сабақ.	«Ой қозғау». 1. Жас ерекшеліктеріне сай оқыту модулі бойынша «Толқын» атты ребусты шешкіземін. 2. «Топтастыру» стратегиясы Толқын қандай болады? Толқын – көк, ащы, бұйра, толқынды, жылдам.  Қызығушылықты ояту. Бейне арқылы теңіз көрнісін көрсету. Толқын өлеңін мәнерлеп оқып беремін. Әр топтан бір – бір оқушыға оқыту.  «Бірге ойлаймыз» әдісі. Өлеңді оқығандағы өз сезімің? Өлең ұнады ма? Неліктен? Қалай әсер етті? Өлең лириканың қай түріне жатады? Өлеңнің мазмұнын айту. «Кәусар» деген қандай мағына береді? Өлеңдегі дауыссыз дыбыстардың рөлі қандай? Толқын көрінісін беруде ақын қандай сөздерге, дыбыстарға сүйенеді? «Мағжан –дыбыстан сурет жасайды» деген пікірді осы өлең арқылы дәлелдей аласыңдар ма?	

	<p>Ақын өлеңде қандай мәселені сөз етеді? «Толқын» атты өлеңінде ақын өмір философиясы туралы толғанады.</p> <p>Толқыннан толқын туады, Толқынды толқын қуады, Толқынмен толқын жарысады, – деп, ақын айтқандай, өмірдің өзі бірін-бірі қуған, жарысқан осындай толқындардан тұрмақ. Өмір ағысы осындай.</p> <p>С.Мұқанов Мағжанның негізгі айтпақ ойын елден бұрын сезген.</p> <p>Мағжан Жұмабаевтың «Толқын» өлеңіне назар аударсақ: Толқыннан толқын туады, Толқынды толқын қуады, Толқынмен толқын жарысад, Күңіреніп кенеспен, Бітпейтін бір егеспен, Жарысып жарға барысад, – деп өзі көрген замана келбетін табиғат көрінісі арқылы суреттейтін тәрізді. Ақынның «Шығармалар» жинағының /1995/ «Түсініктерінде» осы өлең туралы «Толқын» – ақын репрессияға ұшырарда кінә етіп тағылған өлеңдердің бірі көрінеді. «Толқыннан толқын туады, толқынды толқын қуады, толқынмен толқын жарысад» деген қуатты өлең жолдарының астарында қоғамға қарсылық бар деген айып тағылған» (244-б.), – делінген.</p> <p>Сергіту сәті М.Жұмабаев «Дай дидау» өлеңін айту Топтық жұмыс Өлеңнің құрылысына сатылай кешенді талдау жүргізу 1. Тақырыбы: Өмір құбылыстары. 2. Авторы: М.Жұмабаев. Идеясы: табиғат көрінісі арқылы өмір құбылыстары жайлы. 3. Жанр түрі: өлең 4. Шумақ: 4 шумақ. 5. Тармақ: 1-6, 2-12, 3-6, 4-6 6. Буын саны: 7-8 буынды 7. Бунақ саны: 2 бунақты</p>
--	--



## Ы.АЛТЫНСАРИН. «ҚАЗАҚ ХРЕСТОМАТИЯСЫ»

	<p>10. Ұйқас түрлері: аралас ұйқас (а, а, б, в, в, б) «Толқын» 4 шумақты, 6 тармақты, 7,8 буынды, 2 бунақты, аралас ұйқас.</p> <p><i>Тол/қын/нан // тол/қын туа/ды, //</i> а, 7 буынды, <i>Тол/қын/ды // тол/қын қуа/ды, //</i> а, 7 буынды <i>Тол/қын/мен тол/қын жар/ы/сад.</i> б, 8 буынды <i>Кү/ңі/ре/ні/сіп ке/ңес/пен,</i> в, 8 буынды <i>Біт/ней/тін бір е/гес/пен</i> в, 7 буынды <i>Жа/ры/сып жар/ға ба/ры/сад.</i> б, 8 буынды</p> <p>Әдеби-теориялық ұғымдар: пейзаж, анафора, кейіптеу, эпитифора.</p> <p>«Өлең сәні» әдісі. Әдебиет теориясымен жұмыс. Топтық жұмыс, Өлеңнен дәлелдеу.</p> <p>I топ. Пейзаж. II топ. Қайталаудың түрі. III топ. Ұйқас. IV топ. Кейіптеу.</p>
Қорытындылау	<p>Не білдім? Мағжан Жұмабаев өмірі және шығармалары жайлы білгенін сұрап шығу.</p> <p>«Де Боне 6 ойлау қалпағы» арқылы қорыту.</p>
Бағалау	<p>«Мағжан жұлдызы» кімге бұйырады? Оқушылардың жауаптарына, белсенділіктеріне қарай жұлдызшаның бөліктері арқылы формативті бағалап, белсенділіктерін ескере отырып жиынтықты бағаларын қою. Жұлдызшаны тапсыру.</p>
Үйге тапсырма	<p>Толқын» өлеңін жаттау. “Мағжандай болу арманым” атты шығарма жазу.</p>
Рефлексия	<p>«Алма ағашы» әдісі бойынша оқушылармен кері байланыс жасап, келесі сабақты жоспарлаймын. Оқушыларға қызыл және жасал алманың суретін таратамын. Сабақ соңында жасал түсті алма - мен бүгін бәрін жақсы орындадым, көңіл-күйім жақсы, ал қызыл алма - мен тапсырманы орындай алмадым, көңіл күйім жок.</p>

Сілтеме:	9-сынып оқулығы: Т.Ақшолоақов, Т.Жұмажанова, С.Қалиев, С.Дүйсебаев. Қосымша ресурстар: МАН.			
Мақсаты:	Ы.Алтынсарин «Қазақ хрестоматиясы» оқулығы жайлы түсініктерін кеңейту, ойлау, сөйлеу дағдыларын жетілдіру, сыни ойлауға, өмірмен байланыстыра білуге жетелеу. Автор шығармашылығы жайлы басқа дереккөздерден іздену, ой белсенділігін дамыту, шығармашылық ізденіске бағыттау.			
Оқыту нәтижесі:	Жаңа тақырыпты өз бетінше игереді. Көрсетілмді сөйлету арқылы диалог құрады. Теориялық білім мен іс- әрекетті шебер үйлестіреді.			
Негізгі идеялар:	Топпен жұмыстарды ұйымдастыру, өзара әрекет арқылы бір-бірімен кеңесу, тақырып бойынша түсініктерін одан әрі дамыту, кеңейтілген тапсырмаларды тиімді орындауды жүзеге асыру. Сөз тереңдігін түсініп, бағалай білуге дағды қалыптастыру.			
Ресурстар:	Потрет, буклет. Қима қағаздар. Тапсырма парақшалары. Флипчарт. Стикерлер. Маркерлер. Оқулық. Оқушы жұмыс дәптері.			
Күтілетін нәтиже:	Ы.Алтынсарин «Қазақ хрестоматиясы» оқулығының тақырыбын, негізгі идеясын аша алады. Оқулыққа енген әңгімелерді ажырата алады. Тың деректер қарастыра алады. Басқа дереккөздерден ізденеді.Сыни көзқарас қалыптасады. Шығармашылық ізденіске бағытталады. Алған білімдерін өмірмен байланыстырады.			
Оқыту моделі	АКТ (ақпараттық коммуникативтік технология), СТО (сын тұрғысынан ойлау), ОЖЕ (оқушылардың жас ерекшеліктері), ТжДОЖ (талантты және дарынды оқушылармен жұмыс). ОБЖК (оқытуды басқару және көшбасшылық), ОУБЖОБ (оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау), ДО (диалогтық оқыту)			
Сабақтың кезеңдері	Уақыты	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау
Кіріспе. Ұйымдастыру	2 мин.	1. Ұйымдастыру кезеңі. а) Амандасу. ә)Түгелдеу. б) Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру. в) Топқа бөлу.	Пазлдар алып, топқа бөлінеді. Алған суреттеріне орай топқа «Абай», «Ыбырай», «Мұқағали» топтарына отырады.	Марапаттау

## МҰРАТ МӨҢКЕҰЛЫНЫҢ "ҚАРАСАЙ-ҚАЗИ" ДАСТАНЫ

Үй тапсырмасын сұрау.	5 мин.	Үй тапсырмасын сұрау. «Иә», «Жоқ» стратегиясы бойынша сұрақтар ауызша оқылады.	Иә», «Жоқ» стратегиясы бойынша сұрақтарға жазбаша жауап береді.	Өзін-өзі бағалау парақшасы.
Тұсаукесер.	2 мин.	Ой қозғау. «Миға шабуыл» сұрақтары арқылы жаңа тақырыпты ашу.	Ойларын береді. Жаңа тақырыпты шығару	Өзін-өзі бағалау парақшасы.
Негізгі бөлім	15 мин.	Қадағалау. Мұғалім тақырыпты бөліп береді. «ДЖИГ СО» әдісі. Ментальды карта. Фишбоун. Кластер.	Әр топқа берілген тапсырма бойынша тақырыпты талқылайды. Жоба қорғап, тақырыпты ашады. Өмірмен байланыстыру.	Өзін-өзі бағалау парақшасы.
Кейінгі тапсырмалар.	10 мин.	Бейне көрсетілім: Бейне көрсетілім: Ы.Алтынсарин «Әке мен бала».	Топта жұптық жұмыс жасайды. Ойларын беру. Қайта салыстыру.	Өзін-өзі бағалау парақшасы.
Қорытынды.	5 мин.	«Айналымды бекеттер» әдісі	1.Топта жеке жұмыс жасайды. 2. Тың деректер айту.	Өзін-өзі бағалау парақшасы.
Рефлексия.	5 мин.	Рефлексия (кері байланыс) Ой жинақтау (ой-түйін) 5 жолды өлең Кім?----- Қандай тақырып? --- Не істедім?----- Не түсіндім?--- Түйінді сөз-----	Бүгін сабақтан алған әсерім.	Мадақтау.
Үйге тапсырма.	1 мин.	Ы.Алтынсарин «Қазақ хрестоматиясы» мазмұнын түсініп оқу, өлеңдерін жаттау. Ғаламтордан, басқа дереккөздерден іздену.		

Максаты	Сабақтың білімдік мақсаты: Мұрат Мөңкеұлының толғау – дастандарының мазмұнын меңгерту, ақын шығармаларынан игерген білімдерін тың мәліметтер беру арқылы тереңдету, деңгейлік тапсырмалар орындату арқылы бағалау.							
Күтілетін нәтижелер	Сабақтың дамытушылық мақсаты: Әр оқушының өзіндік ой-қиялына ерік бере отырып, өзінше ой түйеуге баулу, шығармашылық жұмыс жасауға жұмылдыру, танымдық белсенділігін арттыру, тіл байлығын дамыту. Сабақтың тәрбиелік мақсаты: Айтыскер ақын, жырау шығармалары арқылы оқушыларды адами қасиеттерге баулу, ақын көтерген тағылымды дүниелерден үлгі-өнеге алуға шақыру;							
Керекті жабдықтар	Оқулық, жұмыс дәптері, флипчарт, маркерлер, АКТ.							
Сабақ барысы:								
Сабақ кезендері	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті						
Кіріспе	1.Амандасу, түгелдеу.  Тренинг: «Шаттық шеңбері».  Топқа бөлу «Жұбынды тап»  «Крестиктер-нөлдіктер» әдісі бойынша үй тапсырмасын тексеру.	Оқу құралдарын алып сабаққа әзірленеді. 1. 1-топ (нөлдіктер) кестеден сан таңдайды. 2. Мұғалім сол нөмірдегі сұрақты оқиды. 3. Жауап дұрыс болған жағдайда, 1-топ сол квадратқа крестик қояды. 4. Жауап дұрыс болмаған жағдайда, 2-топ (крестиктер) сұраққа жауап беруге және сол квадратқа крестик қоюға мүмкіндік алады.						
	<table border="1" style="display: inline-table;"> <tr> <td>1</td> <td>2</td> <td>3</td> </tr> <tr> <td>4</td> <td>5</td> <td>6</td> </tr> </table>	1	2	3	4	5	6	
1	2	3						
4	5	6						
Негізгі бөлім	1. Мұрат Мөңкеұлының өмірі туралы түсінік. Ақын өмір сүрген кезең. 2. Мұраттың арнау өлеңдері, олардың тақырыптары. 3. Ақынның сұлулық тақырыбына арналған өлеңдері, мәнерлеп жатқа оқу, мазмұнын түсіндіру. 4. Мұрат – айтыскер ақын. 5. Ақын жырларының көркемдігі. 6. Мұрын жырау естеліктері.							

**Т.ТЛЕУОВА,**  
**Қ.Кемеңгеров атындағы ЖОББМ.**  
 Павлодар облысы,  
 Баянауыл ауданы,  
 Күркелі ауылы

## ЛИРО-ЭПОСТЫҚ ЖЫРЛАР

Сабақ мақсаттары	<p>Барлық оқушылар:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>•Лиро-эпостық жырлар бойынша сұрақтарға жауап бере отырып өз бетімен тақырыпты игере алады, бұрынғы білімдерін жинақтай алады, берілген тақырыпшалар арқылы білімдерін жинақтап постерге түсіре алады</li> </ul> <p>Оқушылардың басым бөлігі:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>•Батырлар жырымен салыстыру арқылы лиро-эпостық жырлардың ерекшеліктерін тани біледі, жұптық, топтық жұмыста ойларын дәлелдеу, пікірін білу барысында диалогқа түсе алады, пікірлер мен ұсыныстарды ескере отырып ортақ шешімге келе алады</li> </ul> <p>Кейбір оқушылар:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>•Лиро-эпостық жырдың құндылығын анықтап тұжырымды ойларын жаза алады (ТЖД)</li> <li>•Лиро-эпостық жырлар жайлы ойымызды тұжырымдай отырсақ, оның құндылығы ... сияқты аяқталмаған сөйлемдер арқылы құндылығын анықтап жаза алады (ККЕО)</li> </ul>
Тілдік мақсат	<p>Оқушылар:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>•Лиро-эпос жыры, оның басты тақырыптары, кейіпкерлері, ерекшеліктері, оларды зерттеген ғалымдар, ондағы халық тұрмысы, т.б. жайлы пікір алмасу арқылы диалогқа түседі, постерге түсіріп қорғай алады, жұппен, топпен дәлелдей алады.</li> </ul> <p>Негізгі сөздер мен тіркестер:</p> <p>Лирика, эпика, дастан, ішкі сезім, әдет-ғұрып, халықтың тұмысы, ұрпақ, ауыздан-ауызға, дүниетаным, сүйіспеншілік, өмірге көзқарас, лиро-эпостық поэмалар, ғашықтық жырлар, батырлар жыры.</p> <p>Сыныптағы диалог/жазылым үшін пайдалы тілдік бірліктер:</p>


	<p>Жаңа сабақты меңгерту.                  Оқулықпен жұмыс.                  Аудио тыңдау</p> <p>«Қарасай-Қази» толғауы .Мәтінмен жұмыс                  Толғаудағы жалқы есімдер:                  Жер-су аттары:</p> <p>Сөздік жұмысы                  Шәйіт \Қиямет \ Бұғалық                  Шәйіт-елі, халқы үшін құрбан болған адам.                  Қиямет-діни сенім бойынша, о дүниеге барғанда адам өтетін қыспақ.                  Бұғалық-асау ұстауға ыңғайлап, үш жағын ілмектеп, тұзақтап байланған мықты қыл арқан.                  Дастан мазмұнына талда</p> <table border="1"> <tr> <td>Ақын дастанының тақырыбы</td> <td>Ақынның батырлықты бейнелеуі</td> <td>Дастанның тіліне талдау</td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> </table>		Ақын дастанының тақырыбы	Ақынның батырлықты бейнелеуі	Дастанның тіліне талдау						
Ақын дастанының тақырыбы	Ақынның батырлықты бейнелеуі	Дастанның тіліне талдау									
Қорытынды	<p>Ақынның дастан – толғауларының аттарын жазу, әрбір оқушыға толғау – дастандардан үзінді оқыту, мазмұнын айту.                  Толғаулары: «Топка түскендегі толғауы», «Мұраттың жалпыға айтқаны».                  Дастандары: «Шалкиіз», «Қазтуған», «Үш қиян», «Қарасай – Қази».                  Интернет материалдары.                  Ұйқасын тап ойыны арқылы оқушылардың білімдерін бекіту.</p> <p>5. Сабақты қорыту кезені.                  Мұрат Мөңкеұлының дастан – толғауларының қазіргі дәуір үшін маңызы. Ой – толғаныс.                  Оқушылардың өз пікірлері тыңдалады.</p>	<p>Білдім, тағы да білгім келеді бөліктерін алдымен жұппен, содан соң топпен орындайды                  Ұйқасын тап                  Адамдықты толғап өткен бұрыннан,                  Жырау деген – қасиетті ...                  Бостандықты іздеп, дүниені жырлаған,                  Мұрат ақын – неткен ғажап ...</p>									
Үйге тапсырма	<p>Ақынның толғау - дастандарын оқып, мазмұнын айту, талдау.                  Оқушылар күнделіктеріне үй тапсырмасын жазады.</p>										
Бағалау	<p>Кері байланыс.</p>										

Кері байланыс парағын толтырады.

Мұғалімнің топтық жұмыс кезінде жеке оқушының іс-әрекетін бағалауы Сынып ..... Күні .....

	Талқылауға арналған тармақтар:	
	Қандай жырларды лиро-эпостық жырлар дейміз және неге? Оның басты тақырыптары қандай? Ғашықтық жырлардың басты кейіпкерлері кімдер? Бұл жырлардың басты ерекшеліктері қандай деп ойлайсындар?	
	Лиро-эпостық жырлар неліктен көп нұсқалы болады деп ойлайсыз? Себебі не? Лиро-эпостық жырларды зерттеген ғалымдардан кімдерді білесіз? Олар зерттеулерді қалайша жүргізген?	
	Жазылым бойынша ұсыныстар:	
	Лиро-эпостық жырларда тек екі жас арасындағы махаббат, сүйіспеншілік қана суреттелмеген, онда сонымен қатар... . Лиро-эпостық жырлар жайлы ойымызды тұжырымдай отырсақ, оның құндылығы ...	
Алдыңғы оқу	Талдай алу, сұрыптау, тұжырымдау, өз ойын дәлелдеу, салыстыру дағдылары	
Жоспар		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған жаттығулар (төменде жоспарланған жаттығулармен қатар, ескертпелерді жазыңыз)	Ресурстар
Басталуы 0-3 мин ОмОЖТ СТО ОЖЕСО	<p>Психологиялық ахуал:</p> <p>1. Оқушыларды топқа тұрғызып, «Жүрек» суретін беру арқылы бір-біріне жылы тілектер айтқызып, «Бұл жүрек – ненің символы?» деген сауалға «Жүрек – махаббат, сүйіспеншіліктің символы» деген жауап алу</p> <p>2. Махаббат жайлы цитаталар жазылған қағаз қиындыларды таңдап алу арқылы сынып төрт топқа бөлінеді. Құрастырылған қағаздағы жазылған цитаталарды оқу.</p> <p>- Бұл цитаталар не жайлы? (Ғашықтық, махаббат, сүйіспеншілік)</p> <p>- Қазақ әдебиетіндегі әйгілі ғашықтардан кімдерді білесіңдер? (Қозы Көрпеш – Баян сұлу, Қыз Жібек – Төлеген, т.б.)</p> <p>- Олай болса, олар жайлы шығармаларды қалай айтамыз? (Лиро-эпостық немесе ғашықтық жырлар)</p> <p>3. Лиро-эпостық жырлар туралы тақырыпты анықтау. Сабактың мақсатын ашады.</p>	<p>1. Жүрек суреті</p> <p>2. Цитаталар: Махаббатсыз дүние бос, Хайуанға оны қосыңдар. Абай Махаббат жастар айтпақшы құмарлықпен емес, сенімділікпен, баяндылықпен өлшенеді. Цицерон Ғашықтың тілі - тілсіз тіл, Көзбен көр де, ішпен біл. Абай Махаббат сыртқы құбылыс емес, ол үнемі біздің ішімізде. Луиза Хей</p> <p>3. Қима қағаздар</p>

<p>Ортасы 4-13 минут ОмОЖТ СТО ОуБжОБ ОбжК ТжДБО</p>	<p>Білу: «Карусель» әдісі бойынша «Лиро-эпостық жырлар» яғни ғашықтар жыры туралы не білетінін еске түсіріп, постерге түсіреді. 4 топқа төмендегі талдауға арналған сұрақтар беріледі.</p> <p>1- топ: Лиро-эпостық жырлар деп қандай жырларды айтамыз?</p> <p>2-топ: Лиро-эпостық жырлардың басты тақырыптары қандай?</p> <p>3-топ: Лиро-эпостық жырлардың басты кейіпкерлері кімдер?</p> <p>4-топ: Лиро-эпостық жырлардың ерекшеліктері қандай? – деген сұрақтарға жұбында және тобында талқылап, ортақ шешімдерін, жауапты берілген А3 қағазына түсіреді. Сағат тілінің бойымен жүре отырып әр топ өзге топтың жазғанын бағалайды. (✓ – түсінікті, ? – түсініксіз – сұрақ жазып кетеді, ! – белгісін қояды, толықтырып кетеді).</p> <p>Түсіну: Лиро-эпостық жырлар жайлы төрт тақырыпшаға бөлінген мәтін тарағылады. Топқа бір тақырыпшадан ғана оқу тапсырылады, түсінгендерін жұппен, топпен талқылайды. «Мозайка» әдісі бойынша топ мүшелері өзге топтарға бөлініп барып, оқыған өз тақырыпшаларын түсіндіреді, үй топтарына қайтып оралып, түсінгендерін топта айтады.</p> <p>Қолдану және талдау: Әр топ мүшесі басқа топтардан жинаған акпараттарымен бөлісіп, тақырып жайында толық мәлімет алады және түсінгендері бойынша негізгі мазмұнның басты идеясын тірек сөздерін пайдаланып, ортақ ойларын постерге түсіреді. Постерге түсіргенді топ спикерлері ортаға шығып қорғайды. Басқа топ мүшелері түсінбеген тұстарына сұрақтар қоя алады.</p> <p>Бағалау өлшемдері: 1. Тақырыптың ашылуы. 2. Ойдың тиянақтылығы. 3. Идеялардың дәйектілігі.</p> <p>Жинақтау. Батырлар жыры мен лиро-эпостық жырлардың айырмашылығы мен ұқсастығы қандай? Жеке, жұпта және топта талқылау арқылы ортақ шешімдерін Венн диаграммасына салу арқылы білдіреді.</p>	<p>Флипчарт, түрлі-түсті маркерлер, қалам, қарындаш, т.б.</p> <p>Оқулық, мәтіндер</p> <p>Флипчарт, қалам, қарындаш, маркер, скотч, қайшы, стикерлер (түрлі-түсті)</p> <p>Флипчарт, маркер, скотч, қайшы, т.б.</p>
<p>14-21 минут ОмОЖТ ОЖЕСО ТжДБО</p>	<p>22-29 минут ОмОЖТ СТО ТжДБО ОбжК</p>	

29-35 минут СТО ОұБжОБ ОБжК		
Аяқталуы 36-45 минут СТО ТЖДБО ОЖЕСО ОұБжОБ	<p>Рефлексия:                  «Лиро-эпостық жырлардың құндылығы неде?» деген сауалға жауап хат жазуды ұсыну. Жаңа тақырыпты негізге ала отырып, хат жазып, ойларын дәлелдейді.</p> <p>Бағалау өлшемдері:                  1. Сөйлемдердің дұрыс құрылуы, сауаттылығы.                  2. Ойдың бірізділігі, жүйелілігі.                  3. Көркем тілмен жазылуы.</p> <p>Кері байланыс:                  Не білемін?                  Не білдім?                  Не білгім келеді?                  Стикерлер таратылып, жазу тапсырылады.                  Үйге тапсырма: оқулықтан 68-70 беттерді оқу.</p>	Стикерлер
Қосымша ақпарат		
Саралау – Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Сіз қабілеті жоғары оқушыларға тапсырманы күрделендіруді қалай жоспарлайсыз?	Бағалау – Оқушылардың үйренгенін тексеруді қалай жоспарлайсыз?	Пәнаралық байланыс. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелері. АКТ-мен байланыс. Құндылықтардағы байланыс
•Қосымша көмек қажет ететін оқушыларға эссе жазуда аяқталмаған сөйлемдерді ұсынамын; жүппен, топпен жұмыс барысында бағыттап отырамын; •Қабілеті жоғары оқушылардан жоғары дәрежелі сұрақтарға жауап аламын; эссе жазуда өздерінің ойларын терең жеткізе алады.	•Қошеметтеу, бас бармақ –уәж. •«Карусель» әдісі арқылы бағалаушы топ өзге топтарды бағалайды. •БББ – кері байланыс.	•Қазақ тілі, тарих. •Интербелсенді такта.

## КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ СТИЛІ

Мақсаты: көркем әдебиет стиліне тән ерекшеліктерді меңгерту.

Міндеттері: көркем әдебиет стилінің қоғамдық-әлеуметтік мәнін түсіндіру, әдеби шығармалардың көркемдік сипатын таныту, мәтіндегі көркем образдар мен бейнелі сөздерді, троп түрлерінің мағынасын ажырату; б) оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, көшбасшылыққа бейімдеу; в) оқушылардың эстетикалық сезімдерін ояту, оқырмандық қасиеттерін арттыру.

Түрі: аралас сабақ.

Типі: жаңа ұғымды меңгерту.

Әдісі: топтық жұмыс, тест, шығармашылық тапсырмалар, шағын дебат, талдау.

Сабақтың барысы:

Ұйымдастыру кезеңі: Кейіпкерлер суреті арқылы топқа бөлу. 1-кейіпкер «Ер Төстік» ертегісіндегі Ер Төстік, 2-кейіпкер Жамбыл Жабаевтың «Өтеген батыр» дастанындағы Өтеген батыр. Оқушылар суреттерге қарап, кейіпкерлерді табады. Сол арқылы топқа бөлінеді.

Үй тапсырмасы: «Стилистика және тіл мәдениеті» деген бөлімдер бойынша тест алынады.

Тест:

1. Қазақ әдеби тілінің стильдік тармақтары нешеге бөлінеді? А)2; В)3; С) 4.
2. Жазба тіл қай ғасырда «Кітаби тіл» атанды? А)Хғ. В) XIII ғ. С)XIXғ.
3. Қарапайым сөздер мен сөз тіркестерін еркін қолдану, даярлықты қажет етпеу қай стильге тән? А) көркем әдебиет стилі; В) ауызекі сөйлеу стилі; С) ғылыми стиль.
4. Кітаби стиль түрінің неше түрі бар? А) 3; В) 4; С) 5.
5. «Стиль» сөзі қай тілден енген? А) латын; В) грек; С) түрік.

Жаңа сабақ.

Сабақтың эпиграфы: «Қазақ тілі жақұт моншақ тәрізді, жіпке тізіп, жарқырата таққандай».

Сабақтың кіріспесі: Сөз-өз бойына биологиялық (сөз тию, көз тию ғылымда дәлелденген), физикалық (сөздің салмағы, адамға әсер етер сөз жылдамдығы, үдеме күші), химиялық (адам жанын қанаттандыру немесе күйдіріп, күйрету) қасиеттерді жинаған жанды құбылыс.

Жазушы осындай бейнелі сөздермен шығармаға жан бітіреді. Мысалы, қар жауды дегеннен гөрі қар жапалақтап жауып тұр деген сөз тіркесі көз алдымызға басқаша сурет береді.

Мақсаты, қолдану аясы, стильдік сипаты туралы айту.

Топпен жұмыс. М.Әуезовтің «Абай жолы» романынан үзінді.

...Сылдырлаған шолпысы әлдеқандай былдырлаған тілменен Тоғжанның келері мен кетерін паш етеді. Құлақтағы әшекей сырғасы, бастағы кәмшат бөркі,білек толы неше білезіктері-баршасы да бұл өңірден Абайдың көрмеген сәні сияқты. Толықша келген, аппақ жүзді, қыр мұрын, қара көз қыздың жіп-жінішке қасы да айдай боп қиылып тұр.

Қарлығаш қанатының ұшындай үп-үшкір боп, самайға қарай тартылған қас жүрекке шабар жендеттің жебесіндей.

1-топ.

Портреті	Экспрессивті сөздер	Эпитет	Тенеу	Ритм беруші сөз тіркестері

2-топ. Ә.Нұрпейісов «Қан мен тер» романынан үзінді.

Теңіз үстінің дауылы тіпті қатты еді. Қара дауыл қу қайықты қаңбақтай ұшырып әкеледі.

Теңіз күші бойына сыймай қайнап жатыр. Ереуіл толқындар қыр көрсеткендей, үйдей-үйдей боп теңіз бетіне жұлқынып ойнап шығады. Жалмұраттың зәресі ұшты. Үстінде түнерген аспан; табанының асты түпсіз құрдым; уақыт өткен сайын айнала төңіректі суық мұнар басып,түнеріп, бар әлемді бір-ақ уыс қып сығып барады. Қара жер көрінбейді. Қай жағына қараса да көк теңіз көзінің алдында дөңгеленіп, үйіріліп жатыр.

Тенеу	Экспрессивті с.	Кейіптеу	Эпитет	Образды с.

2-тапсырма.

Оқулықпен жұмыс 65-жаттығу.

Мәтіннен көркем, бейнелі сөзді табу. Тақтаға 1 сөйлемге синтаксистік талдау жасау.

Үш-төрт күннен бері қарай айықпаған шыңылтыр аяз бүгін де сықырлап білініп тұр.

Біз де сүйек, еттен жаралған жанбыз.

3-тапсырма. «Ақын өлеңіндегі сезім сырлары»

Өлеңдегі ақын сезімі	Оқығандағы сезімім	Ортақ пікір
-Атуға сен қимадың ба? -Қимадым. Туған жердің құстарын да сыйладым. Сұрт көзінді, деппін оған суланған, Күлген болдым кісідей-ақ қуланған. Өз көңілімді қайтсем екен қиналған, Өз көзімді қайтсем екен буланған?		

Өлеңдегі ақын сезімі	Оқығандағы сезімім	Ортақ пікір
Мен таулықпын! Таудан мен жаратылғам. Бұлт бүркеніп,жай отын ала туғам Күн алғашқы сәулесін маған шашып, Маған келіп түнейді қара тұман.		

Сергіту сәті. Күй тыңдау. С.Тұрысбеков. «Көңіл толқыны»

4-тапсырма. 67,71-жаттығу (ауызша)

5-тапсырма. Тақырып беріледі. Көркем, бейнелі сөзбен ойтолғау жазу.

Шағын дебат. Көркем әдебиет стилінің қанша қажеті бар, онсыз да тіршілік етуге болады ғой, мен келешекте жазушы болмаймын деген сұраққа жауап іздейді.

Қорытындылау.

Сабақтан қандай әсер алдың? Қандай бөлімдері ұнады, неліктен?

Бағалау.

Үйге: 1-желтоқсан Президент күніне арнап, көркемдегіш сөздерді пайдалана отырып, эссе жазып келу.

**Г.САҒЫНДЫҚОВА,  
Ы.Алтынсарин атындағы мектеп-гимназия  
базасындағы тірек мектебі.**

Қарағанды облысы,  
Шет ауданы,  
Ақсу-Аюлы мекені

## ҚАШАҒАН КҮРЖІМАНҰЛЫ. «ЕСҚАЛИ СҰПЫҒА АЙТҚАНЫ» ӨЛЕҢІ

Максаты:	1. Қашаған Күржіманұлы, оның «Есқали сұпыға айтқаны» өлеңі туралы толық мағлұмат ала алады. 2. Қашаған Күржіманұлы шығармаларының тақырыбын ашады. 3. Әдеби теориялық тұрғыдан талдау жасай алады.	
Оқу нәтижелері:	Қашаған Күржіманұлының ақындық, адамдық болмысы, шығармаларының ерекшелігі туралы білді.(барлығы) Заман талабына сай құрал-жабдықтарды колдана алды.(кейбіреуі)	
Әдіс-тәсілдер:	Топқа бөліну, «Зерттеуші шеберханасы», сұрақ-рефлексия.	
Түйінді идеялар:	«Қашаған XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезінде Қазақстанның батыс аймағында өзінен бұрынғы Абыл мен Махамбет қалыптастырған ақындық, жыраулық дәстүрден өнеге алып, оны ілгері дамытқан әйгілі ақындарының бірі.» Ғалым Қабиболла Сыдиықұлы.	
Сабақ кезеңдері:	Мұғалімнің әрекеті	Оқушының әрекеті
Кіріспе Уақыты: 5-7 минут	Қатысушылар бір-бірімен танысып, өзі туралы сипаттайды.	Шеңберде тұрған қатысушы қасындағы көршісіне өзін таныстырады. Мысалы, «Ақылды Аққу», т.б.
Топқа бөлу	Жұлдызшалардың түстеріне қарай топқа бөлу.	Оқушылар түрлі-түсті жұлдызшалар арқылы 3 топқа бөлінеді.
Үй тапсырмасын пысықтау. Тұсаукесер. Уақыты: 8-10 минут	«Ыстық орындық» әдісі арқылы үй тапсырмасы сұралады.	Әр топтан 3 оқушы сұрақтарға жауап береді.

Негізгі бөлім Уақыты: 20 минут	<p>- «Ақын» деген кім? - «Жырау» деген кім? - «Жыршы» деген кім?</p> <p>Презентация: «Қашаған Күржіманұлы». - Балалар, бүгінгі сабағымыздың тақырыбы Қашаған Күржіманұлы (1841-1929 жж.) «Есқали сұпыға айтқаны» өлеңі. Ендеше барлығымыз бірлесе отырып сабағымыздың мақсатын анықтайық. Ал осы мақсатқа жету үшін қандай сұрақ туындайды?</p>	<p>Оқушылар жауабы тыңдалып, талқыланады.</p> <p>Барлығы бірлесе отырып сабақтың мақсатын анықтайды және сол мақсатқа жету үшін қандай сұрақтың шешімін табулары керектігін анықтайды.</p>
	<p>- Жаңа тақырыпты түсіну:</p> <p>I топ «Есқали сұпыға айтқаны» өлеңіне жоспар құру. II топ Өлең мәтіні бойынша постер қорғау. III топ Өлең мәтіні бойынша сурет салу. Жоспар. 1.Кіріспе бөлім мазмұны. 2.Келіннің әдепсіздігін жерлеу (оқушы Кете аулы, халықтың қонақ күту дәстүрі туралы өз пікірін айтады). 3. Ақынның сұпыға тиісуі 4. Сұпының домбыраға тіл тигізуі. 5. Қашағанның сұпыға айтқан сөзі:</p> <p>Әр топқа түрткі болу сұрақтары: I топ. Осы өлеңнің қай жерінде тірі ағаш сипатталады? Жауабы: Жаның сая табатын, Орман болған бұл ағаш. Қорыққанда жалғызға, Қорған болған бұл ағаш. Бұтақтары бүгіліп, Көктен төмен үңіліп, Қарның ашып келгенде Жүрегіңді жалғауға Нәсіп болған бұл ағаш.</p> <p>II топ. Ағаштардың қасиеттерін қай шумақтардан табуға болады? 1. Аруақты ерлердің Қолындағы қу ағаш. (Ту, жалау, байрақтың үлгісін көрсетіп, сабы ағаштан екендігін айту.</p>	

	<p>2. Жаның сая табатын Орман болған бұл ағаш. (Өсімдік, ағаш, тоғай, орманның адамға, жануарға т.б. пайдасы)</p> <p>3. Қорыққанда жалғызға, Қорған болған бұл ағаш (Жалғыз жаяу жолға шыққан адам сактану, қорғану үшін ағашты паналайды)</p> <p>4. Бұтақтары бүгіліп, Көктен төмен үніліп, Қарның ашып келгенде, Жүрегінді жалғауға Нәсіп болған бұл ағаш (Ағашқа өсетін алуан түрлі жеміс-жидектің адамға тигізетін зор пайдасы)</p> <p>5. Пайғамбарлар туғанда Бесік болған бұл ағаш (Қазақтың ұлттық бұйымы бесіктің жас нәрестенің тазалығына, денсаулығына, тыныштығына, жинақылығына, ұйқысына өте қажет екендігі)</p> <p>6. Ибраһим Қағба салғанда Есік болған бұл ағаш (Ибраһим пайғамбар Меккедегі мұсылмандардың ғибадат ету орнын салғанда, жалпы адам баласы баспанасына есікті ағаштан жасайтыны туралы)</p> <p>7. Мұнаралы әр жерде Мешіт болған бұл ағаш (Ағаштан салынған мешітке Қарқаралыдағы Құнанбай салдырған мешітті айту)</p> <p>8. Шеберлердің қолында Кәсіп болған бұл ағаш (Қол өнер шеберлерінің ағаштан алуан түрлі әсем бұйымдар жасайтыны туралы)</p> <p>9. Дариядан өткенде Пырақ болған бұл ағаш (Су көліктері: кеме, қайық, сал сияқты бұйымдардың ағаштан жасалғандығы)</p> <p>III топ. Төменгі сыныптарда ағаштың қасиетіне, киесіне байланысты оқыған қандай шығармаларды білесіңдер? (Шерхан Мұртаза. «Жүз жылдық жара») Әлдеқайда жолың түсіп Молдавияға бара қалсаң, Кишинев деген астанасының дәл ортасындағы бауда Пушкин көрді деген бір ағаш тұр. Оның паспорты да бар... Дәл осындай Байшынар біздің Шыңбұлақтың Шоқыбас сайының өңірінде де бар. Ал бұл ағаштың паспорты өзгеше. Бұл шынардың ең – таңбасын тарих қамын ойлап салған жоқ 2-үзінді. Ш.Мұртаза. «ҚызылЖебе» Рысқұлов қарағай төсекке етпетінен түсіп, төсекті алақанымен сипалап, осылай күбірледі: - Ей, қасиетті қарағай! Адамдар сенен салтанатты сарай да салады, адамды қамайтын абақты да салады.</p>	
--	--	--

	<p>Адамдар сенен нәрестеге арнап бесік те соғады, өлікке арнап табыт та соғады. Ас ішетін қасық та, адам өлтіретін найзаның сабы да жасалады. Жақсылығың мен жамандығың-егіз. Жамандыққа сенің жазығың жоқ. Адамдар ойлап тапқан. Енді менің тұтқындық төсегім болдың. Табытым болар ма екенсің?</p> <p>Ақын өлеңдеріндегі әдеби-теориялық ұғымдарды анықтаңыз:</p> <table border="1" style="width: 100%;"> <tr> <td style="width: 50%;">Өлеңнен үзінді</td> <td style="width: 50%;">Әдеби-теориялық ұғымдар</td> </tr> <tr> <td>Қолымдағы қу ағаш, Сайрап отыр бұл ағаш. Асылы емен, қарағай, Шыққан жері су ағаш.</td> <td>Қу ағаш-домбыра – метонимия. (Өзара байланысты ұғымдарды бірінің орнына бірін қолдану)</td> </tr> <tr> <td>Сыртымнан естіген жұрт әуес еді, Тұлпардай шығып жүрген дабылымнан, Жас жігіт қонам десе, көң дер едің, Көрем де сақалымның буырылынан.</td> <td>Тұлпардай – теңеу Жас – эпитет</td> </tr> </table> <p>3. Блум деңгейіндегі сұрақтар: («Ескали сұпыға айтқаны») 1. Ескали кім? Білу. 2. Өлең мазмұнымен танысу барысында Қашаған бейнесі көзiңiзге қандай боп елестейдi? Түсiну. 3. Неге Қашаған қарапайым кедейлердiң үйiне қонбай, Ескали сұпының үйiн таңдады? Қолдану. 4. Бұл шығарманың маңыздылығы неде? Талдау. 5. Ақынның уытты өлеңiнен сон Ескали сұпы не iстедi деп ойлайсың? Жинақтау. 6. Осы оқиғадағы ең жағымсыз жан кім, Ескали сұпы ма, әлде оның келiнi ме? Бағалау 5. Ақын шығармашылығын заманындағы өзге ақындармен салыстырыңыз. Бүгiн сабақта мақсатымызға жеттік пе? Оны қалай дәлелдеймiз? Сұрақтарымыз шешiмiн тапты ма? Кесте толтыру</p> <table border="1" style="width: 100%;"> <tr> <td style="width: 33%;">Не бiлдiм?</td> <td style="width: 33%;">Не үйрендiм?</td> <td style="width: 33%;">Не бiлгiм келедi?</td> </tr> <tr> <td> </td> <td> </td> <td> </td> </tr> </table> <p>Оқушыларға үш түрлі сурет арқылы ой түйінін жасау ұсынылады.</p>	Өлеңнен үзінді	Әдеби-теориялық ұғымдар	Қолымдағы қу ағаш, Сайрап отыр бұл ағаш. Асылы емен, қарағай, Шыққан жері су ағаш.	Қу ағаш-домбыра – метонимия. (Өзара байланысты ұғымдарды бірінің орнына бірін қолдану)	Сыртымнан естіген жұрт әуес еді, Тұлпардай шығып жүрген дабылымнан, Жас жігіт қонам десе, көң дер едің, Көрем де сақалымның буырылынан.	Тұлпардай – теңеу Жас – эпитет	Не бiлдiм?	Не үйрендiм?	Не бiлгiм келедi?				<p>Оқушылар кестені толтырады. Оқушылар үш түрлі сурет бейнесі арқылы сабақтың түйінін жасайды.</p>
Өлеңнен үзінді	Әдеби-теориялық ұғымдар													
Қолымдағы қу ағаш, Сайрап отыр бұл ағаш. Асылы емен, қарағай, Шыққан жері су ағаш.	Қу ағаш-домбыра – метонимия. (Өзара байланысты ұғымдарды бірінің орнына бірін қолдану)													
Сыртымнан естіген жұрт әуес еді, Тұлпардай шығып жүрген дабылымнан, Жас жігіт қонам десе, көң дер едің, Көрем де сақалымның буырылынан.	Тұлпардай – теңеу Жас – эпитет													
Не бiлдiм?	Не үйрендiм?	Не бiлгiм келедi?												



**Р.УЛДАХАНОВА,**  
**А.Розыбакиев атындағы орта мектеп.**  
Алматы облысы,  
Ұйғыр ауданы,  
Бахар ауылы

## **МАХАМБЕТ ӨТЕМІСҰЛЫ.** **«СОҒЫС» ӨЛЕҢІ** (5-сынып)

Мақсаты: білімділік-Махамбет Өтемісұлының өмірі мен шығармашылығы туралы мәлімет беру; өлеңнің идеясын, Исатай-Махамбет бастаған шаруалар көтерілісінің мақсатын, соғыс сипатын, көтеріліс басшысы Исатай тұлғасын, соғыстағы іс-әрекеті мен қимылын, олардың мазмұнын ашатын тірек сөздердің мағынасын түсіндіру, берілген білімді жүйелеу.

2. Дамытушылық: ой-өрісін, әдеби дүниетанымын кеңейту, тіл байлықтарын, шығармашылық қабілеттерін дамыту;

3. Тәрбиелік: өлеңді оқыта отырып оқушыларды халқын, Отанын сүйуге, ерлік пен елдікке тәрбиелеу.

Түрі: аралас сабақ

Әдісі: ой қозғау, топпен жұмыс, «Синквейн», «кубизм», топтастыру әдістері, қатысымдық тапсырмалар.

Технологиясы: сыни тұрғыдан ойлау

Сабақтың көрнекілігі: слайдта: Махамбет, Исатай портреттері, М.Өтемісұлы шығармалар жинағы, Ә.Әлімжановтың «Махамбеттің жебесі» романы, сызбалар.

Пәнаралық байланыс: Қазақстан тарихы.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

1. Оқушылармен сәлемдесу, түгелдеу;
2. Оқушылардың зейінін сабаққа аудару.
3. Оқушыларды 4 топқа бөлу.

II. Жаңа сабақ.

Жоспар

1. Махамбет-ақын, көтерілістің дем берушісі, батыр.
  2. Өлеңнің XIX ғасырда Батыс Қазақстанда патша өкіметінің отарлық саясатына қарсы күрескен Исатай-Махамбет бастаған күрестің бір көрінісі екендігі.
  3. Көтерілістің мақсаты.
  4. Өлеңдегі Исатай тұлғасы.
  5. Көтерілісшілердің дайындығы.
  6. Шабуылда сарбаздардың қолданған әдістері.
  7. «Тастөбедегі айқас» /Ә.Әлімжановтың «Махамбеттің жебесі» романынан үзінді оқу/.
  8. Өлеңнің патриоттық мәні.
- I кезең. «Ой қозғау»
- 1 топ. Исатай-Махамбет көтерілісі қашан, қайда болған?
  - 2-топ. Көтерілістің мақсаты не?
  - 3-топ. Өлеңде Исатай бейнесі қалай суреттеледі?
  - 4-топ. Көтерілісшілер қандай ерлік жасады?
- II кезең. Мағынаны тану.
- Мәтінді өзгертіп әңгімелеу немесе интерпретациялау
- ... Құдайлады хан ұлы,  
Іздеген жауы біз болып,  
Жау қарасы көрінді,  
Жиылған әскер білінді,  
Исатай-басшы, мен-қосшы.  
Исатайдың сол күнде  
Ақтабан аты астында,  
Дулығасы басында,  
Зығырданы қайнайды.  
Астына мінген Ақтабан  
Ақ бөкендей ойнайды.  
Қасына ерген көп әскер  
Маңыраған қойдай шулайды.  
Қатысымдық тапсырмалар.
1. Тірек сөздерге сүйене отырып ауызша немесе жазбаша мәтін құрау;  
Исатай, Махамбет, соғыс, мақсат, жау қарасы, дайындық, камалы, айқас жүрегін оятты, қайсар батыр.

Г.ЖӘЙЛІ,

Қ.Байсықов атындағы ОЖББМ.

Батыс Қазақстан облысы,

Ақжайық ауданы,

Тайпақ ауылы

## «АНАНЫҢ АНАСЫ»

### ӘНГІМЕСІНДЕГІ АНА БЕЙНЕСІ

Мақсаты: білімділік-кейіпкердің сөз саптауы арқылы жазушының тіл көркемдігін ұғындыру, ана бейнесін ашу; дамытушылық-оқушының өзіндік пікірін айта білуі, өз бетінше түйін жасай білуге, сөздік қорын молайтып, шығармашылық шеберлігін дамыту; тәрбиелік-бар жақсылықтың ана махаббатынан тарайтынын ұғынып, ананың баласы үшін басын тауға да, тасқа да соғатынын, бүкіл өмірін соған арнайтынын нақты дәлелдемелер арқылы таныту.

Типі: білімді қорыту.

Әдісі: СТО технологиясы әдіс-тәсілдері.

Пәнаралық байланыс: тарих, қазақ тілі.

Сабақтың барысы. I.Ұйымдастыру кезеңі.

II.Үйге берілген тапсырманы тексеру.

III. Ыстық орындық (образға еніп,шығармадан үзіндіні жатқа оқиды)

-Жігіттер, төс айылды бос, артқы айылды аямай тартындар... Күн найза бойы көтерілген кезде не қалың жауға, не қалың жылқыға кездесерміз... Менің тілегім болса – жауға кездесерміз. Бидің тілегі болса – жылқыға кездесерміз: жылқыға да көзіңді сал деп еді. Ай, соның тілегі болар-ақ...

- Байды шапқаның шапқан, малды алғаның алған, жылқышының жалғыз қызын қайтесің, батыр... Еркек десең өзімді әкет, қызымды қайтарып бер. Сорлы анасы аңырап қалды ғой. Тар құрсағын кеңейткен, тас емшегін жібіткен жалғыз еді.

- Менің атым – әйел, мына қыздың анасымын! Бәрің де анадан тудындар! Анамен алыспайды да, атыспайды да. Нең бар еді менің жалғызымда? Кел ботам,өзіме.

- Білектің күшін, найзаның ұшын не күші тендеске, не иығы

1-тапсырма. Өлеңнің мазмұнына сүйене отырып, жоспар құру.

2-тапсырма. (топтық жұмыс)

1-топ. Соғыс барысын сипаттап жазу.

2-топ. Махамбет пен Исатайдың жазбаша портретін жасау

3-топ. «Венн диаграммасы» арқылы Махамбет пен Исатайды сипаттау.

4-топ. Осы өлеңнің мазмұнына сәйкес келетін мақал – мәтелдер құрастыру. «Синквейн» стратегиясы. (жеке жұмыс)

\* Зат есім - Махамбет.

\* 2 сын есім - батыр, ер жүрек

\* 3 етістік - зығырданы қайнайды, жетіп келді, түйінді

\* Түйін сөйлем- Махамбет қамалды бұзып, жауды жеңді.

\* Айқындауыш синоним - жалынды жауынгер ақын.

III. Қорытынды бөлім.

«Топтастыру» стратегиясы.



III кезең. Ой толғаныс.

Кубизм әдісі.

1. Оқыған шығармаңыз туралы мәлімет беріңіз?

2. Кейіпкерлер арқылы қандай образдар сипатталады?

3. Кейіпкерлерге анықтама беріңіз?

4. Өлеңді жазғандағы ақынның мақсаты не?

5. Өлеңнен өзіңіз қандай ой түйдіңіз?

IV. Бағалау (өзін-өзі бағалау)

№	Оқу тапсырмалары	Бағасы
1	Өлеңді оқып, мазмұнын түсіндім.	
2	Өлеңнің мәтіні бойынша берілген тапсырмаларды дұрыс орындадым.	
3	Топтық жұмыстарды орындап өлеңнен тұжырым жасадым.	

V. Үйге тапсырма:

Махамбеттің «Соғыс» өлеңінің мазмұнына сүйене отырып шығарма жазу.

тендеске жұмсаған жоқсындар. Жағаласқан жау емес, жалбарынған сор емес пе еді, оның құнын қалай өтейсіңдер?...

Құлынға қосақтап қызымды әкетіп барасындар, бұларың да не ерлікке, не әділдікке жанаспайды. Ең мықтағанда еліңе бір күн апарып қосарсындар. Қызым сендерге барғанда күн болады, өзімнен қалса тым болмағанда өз етегімде еркін еркелейді. Сондықтан қызымды алып қайтам!


-Нағып қорықпай қуып келдің демелдер: он бесімде өзім де тап осы қызымдай едім; сендердің қолдарыңда кетсе, енді он бес жылдан соң қызым да тап қазіргі мендей болмай ма? Мен үшін бұдан артық қорқыныш та жоқ, қорлық та жоқ. Сол мені айдап әкелген! Берсеңдер тірі алып қайтам, бермесеңдер өлі алып қайтам!

IV. Кейіпкерге жол тарту (Оқушылар шығармадағы кейіпкерлердің іс-әрекетін әңгімелейді)

Бала би. Ана. Қайрақ. Жалпақ. Жанай.

V. Қызығушылығын ояту.

адамға өмір сыйлаушы отбасының ұйытқысы,



VI. Оқулықпен жұмыс.

1-қатар. Ананың портретін жазады.

2-қатар. Жалпақтың соңғы сөзін тауып жазады.

3-қатар. Ананың соңғы сөзін тауып жазады.

VII. «Екі жақты түсіндірмелі күнделік» арқылы жұмыстану.

Не таң қалдырды	Түсіндір
1. Айдап келе жатқан жылқының ананың іс-әрекетінен кейін қайыртпай аралға еніп кетуі	Қиулап жылқының оң жағына бір, сол жағына бір шықты да, айналып барып, оң жаққа қарай тартып кеп жөнелді.
2. Әйел ананың ерінің құнын сұрауы.	Жағаласқан жау емес, жалбарынған сор емес пе еді, оның құнын қалай өтейсіңдер?
3. Ананың еркіндігі.	Батыр, атыннан түс! Артыңнан қуып келетін ешкім де жоқ. Сен бұл елді шабуға келсең, бұл ел де басқа бір елді шабуға кеткен. Асықпай-ақ айдап бар, жауабын да асықпай берерсің!

4. Барымташылардың шарасыздығы.	Бәріміз де аттан түсіп, төбені айнала отырдық. Бұл қар қатынның қай шатасқанын тыңдайын деп отыр деп Жалпаққа ренжідік.
5. Дәлелді айтылған сөзден кейінгі Жалпақтың іс-әрекеті.	Біз даланың ессіз есерлеріміз ғой. Көзге тұрткенде ғана селк етеміз. Көзге тұртпесе көрмейміз. Сен көзімнің оқырысын алып, шымылдығын аштың... Өз еркім өзімде тұрғанда мен бір адамға еркіндік берейін, қыз сенікі.

VIII. Әдебиет теориясы. Кейіптеу – тот басқан әңгімені жанып-жанып жаңартып, жалт-жұлт еткізеді. Тенеу – қолдары қарғаның тұяғындай қап-қара. Пейзаж – Жалпақ жаз. Сай салада сағым ойнаған саршаның тамызы.

IX. Қазақ тілімен байланыстыру.

Көнерген сөздерді табу: сауға, күні, жалбағай, барымта, т.б.

Тұрақты тіркестер: тар құрсақ, тас емшек.

Дисфемизм: қар қатын.

Сөздік: құл бастатқан тоғыз, күң бастатқан тоғыз- құлдыққа берілген адам бастаған тоғыз мал.

X. Сабақты бекіту.

Әңгімедегі ана бейнесі: АНА – күндікке берілген басы еріксіз жан, өмір тауқыметін көп тартқан, ақылына айласы сай, тілге жүйрік, сөзге шешен, «ананың анасы» атанған жан.

XI. Үйге тапсырма. «Бүгінгі күнгі ана бейнесі» тақырыбына ойтолғау жазу.

XII. Қорытындылау.

Ана керек! О, адамдар, ана керек адамға,

Анасыздар аң сияқты күн кешіп жүр ғаламда.

Пікірімді ұнатпаған таптық та дер дананы,

Даналықтың қажеті жоқ сыйлау үшін ананы.

Төлеген Айбергенов.

**Ж.ҚАБДОЛОВА,**  
**Ақкөл жалпы орта мектебі.**  
 Атырау облысы,  
 Құрманғазы ауданы

## ШӘКЕРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ. «АДАМДЫҚ БОРЫШЫҢ» ӨЛЕҢІ

Максаты:	Оқушылардың Шәкәрім шығармашылығы бойынша білімдерін кеңейту. «Борыш» ұғымына талдау арқылы жете түсінік беру. Өлеңнің негізгі тақырыбы мен идеясын ашу. Өлең мазмұны мен құрылысын талдау.	
Күтілетін нәтижелер:	*Жазушы өмірі мен шығармашылығынан хабардар болады. *Өлеңнің идеясы мен негізгі тақырыбын аша біледі. *«Борыш» ұғымына жете түсініктерін қалыптастырады.	
Көрнекіліктер:	Оқулық, постерлер, түрлі-түсті қаламдар, АКТ (интерактивті такта) жазушы портреттері, микрофон, түсті гүлдер.	
Әдіс-тәсілдер:	Сұрақ-жауап, сыни тұрғыдан ойлау, топтық жұмыстар, өзін-өзі бағалау, «Топтастыру» әдісі, «Сұхбат алу» әдісі, «Ортадағы қаламсап» әдісі.	
Тапсырмалар:	Білу. 1-тапсырма. 1. Жазушы өмірі мен шығармашылығы туралы деректер. (Видеоролик) 2. «Борыш» сөзіне түсінік беру. «Топтастыру» әдісі.	Қолдану. 3-тапсырма. «Шығармашылық тапсырма» 1. Адамның жақсы және жаман қасиеттері 1-топ: «Менің борышым». 2-топ: ««Бақыт». Бақытты адам. «Сұхбат алу» әдісі.
	Түсіну 2-тапсырма. 1. Өлең мағынасын ашу. Өлеңді мәнерлеп оқу. «Ортадағы қаламсап» әдісі. 2. Жаңа сөздермен танысу.	Талдау. 4-тапсырма 1. Өлең құрылысын талдау 2. Кестемен жұмыс. «Салыстыру» әдісі Венн диаграммасы.
	Жинақтау 4-тапсырма. 1. Өлең мазмұны бойынша алған білімдерін жинақтау. «Ақылдың алты қалпағы» әдісі. 2. Тірек сөздер. «Кір жаятын жіп» әдісі.	Бағалау. 5-тапсырма. Табыс өлшемдері. Бағдаршам арқылы. Өзара бағалау. Қол шапалақтау. Смайликтер арқылы.

Мұғалім және оқушы немен айналысады. Сабақ бойынша мұғалім жазбалары.			
	Мұғалім іс-әрекеті.	Оқушының іс-әрекеті.	Бағалау
I. Ұйымдастыру. Флеш-тренингтің өтуіне ықпал жасайды. Максаты: сыныпта жылы, мейірімді ықпал жасау Топқа бөлу Топ ережесі.	Сергіту сәтін ұйымдастыру. Тренинг – Әрбір еркелегіп айтатын есім гүлге ұқсайды. Гүлдердің бәрі әдемі: раушан да, қызғалдақ та, бәйшешек те – бәрі де өзінше керемет, бәрі де адамға қуаныш сыйлайды. Біздің есіміміз де осындай керемет!	Оқушылар ортаға дөңгеленіп тұрып, сағат тілінің бағытымен бір-біріне сын есім бағытында өз есімдерін атайды.	
II. Өткен сабақ. Үй тапсырмасы.	Үй тапсырмасын еске түсіру Абайдың кара сөздері Абайдың кара сөздері-көркем әңгіме емес, ғақлиялық даналық сөздер. Абай өзінің ой толғаныстарын кара сөздермен жазған.	Оқушылар өздері дайындап келген Абай карасөздерін талдап оқиды.	Бағдаршам арқылы жасыл-оңай сары-орындар-лық кызыл-күрделі.
III. Жаңа тақырып.	1. «Топтастыру» әдісі Шәкәрім Құдайбердіұлы (1858-1931) Жазушы мен оның шығармашылығынан хабардар болады. (бейнетаспа) 2. «Борыш» сөзін қалай түсінесіңдер? Негізгі тақырыбы - адамзат міндеті. Идеясы - артына үлгі аларлықтай іс қалдыру. Адамның борышы - халыққа адал еңбек ету, білім мен өнер үйрену, келешекке жол көрсету, үлгі алатындай із қалдыру. Жаман қылықтардан аулақ болу - мансап үшін мақтанға салынбау, бақ үшін арсыз қылықтардан аулақ болу.	Оқушыларға Шәкәрім туралы бейнетаспа көрсетіледі. Сол видеоролик бойынша өз түсініктерін постерге жазып толықтырады. Постер қорғау.	смайлик арқылы бағалау

	<p>2-тапсырма</p> <p>1. Шәкәрімнің «Адамдық борышың» өлеңі. Өлең мағынасын ашу. Адамдық борышың-Халқыңа еңбек қыл. Ақ жолдан айнымай, Ар сақта, оны біл. Талаптан да, білім мен өнер үйрен, Білімсіз, өнерсіз болады ақыл тұл. Мақтанға салынба Мансаптың тағы үшін, Нәпсіңе билетпе басыңның бағы үшін. Өміріңді сарп қыл өлгеніңше, Жоба тап, жол көрсет, келешек қамы үшін. «Ортадағы қаламсап» әдісі.</p> <p>2. Жаңа сөздермен танысу. Мансап-атақ; Нәпсі-жаман іс; Тұл-ешнәрсесі жоқ; Ғибрат-үлгі; Қауым-халық, ел.</p>	<p>Оқушылар қаламсапты бір-біріне бере отырып өлеңді мәнерлеп оқиды. Өлең мағынасын ашып талдайды.</p>	
Шығармашылық тапсырма.	<p>1) Адамның жақсы және жаман қасиеттері. Адамның жақсы қасиеттері-білімді, арлы, еңбекқор, сыпайы, шыншыл, өнерлі, жомарт, атанасын сыйлайды. Адамның жаман қасиеттері-мақтаншақ, білімсіз мансапқор, айлакер, жалқау, өсекші өтірікші.</p> <p>2) 1-топ: «Менің борышым» 2-топ: ««Бақыт» Бақытты» адам «Сұхбат алу» әдісі.</p>	<p>Постер қорғау</p> <p>Екі топ постерге адамның жақсы және жаман қасиеттерін топтастырып жазады.</p> <p>1-топ. «Менің борышым» (дәптерлеріне шағын ойтолғау жазады)</p> <p>2-топ өздері дайындаған сұрақтар арқылы сұхбаттасу жүргізеді.</p>	Смайликтер арқылы

	<p>1.Өлең құрылысын талдау.</p> <p>2. Абай мен Шәкәрім «Венн диаграммасы».</p>	Өлең құрылысын талдайды. Абай мен Шәкәрімді салыстыру.	Қол шапалақтау.
	<p>1. Өлең мазмұны бойынша алған білімдерін жинақтау. «Ақылдың алты қалпағы» әдісі. Ақ қалпақ -қажетті ақпарат. Бізге білім не үшін керек?</p> <p>Сары қалпақ- жағымды жақты зерделеу.</p> <p>Жасыл қалпақ -жаңа идея. Сыныптастарыңа қандай жағымды идея айтар едің? Қызыл қалпақ-сезім, болжам, ішкі түйсік.</p> <p>Қара қалпақ- «өзәзілдің қорғаушысы» кейбір тетіктер дұрыс емес.</p> <p>Көк қалпақ -бақылаушы.</p> <p>2. Тірек сөздер «Қір жаятын жіп» әдісі</p>	Екі топтан алты оқушы шығып тапсырмалар орындайды. Оқушылар қалпақ киіп өз білімдерін толықтырады.	Смайлик арқылы.
	5. Бағалау Табыс өлшемдері. Бағдаршам арқылы Бірін-бірі бағалау Қол шапалақтау Смайликтер арқылы	Оқушыларды бағалау	
Кейінгі тапсырмалар	«Менің борышым» ой толғау жазып келу		

**А.ТАСҚАЛИЕВА,**  
**Қараөзен мектеп-лицейі.**  
Батыс Қазақстан облысы,  
Казталов ауданы

## **САЙЫН МҰРАТБЕКОВ. «ҚЫЛАУ»**

Мақсаты: білімділік-оқушылардың танымдық қабілетін жетілдіру, шығарманы талдай отырып, кейіпкерлерге сын көзбен қарауға үйрету. Сатай мен Рабиға бейнесін аша білуге үйрету; дамытушылық-оқушы бойында адамгершілік, қарапайымдылық, ізденушілік, белсенділік қабілеттерін дамыта отырып өз пікірлерін қорғауға ықпал ету. Оқушы ой-қиялының дамуы, пікір айтуының еркін болуы. Өз өміріне, қоршаған ортаға сын көзбен қарауға дағдыландыру; тәрбиелік-шыншылдық, адамгершілікке ұмтылуға, өз пікірін қорғай, дәлелдей алуға тәрбиелеу.

Түрі: жаңа сабақ. Әдісі: СТО технологиясының элементтерін қолдану. Көрнекілігі: ноутбук, бейнебаяндар, үлестірмелі парақшалар.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі:

а) Оқушыларды түгелдеу. Зейіндерін сабаққа аудару.

ә) Психологиялық даярлық. «Бас бармақ» арқылы оқушылардың көңіл күйлерін білу.

2. Үй жұмысы. С.Мұратбеков «Қылау» әңгімесі. Толық оқып, мазмұндау.

«Ия» немесе «жоқ» стратегиясы.

1. Сатайды ұйқыдан анасы оятты. (жоқ)

2. Сатай үлпек қарды әйелдің биік өкшелі аяқ киіміне теңеді. (ия)

3. Сатай жуынайын десе шәугімдегі су мұп-мұздай

екен (жоқ)

4. Рабиға Тастөбе деген жерде оқиды (ия)

5. Рабиға мен Сатай сегізінші сынып оқушылары (жоқ)

6. Сатай Рабиға берген кітапты алмады (жоқ)

7. Сатайдың ұнатпайтын пәні әдебиет (жоқ)

8. Рабиға «Бірлік» ауылында тұрады (ия)

9. Сатайдың жеккені торы дөнен (ия)

10. Рабиғаның сүйікті пәні – математика. (ия)

11. Сатай Қостөбеде тұрады. (ия)

3. «Әдеби оқу» стратегиясы бойынша «Қылау» әңгімесін талдау.

I топ «Зерттеушілер».

II топ «Талдаушылар».

III топ «Салыстырушылар».

Сайын Мұратбековтың «Қылау» әңгімесі жөнінде бейнетаспа қарау.

I топ «Зерттеушілер». Әңгіме құрылысына талдау жасайды.

Шығарма тақырыбы:	«Қылау»
Әңгіменің басталуы	Сатайдың жолға шығуы
Оқиғаның байланысы	Баланың өмір мен өмір туралы ойлары
Дамуы	Сатайдың Рабиғамен кездесуі
Шиеленісуі	Рабиға үшін алаңдауы
Шарықтау шегі	Қыз сыйлығы
Шешімі	Ауылға оралу.

II топ. Талдаушылар.

Мәтіннен пейзажды, монолог, теңеулерді табындар.

III топ. «Салыстырушылар»

«ВЕНН диаграммасын» толтырады. Қожа мен Сатайды салыстырады.



## Сергіту. «Бұл қай кейіпкер?»

Мінездеме	Кейіпкер
«Сатай, тұр енді. Ертенгі шайға дейін алып кел шананы»	Сатайдың әкесі
Бірінен-бірі қалысар емес: «Таң атты-ы-ы, таң атты-ы!»	Көрші-қолаң әтештері
«Ойбай, біз қалдық!... біз қалдық!...» дегендей қанқылдасып қоя берді.	Қаздар
«Кәне, ережеде не депті?»	Сатайдың директоры
«Өзің ұялмайсың ғой тақылдап. Адамның өзіне сен сондайсың деп айтуға бола ма екен?»	Рабиға
«Ал, кәне, пәленшиіп, тақтаға шықшы, мына есепті шығаршы»	Сатайдың математика пәнінің мұғалімі
«Қорықпай-ақ қой. Сыныпта мен қалды дегенше, заманақыр болды дей бер.	Сатай

### «Екіжақты күнделік» стратегиясы. Сатай жақсы бала ма?

ИЯ	ЖОҚ

Ойтолғау. Сен үшін ең үлкен сыйлық не?

Сатай үшін маңызды сыйлық қандай? (Рабиға сыйлаған «Алгебра» оқулығы)»

«Кітап оқудың пайдасы жөнінде бейнетаспа көру, талдау.

Бекіту. Әр топ бір-біріне 1 оңай, 1 қиын сұрақ құрастырып, жауап береді.

Үйге тапсырма: С.Мұратбековтың «Қылау» әңгімесін қайталап оқу. Қардың түрлері туралы біліп келу.

Бағалау. «Бас бармақ» арқылы оқушылардың көңіл-күйлерін білу.

**С.БАЙШУРАЕВА,**  
**Березняковка орта мектебі.**  
Ақмола облысы,  
Зеренді ауданы

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ «АҚЫН ІНІМЕ» ӨЛЕҢІ

Жалпы мақсат:	А.Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығынан мәлімет алу. Өлеңнің тақырыбы мен идеясын, мазмұнын түсінуге мүмкіндік беру. Өлең кімге арналғанын табу. Сыни ойлау көзқарасын дамыта отырып, өлеңнің мағынасын ұғыну, ОЖТ арқылы негізгі идеяны түсіну; өз бетімен жұмыс жасау барысында қабілетті оқушыны табу; жас ерекшелігін ескеру; ой түйіндеуіне орай көшбасшылықты анықтау.	
Оқу нәтижесі:	Оқу нәтижесі: ақын туралы жан-жақты біледі. Мәнерлеп оқу техникасын меңгереді. Өлеңнің тақырыбы мен идеясын аша алады. Сұрақтарға сыни тұрғыдан жауап береді. Өмірден мысал келтіре отырып, өз ойларын еркін жеткізеді және дәлелдей алады.	
Түйінді идеялар:	адами қасиеттерді жоғары ұстау.	
Сабақ бойынша мұғалімнің жазбалары.		
Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті	
Мұғалімнің көшбасшылығы. Амандасу. Топ ережесін еске түсіру. Сергіту сәтін өткізу ( психологиялық дайындық, оқушылардың сабаққа деген ынтасын арттыру.) АКТ. Интерактивті тақтаға қарап музыка үнімен 2 минут жаттығу өткізу Топқа бөлу. А.Байтұрсынұлының «Өгіз бен бақа», «Егіннің бастары» мысал өлеңдерінің бір-бір шумағының әрбір тармағын бөлек-бөлек жазып, топтастыру. Мақсатым-5-сыныпта өткен тақырыптарды еске түсіре отырып, жаңа сабаққа жетелеу. -Балалар, бұл өлеңдердің авторы кім? -Өлеңдер қалай аталады? -Осы өлеңдердің мазмұнын кім айтып береді? дей отырып, ақын жайлы білгендерін бірден еске түсіртіп аламын.	Оқушылар қызықты жаттығулар орындайды.  Топқа бөлініп оқу құралдарын дайындайды.	
Бағалау парақшасын тарату Үй тапсырмасын тексеру: Сонымен өткен сабақта кімнің шығармашылығымен таныстық? СТО-раунд-робин стратегиясы бойынша әрбір оқушы сабақ туралы не біледі, бір сөйлем немесе сөз тіркесін айтады. Бірінің айтқанын бірі қайталамайды.		

<p>Сынып түгел айтып шығады. 3 мин. Раунд-робин әдісін қолданудағы мақсатым- оқушылардың шапшаң әрі нақты, жауап беруін талап ете отырып, түйінді ой айта білуге дағдыландыру</p> <p>2. Абайдың 29 кара сөзін жатқа сұрау 3 мин. Мәнерлеп жатқа айту дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Жаңа сабақ. 1. Тақырыбы мен мақсатын бірден айтпаймын. Дарынды, талантты оқушылармен жұмыс бойынша 2 оқушы А.Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығына байланысты слайд көрсету арқылы шағын жоба қорғайды. (АКТ-ны пайдалану) 6 мин.</p> <p>-Сонымен, оқушылар, бүгінгі біздің сабағымыздың тақырыбы кім туралы екен? -Мақсатымыз не?</p> <p>3. Кітаппен жұмыс СТО- ЖИГСО «Ақын ініме» өлеңін топ болып оқиды, топтағы оқушылар өзара пікір алмасады, ортақ тапсырма жасайды. Әр топ өз көшбасшысын тақтаға шығарады. Ол оқушы оқыған-білгенінің мазмұнын түсіндіреді. 12 мин.</p> <p>3. Өлеңді ұнтаспадан тыңдатып, мәнерлеп оқуларын қалыптастырамын, өлеңнің тақырыбы мен идеясын ашады. 3 мин I топқа тақырыбын анықтатамын, II топқа идеясын тапқызамын.</p> <p>4. Топпен жұмыс I топ. Құрылысына талдайды. 4 мин. II топ Өлеңнен теңеу эпитеттерді теріп жазады. Бұл жұмыстар арқылы оқушылардың зерттеушілік қабілетін ояту, іздене отырып жұмысты ғылыми тұрғыда тиянақты орындауға баулу</p> <p>5. Сөздік жұмысы. 1 мин. Өлеңде кездескен мағынасы түсініксіз сөздерді өздеріне тапқызып, түсіндірме сөздіктен өздері тауып бір-біріне түсіндіреді.</p> <p>Ирония терминінің мағынасын ұғындырамын слайд арқылы.</p> <p>Жаңа сабақты бекіту: оқушыларды жас ерекшелігіне сәйкес оқыту және талантты оқушылармен жұмыс жасау мақсатында бір оқушы СТО-дискуссиялық картамен жұмыс жасайды. Оқушы «Ақын ініме» өлеңінің ішінен өзіне ұнаған және ұнамаған жерін белгілеп, жазып отырады. Неге ұнады, неге ұнамады? сол жөнінде қорытынды жасайды. Дискуссиялық карта.</p>									
<table border="1"> <tr> <td>Ұнайды «иә»</td> <td>Ұнамайды «жок»</td> </tr> <tr> <td> </td> <td> </td> </tr> <tr> <td> </td> <td> </td> </tr> <tr> <td> </td> <td> </td> </tr> </table>	Ұнайды «иә»	Ұнамайды «жок»							
Ұнайды «иә»	Ұнамайды «жок»								
<p>Неге ұнады, неге ұнамады? сол бойынша қорытынды жасау</p> <p>2-оқушы әңгіме кестесімен жұмыс жасайды.</p> <p>Әңгіме кестесі.</p> <p>1. Өлеңнің аты:</p> <p>2. Өлеңнің авторы:</p> <p>3. Кейіпкерлері:</p> <p>4. Қай кезеңді суреттейді:</p> <p>5. Өлең немен аяқталды:</p> <p>6. Не үйретті?</p> <p>3-оқушы-синквейн әдісі бойынша жұмыс жасайды. 2 мин. орындауға және 2 мин. 5 жолды өлең.</p> <p>1. Кім? Не? ( Зат есім)</p>									

<p>2. Қандай?(2 сын есім)</p> <p>3. Не істейді? Қайтті? (3 етістік)</p> <p>4. 4 сөзден тұратын бір жай сөйлем</p> <p>5. Кім? Не? Бастапқы сөздің синонимі</p> <p>Қорғауға беріледі.</p> <p>Қалған оқушылар ОЖТ Диалогтік оқыту «Уақыт шеңбері» тәсілі бойынша А.Байтұрсынұлы туралы білгендерін айтып береді.</p> <p>Мақсаты: идеялар, тәжірибелер және ойлармен бөлісу. Топ сұрақтарын құрастыру.</p> <p>Ұйымдастыру: барлығы орындықта шеңбер құрып отырады. Сөйлеуші ғана ұстайтын зат бар (мысалы, доп).</p> <p>Сабақты қорыту: Абай және Ахмет бойынша ВЕНН диаграммасы беріледі. Мақсат-екі ақынның өз ұлтының жанашыры екенін, екі ақынның да мысал жанрына қалам тартқанын және аудармашылық өнерін дәл айтып бере алар ма екен деп сынау. 3 мин. беріледі.</p> <p>Мұғалімнің сөзі: Ұлтымыздың мақтанышы, ақын, ғалым, реформатор А.Байтұрсынұлы қалдырған мұра ешқашан өшпейді, себебі жанарларынан жалын атқан сендердей ұрпағы тұрғанда мәңгі жасайды.</p> <p>Ұй тапсырмасы: қазақтың көрнекті ақыны А. Байтұрсынұлы туралы «Ұлтын сүйген ұлы адам» тақырыбына эссе жазу.</p> <p>Бағалау.</p> <p>Кері байланыс. 1 мин.</p>	
<p>Дереккөз және жабдықтар:</p> <p>Ғаламтор. Оқулық. Оқыту әдістемесі.</p> <p>Қазақ тілі мен әдебиеті журналы, АКТ, флипчарт, стикер, фломастер, маркер, доп.</p>	
<p>Кейінгі оқу</p>	<p>Ақын шығармаларын оқу,</p>
<p>Сабақты бағалау</p>	<p>- оқушыларды мадақтау, марапаттау. (СМАЙЛИК БЕРУ)</p> <p>-Өзін-өзі бағалау</p> <p>-Кері байланыс</p> <p>-Қорытынды баға (жиынтық баға)</p>



**А.ТӨЛЕУҚАНОВА,**  
**Н.Островский атындағы**  
**№4 Күршім орта мектебі.**  
Шығыс Қазақстан облысы,  
Күршім ауданы,  
Күршім ауылы

## СИНОНИМДЕР

Мақсаты: білімділік-мәндес сөздерді бір-бірімен салыстыра отырып анықтамасын оқушылардың өздері ойлап шығарып алуға бағыт беру; дамытушылық-оқушылардың өз бетінше ізденіспен топта жұмыс істеу қабілеттерін дамыту, басқаларды тыңдау, өз көзқарасын дәлелдеп қорғай білу қабілетін, сонымен бірге қазақ тілінің лексика тарауынан алған білімдерін жүйелі түрде қолдана білу дағдыларын арттыру; тәрбиелік-сұхбаттасу мәдениетін қалыптастыру, тиянақты тұжырымдама жасауға баулу, оқушыларды адамгершілік, қайырымдылық, бірлік, достық, бауырластық рухында тәрбиелеу.

Көрнекілігі: интерактивті тақта, кестелер, фотосуреттер, т.б.

Әдісі: сын тұрғысынан ойлау, түсіндіру, АКТ, әңгімелеу, топтастыру.

Сабактың түрі: аралас сабақ.

Ұйымдастыру кезеңі:

Үй тапсырмасын сұрау: үйге берілген шығармаларын тексеріп шығамын.

Топқа әндердің бір шумағы таратылады. Сол өлеңнің атымен топқа бөлемін. Осы бөлінген топта сол әннің бір шумағын айттыртып сабаққа деген қызығушылықтарын артыру.

Жаңа сабақ: «Синоним» тақырыбын мұқият оқып шығып, постерге синонимге байланысты суреттер немесе мысалдармен тақырыптан түсінгендерін салады.

1-тапсырма.

Қастерлі, күту, тез арада, мұғалім, жуықта, қадірлі, тоқтау, ұстаз, кідіру, таяуда, оқытушы, құрметті, аялдау, жақында, тәрбиеші, қадірменді.

1-топ.

Қастерлі, күту, тез арада, мұғалім, жуықта, қадірлі, тоқтау, ұстаз, кідіру, таяуда, оқытушы, құрметті, аялдау, жақында, тәрбиеші, қадірменді.

Кім?	Қандай?	Не істеу?	Қашан?

2-топ

Зат есім	Сын есім	етістік	үстеу
Кім?	Қандай?	Не істеу?	Қашан?
Мұғалім	қастерлі	күту	тез арада
Оқытушы	қадірлі	аялдау	жуықта
Ұстаз	құрметті	кідіру	таяуда
Педагог	қадірменді	тоқтау	жақында

3-топ (топпен ақылдаса отырып синонимнің ерекшелігін табу)

2-тапсырма.

Мағынаны ажырату.

Берілген сөздерді синонимдік қатарлармен толықтыру.

1-топқа: туысқан, ...

2-топқа: данышпан, ...

3-топқа: қаймығу, ...

Сергіту сәті: «Қамажай» биі арқылы сергіту сәтін жасайды.

Суретпен жұмыс.

3-тапсырма. (Топтық жұмыс). Оқушыларға сұрақ қоя отырып, жауаптарына синонимдік қатар айтқызу (мамандықпен байланыс).

4-тапсырма.

Графикалық диктант. Синоним сөздердің екі сыңарын табу.

адам

байлық

әлем

әуелі

мықты

күшті жаһан алдымен қазына пенде

5-тапсырма. Тест жұмысы.

Бұл тапсырманы оқушылар тест түрінде орындап, жұп-жұбымен тексеріп, бір-біріне баға қояды.

1. Синоним дегеніміз –

А) Айтылуы мен жазылуы бірдей сөздер.

В) Қарама-қарсы сөздер.

С) Жазылуы әр түрлі, мағыналары бір-біріне жуық сөздер.

2. «Даңқ» сөзінің синонимін тап:

## ЭТНОЛИНГВИСТИКА

Мақсаты	Жаңа сабақтың мақсатымен таныстыру. Этнолингвистика ғылымы, этнос тілі туралы түсінік беру. Сөйлемдерге грамматикалық талдау жасату.	
Күтілетін нәтиже	Халық, ұлт, ұлыс, ру, тайпа, ел шежіресіне қатысты сөздерді танып біледі. Оқушы сөйлесімдік қарым-қатынастың жаңа тәсілдеріне, қазақ халқының мәдениетіне, ұлттық-мәдени сөйлесім ерекшелігін біледі, әдепті, сауатты сөйлеу мәдениеті артады, тілі дамиды, сөздік қорлары молаяды, сабаққа деген белсенділігі артады, дүниесі-танымы кеңейеді.	
Керекті жабдықтар	Қолданылатын әдіс-тәсілдер Белсенді тақта; үлестірме парақтар; бағалау парағы, оқулық, интернет материалдары «Шахмат кестесі», топтық жұмыс, «жуан жінішке» сұрақтар, «Бір минуттық эссе» стратегиясы	
Сілтеме	Қазақ тілі Б.Хасанұлы, А.А.Қасымбек, А.К.Қаныбекова Астана: Арман-ІВ, 2014жыл Елбасының «Тәуелсіздік толғауы» мәтіні. «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуал: өсім, реформа, даму» атты ҚР Президентінің Жолдауы-2015.	
Сабақ барысы		
Сабақ кезеңдері	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті
Кіріспе	1.«Мен бүгін өзімді ..... санаймын, себебі...» өздерін жақсы көретін жеміске теңеу. 2.Адаққан буындар арқылы топқа бөлу. Халық, ұлт, ұлыс, тайпа	Оқушылар амандасады, жақсы тілек айтады, топқа бөлінеді.
Үй тапсырмасын пысықтау	«Шахмат кестесі» стратегиясы I топ – этноним. II топ – тілек сөздер. III топ – тілектің төресі – бата. IV топ – бағаның түрлеріне қатысты білетін ұғымдарды жазып шығу.	Топтар қойылған сұрақтар бойынша топта жұмыстанады.
Негізгі бөлім	«Қызығушылықты ояту» кезеңі «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуал: өсім, реформа, даму» атты ҚР Президентінің Жолдауы 2015 жылдың 30 қараша	

А) Мықты;  
В) Атақ;  
С) Дәулет.  
3. «Қадірлі, құрметті, қадірменді» синонимдік қатары қай сөз табына жатады?

- А) Сын есім;  
В) Зат есім;  
С) Үстеу.

4. «Адам» сөзінің синонимін тап:

- А) Шәкірт;  
В) Дос;  
С) Кісі.

5. Синонимдік қатардың дұрысын тап:

- А) Күлу, сықылықтау, жылау;  
В) Зат, мүлік, нәрсе, бұйым;  
С) Көне, жаңа, ескі.

ВЕНН диаграммасы

Омонимдер

Өзіне тән белгілері:

- 1) айтылуы бірдей, мағыналары бөлек сөздер  
2) әр сөз табынан болады, соған орай атқаратын қызметтері де бөлек болады.

Ортақ қасиеттері

- 1) тіліміздегі сөздердің қолданылу аясының кең екенін көрсетеді  
2) сөз байлығын көрсетеді  
3) көркем әдебиетте, жұмбақ, жаңылтпаш, өлең жолдарында көркемдік әдіс ретінде жұмсалады.

Синонимдер

Өзіне тән белгілері

- 1) айтылуы бөлек, мағыналары жақын сөздер  
2) бір сөз табына қатысты болып, бір ғана сөйлем мүшесінің қызметін атқарады.

Рефлексия.

- Бүгінгі сабақ сендерге ұнады ма?

- Қандай әсер алдыңдар?

- Өз әсерлеріңді мына жұлдызшалар арқылы білдіріңдер.

Егер сабақ ұнаса, қызыл жұлдызды аспан әлеміне іліндер. Егер сәл түсінбеген жерлерің болса, сары жұлдыз іліңдер. Егер сабақ мүлдем ұнамаса, күлгін түсті жұлдызды тандаңдар.

Бағалау.

Топбасшының бағалау парағындағы бағаларын алып қорытынды бағалау.

Үй тапсырмасы.

Оқушылардың мамандықтары бойынша синоним сөздерді қатыстыра отырып шағын мәтін құрастыру.

	<p>1. Әр топ Елбасы жолдауының үзіндісіндегі қарамен жазылған сөздерге түсінік береді.</p> <p>2. Мәтінмен танысу, топта талқылау.</p> <p>3. Жолдауда айтылған негізгі түйін сөздердің мағынасын ашып беру.</p> <p>4. 1,2,3-сөйлемдерге морфологиялық, синтаксистік талдау жасау.</p> <p><b>Қымбатты қазақстандықтар!</b></p> <p>Дағдарыстардың бәрі өткінші, өтеді де кетеді. Ел тәуелсіздігі, ұлт мұраты, ұрпақ болашағы сияқты ұлы құндылықтар ғана мәңгі. Мен айтып өткеннің барлығы жеңуге болатын, біз жеңе алатын бөгеттер. Біз көлденең шыққан кедергілерге кідірмей, дамыған 30 елдің қатарына қосылу мақсатына қадам басамыз.</p> <p>Рухы биік, еңбегі ерен, бірлігі мығым Мәңгілік Ел болу үшін бізде бәрі бар. Тәуелсіздіктің туын желбіретіп, тұғырын нығайтқан біздің тарих алдында жүзіміз жарқын! Біздің тірегіміз – тәуелсіздік, тілегіміз – тұрақтылық, білегіміз – бірлік!</p> <p>Мен халқыма сенемін. Көк байрағымыздағы алтын қырандай еліміз қанатын кенге жайып, асқар биіктерден көрінсін! Барды бағалап, жоқты жасай білген жасампаз жұртымыздың көк байрағы әрдайым биікте желбіресін! Алға, Қазақстан!</p>	<p>Әр топ өзіне берілген тапсырма бойынша мәтінмен танысады, бір-бірімен пікірлесіп, негізгі түйінді сөздермен қорытады.</p> <p>Грамматикалық тапсырмаларды орындайды. Жеке жұмыс Жүппен жұмыс Топпен жұмыс жасап, ойларын жинақтап, талдайды, бір спикер қорғайды.</p>
	<p>Жаңа сабақ</p> <p>Жаңа сабақтың мақсатымен таныстыру</p> <p>«Мағынаны тану» кезеңі</p> <p>Мәтінді топта оқып, талдайды.</p> <p>Жіңішке сұрақтар:</p> <p>1. Этнолингвистика ғылымының негізін салушы кім?</p> <p>2. Этностың тілі болмаса, этнолингвистика саласы дамуы мүмкін бе?</p> <p>Жуан сұрақтар:</p> <p>1. «Тіл – адамзат үшін тарихи, мәдени, өмірлік құндылық көзі, қарым-қатынас құралы» - дегенді қалай түсіндірер едің?</p> <p>2. Этнолингвистика саласын кеше ғана жарияланған жолдаумен қалай байланыстырар едіңдер?</p> <p>Шежіре дегеніміз не?</p> <p>Шежіре зерттеушілер деген кімдер?</p> <p>Жаттығулармен жұмыс.</p> <p>Грамматикалық тапсырмалар</p> <p>52,53-жаттығу. Ауызша</p> <p>54-жаттығу. Синтаксистік талдау.</p> <p>55-жаттығу. 2 минуттық пікір айту.</p> <p>Бағалау өлшемдері:</p> <p>Ойын дұрыс жеткізуі:</p> <p>Себебін нақты келтіруі;</p> <p>Мағынаның толық ашылу.</p> <p>Сәйкестендіру тесті</p>	<p>Жіңішке, жуан сұрақтарға жауап береді.</p> <p>Оқушылардың зерттеу жұмысының нәтижесі.</p> <p>Шежіре - адамның жеке басының тағдыры арқылы, ата тегінің терең тамырларынан мағлұмат береді.</p> <p>Шежіре зерттеушілер</p> <p>1. Туыстас немесе көршілес бірнеше отбасы бір қоныста отырса – ауыл, ауылдас, көрші;</p> <p>2. Іргесі алшақтау болса – жерлес;</p> <p>3. Жеті атадан құралғандар (бір атаның кіндігінен тарағандар) – қандас;</p>

Этнолингвистика	Этнолингвистика этномәдениет, этнография, этнолингвистика салаларына ортақ арна.
Этнос	адамзат үшін тарихи, мәдени және өмірлік құндылық көзі, қарым-қатынас құралы.

	<table border="1"> <tr> <td data-bbox="1238 127 1368 223">Тіл</td> <td data-bbox="1368 127 1617 223">халықтың ұлттық болмыс, тұрмыс-салты, әдет-ғұрпы, өзге халықтармен рухани мәдениетін зерттейтін тіл білімінің саласы.</td> </tr> <tr> <td data-bbox="1238 223 1368 305">Этнос мәдениеті</td> <td data-bbox="1368 223 1617 305">балалар, тұрақты теңеулер, фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, ауыз әдебиет үлгілері</td> </tr> <tr> <td data-bbox="1238 305 1368 362">Этнолингвистикалық арна</td> <td data-bbox="1368 305 1617 362">әрбір этносаға тән табиғи, әлеуметтік ортаға сәйкес қалыптасқан құбылыс.</td> </tr> </table>	Тіл	халықтың ұлттық болмыс, тұрмыс-салты, әдет-ғұрпы, өзге халықтармен рухани мәдениетін зерттейтін тіл білімінің саласы.	Этнос мәдениеті	балалар, тұрақты теңеулер, фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, ауыз әдебиет үлгілері	Этнолингвистикалық арна	әрбір этносаға тән табиғи, әлеуметтік ортаға сәйкес қалыптасқан құбылыс.	<p>4. Бір ата 13 атадан асса – ру;</p> <p>5. Бірнеше ру қандастықпен, не ортақ мүддемен біріксе – тайпа;</p> <p>6. Өзара қоғамдасып, жүз болып қауымдасқан тайпалар біріксе – халық немесе ел;</p> <p>7. Оның ішінде өзге ұлт, ұлыстармен саяси теңдігі болса – ұлыс,</p> <p>8. Дербес шекара, саяси-экономикалық тәуелсіздікке қолы жетсе – мемлекет,</p> <p>9. Тілі мен дәстүрі, мәдениеті, жері, әлеуметтік рух, жігері, этнографиялық ерекшелігі ортақтасып, дараланса – ұлт болады деген тұжырымға тоқтаған.</p>
Тіл	халықтың ұлттық болмыс, тұрмыс-салты, әдет-ғұрпы, өзге халықтармен рухани мәдениетін зерттейтін тіл білімінің саласы.							
Этнос мәдениеті	балалар, тұрақты теңеулер, фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, ауыз әдебиет үлгілері							
Этнолингвистикалық арна	әрбір этносаға тән табиғи, әлеуметтік ортаға сәйкес қалыптасқан құбылыс.							
Қорытынды:	<p>«Дөңгелек үстел» стратегиясы.</p> <p>«Ойтолғаныс» кезеңі</p> <p>«Екі түрлі түсініктеме күнделігі» стратегиясы</p> <p>Кері байланыс: «Бір минуттық эссе»</p> <p>Мені таңқалдырды _____</p> <p>Мен үшін қиын болды _____</p> <p>Маған ұнады _____</p> <p>Мен алдағы уақытта _____</p>	<p>Оқушылар сұрақтарға топтасып немесе жеке жауап береді. Әр топ бір-бірінің жауабын бағалайды. Оқушылар жеке жұмыс жасайды</p>						
Үй тапсырмасы Бағалау	<p>Сабақты қорытындылау</p> <p>56-жаттығу. Тілдерек.</p> <p>Бағалау парағын тарату.</p>	<p>Бағалау парағын толтырады</p>						

#### Оқушылардың білімін бағалау парағы

Ұпай саны	Өлшемдер	Ұпайларым
Білу	0	Этнолингвистиканың не екенін білмеймін.
	1	Нені зерттейтінін білмеймін.
	2	Негізін салушы кім екенін білмеймін.
	3	Тайпа, халық, ұлт, руды білемін.
Түсіну	0	Мәтінді түсінбедім.
	1	Мәтінді түсіндім, топта ортаға салуда көмектестім.

	2	Мәтінді түсіндім, топта ортаға салуда көмектестім, басқа топтардың айтқанын түсіндім.	
	3	Мәтінді түсіндім, топта ортаға салуда көмектестім, басқа топтардың айтқанын түсіндім, басқа топтардың айтқанын өз тобыма түсіндіре аламын.	
Қолдану	0	Ой-пікірімді айта алдым.	
	1	Этнолингвистика – лингвистиканың бір саласы екенін білемін, этнолингвистикалық арнаны мәтіннен таба білемін.	
	2	Мақал-мәтелдердегі ұлттың тыныс-тіршілігін тауып, айта аламын.	
	3	Берілген мысалдарды тұлғасына қарай талдап, анықтай аламын.	
Талдау	1	Ата тегімнің терең тамырларын ажырата аламын.	
	2	Тайпа, ру, ұлт, ұлыс, халық ұғымдарын ажырата аламын, олардың айырмашылықтарын айқындай аламын.	
	3	Тайпа, ру, ұлт, ұлыс, халық ұғымдарын ажырата аламын, олардың айырмашылықтарын айқындай аламын, этнос тілі арқылы ұлттың мәдениетін, дүниетанымы мен құндылықтарын біліп, тапсырма бойынша ой-түйін жасай аламын.	
Жинақтау	0	Тапсырма мәтінін түсінемін.	
	1	Тапсырма мәтінін түсінемін және негізгі ойды анықтай аламын.	
	2	Тапсырма мәтінін түсінемін және негізгі ойды анықтай аламын, негізгі ұғымдарға анықтама бере аламын.	
	3	Тапсырма мәтінін түсінемін және негізгі ойды анықтай аламын, өз болжамдарымды жасай аламын.	
Бағалау	0	Ой-пікірімді дәлелдей алдым.	
	1	Ой-пікірімді дәлелдей алдым, өз білімімді жинақтай алдым.	
	2	Ой-пікірімді дәлелдей алдым, өз білімімді жинақтай алдым, этнос тілі мен халық даналығын салыстыра алдым.	
	3	Ой-пікірімді дәлелдей алдым, өз білімімді жинақтай алдым, этнос тілі мен халық даналығын салыстыра алдым, жұмысымды жүйелей аламын.	

Д.Дьюри «Егер оқушыны қызықтыра білсе, олардың таным белсенділігі ешқашан төмен болмайды», -дейді. Дьюридің көзқарасы бойынша оқушы әрқашан белсенділік танытады, оның ішкі жан дүниесінде шынайы тартыс – жаңа мен тәжірибенің, эмоция мен себеп-салдардың, іс-әрекет пен ойлаудың тартысы болып жатады. Мұны әрбір мұғалім өзінің философиялық көзқарасының алғы шарты ретінде білуге тиіс.

Өз ұлтымызды, мемлекетімізді өркендететін білімді, болашағы зор шәкірттер тәрбиелеу үшін бірінші кезекте балалардың сезімталдығын, ойын, тілін дамытуды қолға алған жөн, -деп ойлаймын.

**Р.КУНУСБАЕВА,**  
**«Іңкәрбек Жұмағұлов атындағы**  
**орта мектеп» КММ.**  
 Алматы облысы,  
 Райымбек ауданы,  
 Шырғанақ ауылы

## **ҚАРСЫЛЫҚТЫ БАҒЫНЫҢҚЫ САБАҚТАС**

**Мақсаты:** білімділік-қарсылықты бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлемнің жасалу жолы мен ерекшеліктері туралы ұғым беру, оқушылардың алған білімдерін тексеру, кеңейту; дамытушылық-түрлі әдіс-тәсілдер арқылы сөйлеу дағдылары мен тілдік қорын молайту, өз бетінше қорытынды жасауға баулу және таным белсенділіктерін дамыту; тәрбиелік-бірлік пен татулықты бойларына дарыту арқылы әдеби тілде сөйлеуге, шапшаң ойлауға, еңбексүйгіштікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Түрі: топтық. Типі: жаңа білім беру. Әдіс-тәсілі: топпен жұмыс, түсіндіру, сұрақ-жауап, баяндау.

**Көрнекілігі:** слайд, сызба, үлестірме қағаздар, Венн диаграммасы, семантикалық карта.

**Сабақтың барысы:**

I. Ұйымдастыру кезеңі. Оқушылармен амандасу. Ынтымақтастық атмосферасын орнату. Шаттық шеңберіне тұрып, бір-біріне тілек айтқызу арқылы сыныпта жағымды ахуал туғызып аламын. Оқушылардың құрал-жабдықтарын тексеремін. Түрлі - түсті қағаз арқылы 3 топқа бөлемін. Топ басшыларын оқушылар өздері ақылдаса отырып сайлайды. Оқушыларға бүгінгі сабаққа жақсы көңіл-күй тілей отырып, алдарына берілген жапсырма қағазға бүгінгі сабақта алғысы келген бағаларын жазып, партаның астына жапсырып қоюларын сұраймын.

I. Қызығушылықты ояту кезеңі:

«Миға шабуыл» әдісі бойынша өткен тақырыптар бойынша сұрақтар қоямын.

1. Өткен сабақта біз қандай сабақтас құрмалас сөйлемнің

түрімен таныстық? (Шартты бағыныңқы).

2. Құрмалас сөйлем дегеніміз не? (Екі немесе одан да көп жай сөйлемдерден құралып, күрделі ойды білдіретін сөйлемдерді құрмалас сөйлем дейміз).

3. Салалас құрмалас сөйлемнің түрлерін ата. (Салалас құрмалас сөйлем алты түрге бөлінеді: ыңғайлас, себеп-салдар, қарсылықты, түсіндірмелі, талғаулы, кезектес салалас).

4. Құрамындағы жай сөйлемдердің салаласа, сабақтаса байланысуына орай құрмалас сөйлем қаншаға бөлінеді? (Үшке бөлінеді: салалас, сабақтас, аралас құрмалас сөйлемдер).

5. Сабақтас құрмалас сөйлем дегеніміз не? (Құрамындағы жай сөйлемдерінің алғашқысы тиянақсыз болып, соңғысына бағына байланысқан құрмалас сөйлемнің түрін сабақтас құрмалас сөйлем дейміз).

6. Бағыныңқы сөйлемді қалай түсінесің? (Бағыныңқы сөйлемнің құрамындағы жай сөйлемдер тиянақсыз болады, өздігінен бөлек айтуға келмейді).

7. Басыңқы сөйлем дегеніміз не? (Құрамындағы жай сөйлемдер өздігінен дербес айтыла береді, тиянақты ойды білдіреді).

8. Сабақтас құрмаластың түрлерін ата? (Құрамындағы бағыныңқы сөйлемдерінің басыңқы сөйлемдермен мағыналық қарым-қатынасына қарай сабақтас құрмалас сөйлемдер алты түрге бөлінеді: шартты, қарсылықты, себеп, мезгіл, қимыл-сын, мақсат).

9. Шартты бағыныңқы сабақтастың анықтамасын айт. (Құрамындағы жай сөйлемдердің біріншісі екіншісіндегі істің жүзеге асуына аспау шартын білдіретін құрмалас сөйлемді шартты бағыныңқы сабақтас дейміз).

10. Шартты бағыныңқы сабақтастың сұрақтары қандай? (Қайтсе? Қайтпей? Қайтпейінше? Қайткенде?).

## II. Мақсат қою

- Сонымен, балалар, салалас құрмалас пен сабақтас құрмалас сөйлемдердің қалай жасалатыны туралы біраз талдау жасап, ойымызды жинақтадық деп ойлаймын. Бүгінгі сабағымыздың мақсаты – қарсылықты бағыныңқы сабақтастың жасалуы мен ерекшеліктерін түсіну, топпен жұмыс жасай отырып жаңа тақырыпты меңгеру.

(Дәптерге күн реті мен тақырыпты жаздыру).

## III. Мағынаны тану кезеңі:

1. Топпен жұмыс. I топ. Шартты райлы етістіктің *да, де* шылауы мен шартты райдың болымсыз түрінен жасалуын түсіндіру.

II топ. Есімшеге көмектес септік жалғауының қосылуы арқылы және есімшеге *-ша, -ше* жұрнағы жалғануы арқылы жасалу жолдарын сызбамен көрсету.

III топ. Көсемшенің *-а, -е, -й* жұрнақтары мен келер шақ есімшенің болымсыз түріне шығыс септігінің жалғауының жалғануын мысал арқылы дәлелдеу.

Басыңқыдағы іске бағыныңқыдағы айтылған іс немесе бағыныңқыдағы іске басыңқыдағы іс қарсы қойыла айтылған сабақтастың түрін қарсылықты бағыныңқы сабақтас дейміз. (Оқушылар өзара топта пікір жүргізіп, өз ойларын ортаға салып, талдау жұмыстарын жасап, кеткен кемшіліктерін бір-бірімен бөліседі).

## 2. Семантикалық карта.

Мысалдар	Шартты рай	Көсемше	Есімше
Ұлберген кедей болғанмен, киім-кешектерін таза ұстайтын.			
Қыс келсе де, қар жаумады.			
Таң алдында бір сағат мызғығаны болмаса, Абай бұл түнді ұйқысыз өткізді.			
Жасы менімен шамалас бола тұра, ақылы, мінезі, жүрегімен ел ағасына ұқсайды.			
Арман аурушаң болғанына қарамай, атқа қонды.			

## 3. Оқулықпен жұмыс.


I топ. 129-жаттығу. Көшіріп жазып, қарсылықты бағыныңқы сабақтас сөйлем баяндауыштарының астын сызу, жасалу жолын түсіндіру.

II топ. 130-жаттығу. Сабақтаса байланысқан сөйлемдердің тыныс белгілерін қойып жазып, мағыналық түрлеріне ажырату.

III топ. 131-жаттығу. Қарсылықты салаласты сабақтас құрмаласқа айналдырып жазу.

IV. Ой-толғаныс кезеңі. 1. Венн диаграммасы арқылы шартты бағыныңқы сабақтас пен қарсылықты бағыныңқы сабақтас сөйлемнің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын көрсетіндер.

шартты бағыныңқы сабақтас қарсылықты бағыныңқы сабақтас



Айырмашылығы	Ұқсастығы	Айырмашылығы
Құрамындағы жай сөйлемдердің біріншісі екіншісіндегі істің жүзеге асуы аспау шартын білдіреді.	Екеуі де құрмалас сөйлем. Күрделі ойды білдіреді. Құрылысы мен мағынасы жағынан. Алғашқы компоненті тиянақсыз. Бағына байланысады. Қосымша арқылы байланысады. Бағыңқы, басыңқы сыңары болады. Бағыныңқының баяндауышы: шартты рай, көсемше, есімше арқылы жасалады.	Басыңқыдағы іске бағыныңқыдағы айтылған іс немесе бағыныңқыдағы іске басыңқыдағы іс қарсы қойылып айтылады.

2. Ой қорыту мақсатында берілген мақалға шағын эссе жазу. «Мыңның түсін білгенше, бірдің атын біл»

3. Бағалау. Алдарына берілген жапсырма қағазға бүгінгі сабақта алғысы келген бағаларын партаның астына жапсырып қойған болатын, соны талдап әр оқушыны таңдаған түстеріне қарай бағалап, бүгінгі сабаққа баға беремін. (Оқушылар өздері ойлаған бағалары мен сабақта берген жауаптарын саралап, өздерін әділ бағалады).

4. Кері байланыс. Бүгінгі сабақ туралы өз ойларын стикерге жазып, «Білім ағашына» жапсырады.

V. Үйге тапсырма.

Қарсылықты бағыныңқы сабақтастың жасалу жолдарын жаттау.

**Ж.АЙКӨРКЕМ,**

**С.Жаңғабылов атындағы орта мектеп.**

Маңғыстау облысы,

Маңғыстау ауданы

## **БҰРЫНҒЫ ӨТКЕН ШАҚ**

Мақсаты: білімділік-етістік, болжалдық келер шақ туралы түсіндіре отырып, оны сөйлем ішінде ажырата білуге дағдыландыру; дамытушылық-оқушылардың ойлау қабілетін, зейінін пәнге деген қызығушылығын, етістіктің шақтарын ажырата білуін, сөйлем құруын дамыту тәрбиелік нақыл сөздер арқылы отансүйгіштікке, ұлтжандылыққа, еңбекке, өз білімін бағалай білуге тәрбиелеу. Түрі: жаңа сабақты меңгерту. Әдісі: сұрақ-жауап, түсіндіру, іздендіру, топпен жұмыс, тез жаттау, шығармашылық, жаттығу. Көрнекілігі: қима қағаздар, интерактивті тақта, тірек-сызба.

Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру.

1-слайд. Кім сендерді, балалар, сүйетұғын,  
Қуанышқа қуанып, қайғына күйетұғын.  
Түн ұйқысын төрт бөліп, ұйқы көрмей  
Шешен байғұс дамылсыз жүретұғын.

Кім сағынар сендерді келгеніңше  
Құлыңдарын көзімен көргеніңше.  
Сендер қайтып келгенде адам болып,  
Еш арманым болмас деп өле-өлгенше.

Сыныпты үш топқа бөлу. I топ-«Осы шақ».

II топ-«Келер шақ».

III топ-«Өткен шақ».

II. «Миға шабуыл» бөлімі. «Етістік» тақырыбына байланысты үш топқа сұрақтар беріліп, жауаптары тыңдалады.

2-слайд. «Осы шақ» тобына:

- Осы шақ дегеніміз не?

- Қалып етістіктерін ата, тақтаға жікте!

Тақтаға осы шақ жасайтын жұрнақтарды жаз!

«Келер шақ» тобына: Келер шақ қалай жасалады?

Мақсатты келер шақ дегеніміз не? Мысалмен дәлелде!

Болжалды келер шақ қандай жұрнақтар арқылы жасалады?

Ауыспалы келер шақ пен ауыспалы осы шақтың айырмашылығы неде?

«Өткен шақ» тобына Өткен шақ дегеніміз не?

Жедел өткен шақ қалай жасалады? Тақтаға жедел өткен шақ етістігін жікте!

III. Мағынаны тану. Жаңа сабақ.

3-слайд.

## Өткен шақ

Жедел өткен шақ

Ауыспалы өткен шақ

## Бұрынғы өткен шақ

Бұрынғы өткен шақ қимылдың, іс-әрекеттің сөйлеп тұрған сәтпен салыстырғанда әлдеқайда бұрын болғандығын білдіреді.

Мысалы: Сапар көкпар ойынын ойнаған.

а) Бұрынғы өткен шақ - *ып*, - *іп*, - *п* тұлғалы көсемшенің жіктеліп келуінен жасалады: мысалы мен бар- ып - пын, сен бар- ып- сың, бар-ып-сыз ол бар -ып -ты.

ә) Бұрынғы өткен шақ - *ған*, - *ген*, - *қан*, - *кен* тұлғалы есімшенің жіктеліп келуінен жасалады: *мен бар- ған- мын, сен бар- ған - сың, ол бар- ған*.

Бұрынғы өткен шақ -*ған*, -*ген*, -*қан*, -*кен* тұлғалы есімшеге немесе - *ып*, -*іп*, -*п* тұлғалы көсемшеге -*е* (еді) көмекші етістігі тіркесу арқылы жасалады.

жақ	жекеше	көпше
I	айтқан едім (екенмін)	айтқан едік
II	айтқан едің (екенсің)	айтқан едіңдер
	айтқан едіңіз (екенсіз)	айтқан едіңіздер
III	айтқан еді	айтқан еді

4-слайд. IV. «Гез жаттау» әдісі ( жаңа сабақтың анықтамасын екі рет қайталап, жаттату)

5-слайд. V. Жаттығу жұмысы. 133-жаттығу.

а) өлеңді мәнерлеп оқу;

ә) етістіктіктерді көсемше тұлғасына келтіріп жазу;

б) жіктеп жазу.134-жаттығу. Мәтінді ауызша талдау.

6-слайд. VI. Сөйлемдерді жан-жақты талдау.

«Осы шақ» тобына: *Балалардың шетінде Ғайни да мұғалімнің шығарған есебіне тесіле қарап отыр.* (асты сызылған сөзге фонетикалық талдау және математикалық мінездеме беру).

«Келер шақ» тобына: *Құстар ұяларын тастап, қыс болмайтын жылы жаққа кетпекші.* (сөйлемге морфологиялық талдау жасау).

«Өткен шақ» тобына: *Бүгін осында Құнанбай жағынан келетін бір келісті ерекше аңдып күткендей.* (сөйлемге синтаксистік талдау жасау)

7-слайд. VII. Түсіндірме диктант.

Бақша, арала, әдемі, тұр, кітап, айт, сымбатты, көретін

а) есімді, етістікті тіркес жасау.

ә) етістікті тіркесті шақтарға айыру.

8-слайд. VIII. Ой толғаныс. Осы шақ тобына: «Қыс келбеті»

Келер шақ тобына: «Менің арманым». Өткен шақ тобына: «Жалғыз бала болыпты...» тақырыбына ертегі құрастыру.

9-слайд. IX. Бекіту. Ұғымдарды анықтау шеңбері. Үйге тапсырма беру.

Ж.БУКЕТОВА,

Болтай батыр атындағы

шағын орталық.

Жамбыл облысы,

Т.Рысқұлов ауданы

## СЫН ЕСІМНІҢ СӨЙЛЕМДЕГІ ҚЫЗМЕТІ

Мақсаты: білімділік-оқушыларға сын есімнің сөйлемдегі қызметін игерту, сөйлем ішіндегі сын есімнің қызметін дұрыс табуға, оқушының өзіне талдату арқылы меңгерту; дамытушылық-оқушылардың дүниетанымын, ой-өрісін кеңейту, сөйлеу тілін, сөйлеу мәдениетін жетілдіру; тәрбиелік-оқушыларды өз-өзіне сын көзбен қарауға үйрету, бірлесіп еңбектенуге, адамгершілікке тәрбиелеу. Типі: жаңа сабақты меңгерту. Түрі: аралас.

Әдісі: ізденіс, жарыс, сұрақ-жауап, талдау, Блум таксономиясы, семантикалық карта, Венн диаграммасы.

Көрнекілігі: кесте, суреттер.

Пәнаралық байланыс: әдебиет.

Сабақтың жүру барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі (Оқушылармен амандасу, түгелдеу)

II. Психологиялық дайындық.

Оқушылар «Қызғалдақ», «Түймедақ», «Раушан» гүлдерін тандау арқылы топқа бөлінеді.

I топ. «Халық банк».

II топ. «Каспий банк».

III топ. «Нұр банк».

III. Үй тапсырмасын тексеру. 56-жаттығу тексеріледі.

Бекіту.

I топ. Грамматикалық диктант.

1. Заттың, құбылыстың сынын, сапасын, дәмін, түсін, көлемін білдіріп, қандай? деген сұраққа жауап беретін қандай сөз табы?

2. Сын есімнің мағыналық түрлері.

3. Біртектес түр мен түстің, сапа мен белгінің, иіс пен дәмнің әр қилы рендерін не дейміз?

4. -*рақ*, -*рек*, -*ырақ*, -*ірек* қандай шырайдың жұрнақтары?

5. Күшейткіш буындар мен күшейткіш үстеулер арқылы жасалатын шырай түрі.

6. Күшейткіш буын қосарланғанда бірге жазылатын сын есімдер.

7. Сулы жер—нулы жер. Мақалда қандай сын есімдер қатысып

тұр?

8. Шырайдың қанша түрі бар?

9. Күшейткіш буындар сын есімдермен бірге жазыла ма?

10. Әп-әдемі, өте жасыл, тап-таза сын есімдері мағынасына қарай қандай сын есімдер және қандай шырайлы сын есімдер?

II топ. Семантикалық карта.

Мысалдар	Салыстырмалы шырай	Күшейтпелі шырай
Әп-әдемі		
Үлкендеу		
Бойшаң		
Қап-қара		
Қымбатырақ		
Өте арық		
Қызғылт		
Аса маңызды		
Бозаң		
Биіктеу		
Тым көк		
Сарғылт		
Тереңдеу		
Тап- таза		
Аппақ		
Арзанырақ		

III топ. Венн диаграммасы.

IV. Жаңа сабаққа ену кезеңі.

Блум таксономиясы

1. Білу (сұрақтар қою)

а) Сөйлем мүшелерін ата

ә) Тұрлаулы мүшелерді ата

б) Тұрлаусыз мүшелерді ата

2. Түсіну. Сөйлем мүшелеріне талдап, кестені толтырады.

1-топ

1. Қорқақ бұрын жұдырықтар.

2. Арық атқа қамшы ауыр.

3. Ағаш кессең, ұзын кес.

2-топ

1. Сыпайы тоңбайды, қалтырайды.

2. Сен менен өткен ақылдысың.

3. Жаманға сырыңды айтпа.

3-топ

1. Қырдағы қызыл-сары гүлдер көздің жауын алады.

2. Ол домбырада шебер ойнайды.

3. Жеті атасын білмеген-жетесіз.

3. Қолдану (жаттығумен жұмыс).

62-жаттығу (топтарға бөліп беремін, морфологиялық, синтаксистік талдау жасайды)

60-жаттығу (ауызша)

4. Талдау. Зат есім мен сын есімнің түрленуін салыстыр.

5. Жинақтау.

I топ. Елбасы суреті.

II топ. Астана суреті.

III топ Бәйтерек суреті.

Осы суреттерге қарап, сын есімдерді қатыстырып, түрлі сөйлем мүшелерінің қызметін атқаратындай шағын шығарма жазу.

6. Бағалау.

Тест тапсырмасы беріледі.

1. Бастауышы сын есімнен жасалған сөйлемді көрсетіңіз:

A) Жақсыдан қашпа, жаманға баспа.

B) Жомарт жоқтығын, жүйрік тоқтығын білдірмес.

C) Әдептіге елікте, әдепсізден жирен.

D) Сыпайының сыры ішінде.

E) Жуас түйе жүндеуге жақсы.

2. Пысықтауыш қызметін атқарып тұрған сын есімді көрсетіңіз.

A) Қартаңдау кісі суыт жүріп келеді.

B) Кішіпейілділіктен кішіреймессің.

C) Өнерлі өрге жүзеді.

D) Жақсыда жаттық жоқ.

E) Жанар әнді жақсы айтады.

3. Басқа шырайларға негіз болатын сөзді анықтаңыз:

A) Сапалық сын есім;

B) Жай шырай;

C) Дара сын есім;

D) Негізгі сын есім;

E) Салыстырмалы шырай.

4. Салыстырмалы шырай жұрнақтарын ажыратыңыз:

A) –қы, –лы, –сыз, –лық, –қор;

B) –малы, –ек, –ақ, –шек, –ма;

C) –мақ, –мек, –шы, –ғай, –ып;

D) –у, –ған, –атын, –с, –ғалы;

E) –рақ, –лау, –қылт, –шыл, –аң.

5. «Көкпенбек, аппақ» сөздері қай шырай түрінде қолданылып тұр?



## **ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМДІ ОҚЫТУ**

Мақсаты: білімділік-оқушылардың құрмалас сөйлем және оның түрлері туралы түсініктерін қалыптастыру, құрмалас сөйлемнің анықтамасын мысалдар арқылы өздеріне тапқызып, оның ерекшеліктерін білу, тіл ұстартудағы маңызын түсіндіру; дамытушылық-құрмалас сөйлемнің оқушының ойын жеткізудегі рөлін практикалық тұрғыда дәлелдеу, дұрыс пайдалана білуге дағдыландыру, оқушылардың ойын ауызша, жазбаша түрде жеткізе білуге үйрету; тәрбиелік-адамгершілікке, өзара сыйластыққа, ана тілін қастерлеуге тәрбиелеу.

Түрі: жаңа сабақты меңгерту.

Әдіс-тәсілдері: СТО технологиясының тәсілдері, сұрақ-жауап, талдау, топтастыру.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі.

Оқушылардың назарын сабаққа аудару.

а) Психологиялық дайындық.

Ана тілі – асыл қазына,

Байлығың – білсең, ол сенің.

Жеткізер өмір жазына,

Сонымен өсер өркенің!

2. Сабақтың құрылымымен таныстыру.

Бүгінгі сабақ «Ашық журнал» сабағы деп аталады. Журнал парақтарында төмендегідей мазмұнда берілген:

1-бет «Қайталау – оқу анасы»

2-бет «Жаңа сабақтың құпиясы!»

3-бет «Кітап – біздің досымыз»

4-бет «Ойлан, тап!»

«Жұмбақбай атаның жұмбақтары»

«Графикалық диктант»

5-бет «Білімді мыңды жығады»

А) Топтастыру

Ә) Өлең ішіндегі өлең.

Өлең жолдарын дұрыс табу арқылы оқушыларды 3 топқа

- А) Жай шырай;  
В) Асырмалы шырай;  
С) Күшейтпелі шырай;  
Д) Шырайы жоқ;  
Е) Салыстырмалы шырай.
6. Салыстырмалы шырай қатысқан тіркесті табыңыз:  
А) Ызалы жүрек;  
В) Жылы шырайлы жан;  
С) Өте ұян қыз;  
Д) Құп-қу болып кетті;  
Е) шүңіректеу көзді.
7. Анықтауыш қызметін атқарып тұрған қатыстық сын есімді табыңыз:  
А) Сәтжанның қабағы қатулы.  
В) Омар сабақты жақсы оқиды.  
С) Сұйықтау, қоңыр шашының арасынан бас құйқасы қылаңдап көрінеді.  
Д) Бірі – сұлу, бірі – мықты, бірі- жүйрік  
Е) Адам тастай берік, гүлдей нәзік
8. Баяндауыш қызметін атқарып тұрған сын есімді көрсетіңіз:  
А) Бірлік болмай, тірлік болмас.  
В) Ақтайдың үйі салтанатты, көрікті.  
С) Ол тесіле, сыздана қарайды.  
Д) Кірпігін сирек қағады.  
Е) Отансыз адам-ормансыз бұлбұл.
9. Сын есімнен жасалған толықтауышты табыңыз:  
А) Ол-намысшыл адам.  
В) Тұзсыз тамақ дәмсіз.  
С) Әлсіз адам сүріншек, ақылсыз еріншек.  
Д) Жорабек орнынан құлықсыз тұрды.  
Е) Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен.
10. Сын есімнің салыстырмалы шырай түрінен жасалған анықтауышты табыңыз:  
А) Сәл кішілеу қара көзі тесіле қарады.  
В) Ормандағы шиенің піскен кезі еді.  
С) Қандай ақылды әрі сүйкімді бала.  
Д) Ол- қызметіне шексіз адал жан  
Е) Аттар-бауырынан жараған, қуса жететін, қашса құтылатын жүйріктер.
- Рефлексия. Бүгінгі сабақтан алған әсерлерімен бөліседі.  
Үйге тапсырма: 64-жаттығу. Морфологиялық талдау жасау.

бөлу.

1-топ: «Салалас»

2-топ «Сабақтас»

3-топ «Аралас»

Әр беттегі тақырыпты аша отырып, тапсырмаларды орындау.

1-бет «Қайталау – оқу анасы»

Әр топқа өткен сабақтар бойынша тапсырмалар беріледі.

«Салалас» тобына: Жай сөйлем түрлерінің сызбасын салып, ережелерін айту.

«Сабақтас» тобына: Жай сөйлем түрлеріне мысалдар жинақтау.

«Аралас» тобына: Үйге берілген жаттығуларды оқу.

2-бет «Жаңа сабақ құпиясы»

А) «Кілт сөз»

Сөзжұмбақ «Құрмалас»

1. Тұрлаусыз мүше.

2. Алфавиттегі 27-әріп.

3. Тыныс белгісі.

4. Сөз табы.

5. Септік.

6. Жай сөйлемнің түрі.

7. Қосымшаның түрі.

8. Дауыссыз дыбыс.

Ерекше сызылған торкөзден бүгінгі сабақтың тақырыбы шығады.

Ә) «Сөйлемдер сыры»

1. Теректер мен қайыңдардың шық басқан су жапырақтары табан астында былпылдап жатыр,

басқан аяқтың тықыры сезілмейді.

2. Үсен манағы пышақтың сыртымен тасқа қатты ұрып еді, от шығып, мақта тұтанды.

Б) «Құпияны ашу»

Екі немесе бірнеше жай сөйлемнен құралып, күрделі ойды білдіретін сөйлем құрмалас сөйлем деп аталады.

Құрмалас сөйлем байланысу тәсілдеріне, құрамына қарай салалас құрмалас, сабақтас құрмалас, аралас құрмалас болып, үшке бөлінеді.

Салалас

Сабақтас

Құрмалас

Аралас

1. Аттылар келе жатыр еді, жол екіге айырылды.

2. Қоңырау соғылысымен, балалар далаға шықты.

3. Қарағандының қары биыл бұрқан-тарқан қауырт еріп еді,

сай-салалары суға толып, қырдың тентек өзендері сақылдап тасығалы кемерлеп тұр.

3-бет. «Кітап – біздің досымыз»

Кітап та алма ағашы,

Жемісін біздер теретін.

Тәтті алмаға теңеші,

Кітабыңның әр бетін.

Оқулықпен жұмыс:

«Салалас» тобы: 93-жаттығу

«Сабақтас» тобы: 94-жаттығу

«Аралас» тобы: 95-жаттығу

4-бет. «Ойлан, тап!»

«Салалас» тобына: «Жедел жауап»

1. Құрмалас сөйлем кемінде екі жай сөйлемнен тұра ма?

2. Салалас құрмалас сөйлемнің баяндауышы тиянақты бола ма?

3. Сабақтас құрмалас сөйлемнің жай сөйлемдері тең дәрежеде байланыса ма?

4. Аралас құрмалас сөйлемнің жай сөйлемдерінің баяндауыштары бәрі бірдей тиянақты бола ма?

«Сабақтас» тобына: «Жұмбақбай ағайдың жұмбақтары»

1. Синтаксистік бір атау

Күрделі ойды білдірер,

Үш салаға бөлінер.

Жұбын жазбай үшеуі,

Оқулықта бір жүрер.

Ойландаршы, балалар,

Бұл атауды кім білер?

2. Әрбір жай сөйлемі тең тіркеседі,

Бірінен-бірін бөліп айтса да,

Әрқайсысы жеке ойды көрсетеді?

3. Алдыңғысы соңғысына ереді,

Тиянақты жағы тірек боп келеді.

Бұлай байланысқан сөйлемдерде,

Қайсысының мағынасын,

Қайсысы ашып береді?

4. Аттас сөйлемдердің бірі – сабақтас,

Бірі – салалас.


Формасы басқа болғанмен,

Өздері жақын мағыналас.

Болады қандай құрмалас?

«Аралас» тобына: Графикалық диктант.

## ҚАЗАҚСТАННЫҢ БЕЛГІЛІ СПОРТШЫЛАРЫ



5-бет. «Білімді мыңды жығады»

а) Топтастыру



ә) «Өлең ішіндегі өлең»

Төменде Абай өлеңдерінен бірнеше жол үзінді келтірілген. Үзінділердегі қарамен берілген сөздерді сол берілген ретімен теріп алып оқындар. Ол да Абай өлеңдерінен алынған екі жол үзінді болып шығады. Ол Абайдың өздерің оқыған қай өлеңінде кездеседі?

Пайда, мақтан-бәрі тұл,  
Доссыз ауыз тұщымас...

Кісілікті ойламай,

Еңбекті сағ, ар сағып неге керек?

Жүрегімнің түбіне терең бойла,

Мен бір жұмбақ адаммын оны да ойла...

Кісіде бар болса талап,

Отырмас ол ойын балап...

Болмашы кекшіл,

Болсайшы көпшіл,

Жан аямай кәсіп қыл...

Тіл буынсыз, бой – таза гүл,

Ақылы артық, ары мол..

Мәнісін сұрап білуге,

Тілдесе алмаймын еріксіз...

Пайда ойлама, ар ойла,

Талап қыл, артық білуге.

«Интернатта оқып жүр» өлеңі. Абай.

Үйге тапсырма: Құрмалас сөйлемге мысалдар жазып келу.

Бағалау: оқушылардың бірін-бірі бағалауы, мұғалімнің бағалауы, қорытынды баға.

Мақсаты: білімділік- «Реттік сан есім» тақырыбы бойынша оқушының білімін қолдану, қазақтың белгілі спортшылары туралы мағлұмат беру; «Спорт» тақырыбы туралы мәліметтерді жалғастыру, «Спорт» тақырыбына байланысты сөйлесу, жаттығу, анықтау, талдау жұмыстарын жүргізу; дамытушылық-балалардың сөздік қорын, сөйлеу тілін дамыту, шығармашылық жұмыстар жасауға жетелеу, танымдарын кеңейтіп, ой-өрісін дамыту; тәрбиелік: белгілі спортшылардың өмірі мен жетістіктерінен үлгі ала отырып, салауатты өмір салтын сақтауға тәрбиелеу.

Типі: аралас сабақ. Көрнекі құралдар: бейнебаян, слайд, бағалау плакаты, үлестірмелер, жұмыс дәптері. Әдіс-тәсілдер: сұрақ-жауап, жеке жұптық жұмыс, мәтінмен жұмыс, деңгейлеп, оқыта-үйрету ойындары. Оқыту технологиясы: деңгейлеп-саралап оқыту

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

Оқушылармен сәлемдесу. Сабақтың тақырыбымен, мақсатымен таныстыру.

II. Үй тапсырмасын тексеру.

1. 5-тапсырма. Сөздіктің көмегімен таныс емес спорт терминдерінің мағынасын біліп келу.Слайдта спорт түрлерінің суретін көрсету барысында оқушылар біліп келген мәліметтерін айтып отырады.

• Биатлон – бірнеше ату шебінде кіші калибрлі винтовкадан жатып және тұрып ататын шаңғы жарыстары.

• Тау шаңғысы спорты – арнайы жолдармен таудан төмен құлдилау.

• Конькимен жүгіру спорты – конькимен жылдамдыққа жүгіру.

• Мәнерлеп сырғанау – бұл спортшының музыка ырғағымен мұзда конькимен жасалатын қимыл-қозғалысы.

• Фристайл – бұл тау шаңғысы спортының бір түрі. Ол өз ішінен үшке бөлінеді: могул – кедір-бұдыр жолдың бойымен тау шаңғысымен жылдам құлдилау; шаңғы балеті – әр түрлі би қимылдарын орындай отырып, таудан құлдилау; әуе (шаңғы)

акробатикасы – акроботикалық қимыл-қозғалыстарды орындай отырып, екі метрлік трамплиннен секіру.

- Хоккей – мұз алаңында өтетін спорттық командалық ойын. Хоккейді шайбамен де, доппен де ойнайды.

- Шорт-трек – хоккей алаңында белгіленген қысқа мұз жолында конькимен жүгіру.

- Азиада еліміздің атын әлемде асқақтатты, осындай көк туымызды көкте желбіретіп жүрген белгілі спортшыларымыз да бар. Бүгінгі сабағымыз Олимпиада чемпиондарына арналмақ.

II. Жаңа сабақ.

1. Ой қозғау. Тыңдалым "Чемпиондар әні" (бейнебаян)

2. Жаңа материал.

Тақырыбы: «Қазақстанның белгілі спортшылары» (1-қосымша, таныстырылым слайдта спортшыларымыздың суреттері мен жетістіктерін көрсету).

3. Мәтінмен жұмыс. «Баяндама» оқыта-үйрету ойыны.

Мұғалім оқушыларға 1-мәтінді оқуды (Гонг), соңынан оның мазмұнын сурет, белгі, сызба түрінде беруді ұсынады. Бұл «шпаргалканы» оқушы оң жағындағы көршісіне береді. (Гонг).

Әрқайсысы өз көршісінің суреттерін немесе сызбаларын қолдана отырып, осы мәтін бойынша «баяндама» жасайды. (Гонг) «Баяндама» мазмұнын неғұрлым кең ашып, оны қорғап, ең жақсы көрнекі құрал ұсынған оқушылар жеңімпаз болады.



III. Бекіту. 4. Деңгейлік тапсырмалар орындау.

I деңгей.

1. Сөздердің аудармасын табындар:

тренер- жаттықтырушы; выносливость-ұстамдылық;

здоровый образ жизни-салауатты өмір;

организован-ұйымдастырылды;

сборная Казахстана-Қазақстан құрамасы;

крепкий- мықты; легкий-жеңіл;

тяжелый-ауыр; борьба-күрес;

терпеливый-шыдамды; победитель-жеңімпаз;

чемпион мира-дүниежүзі чемпионы.

2. Берілген сөйлемдердегі ойды аяқтандар. Сәйкескестендір.

1. Серік Қонақбаев 1959 жылы 25 қазанда...		мемлекеттік жаттықтырушысы болған.
2. Ол Олимпиада ойындарының ...		Павлодар қаласында дүниеге келген.
3. 1986-1992 жылдарда Қазақстан құрама командасының ...		және спорт академиясының профессоры.
4. 1992 жылдың тамыз айынан бастап кәсіби бокс ...		күміс жүлдегері, екі мәрте Еуропа чемпионы, әлем кубогының екі мәрте иегері.

3. Сөйлемдер бойынша сұрақтар құра.

II деңгей. 1. Сұрақтарға жауап жаз:

1) Қазақстанның тұңғыш Олимпиада чемпионы кім?

2) Жақсылық Үшкempiров қандай күрестің чемпионы?

3) Ол қай жылы Мәскеу Олимпиадасынан жеңіспен оралды?

4) 1984 жылы Жақсылық Үшкempiровті үлкен спорттан шығарып салу рәсімі қай қалада өтті?

2. Мәтіндегі бос орындарды толықтырып, мәліметтерді біліп ал.

Ермахан Сағиұлы Ибраимов 1972 жылы 1 қаңтарда -----

----- туып өскен. Ермахан Ибраимов 1996, 2000 жылдары Қазақстан ----- алып жүрді. Оның орташа ----- 71 кг. 1996 жылы Атлантадан қола медальмен, 1997 жылы Будапешттен күміс медальмен, 1999 жылы Хьюстоннан қола медальмен, 2000 жылы Сиднейден алтын медальмен ----- (оралды, Жамбыл облысында, Олимпиада алауын, салмағы)

3. Мәтіндегі сан есімдерді тауып, түрлеріне қарай ажырат.

III деңгей. Модуль бойынша жаңа сөздерді және реттік сан есімдерді қолдана отырып, жерлес спортшы жайында мәтін құра.

IV. Қорытынды. "Сикырлы сандар сөйлейді" әр санның құпиясын ашу.

"7"-7-қысқы Азиада ойындары өтті.

"1980жыл"-Ж. Үшкempiров Мәскеу Олимпиадасының чемпионы.

"2000жыл"-Сиднейде Е.Ибраимов алтын медаль алды.

"32"-Азиада ойындарынан 32 алтын ұтты.

"III тоқсан"-реттік сан есім.

"71"-Е.Ибраимовтың орташа салмағы.

"Жетістік жұлдызы" Балалар, белгілі спортшыларымыз біздің еліміздің аспандағы жарқыраған жұлдыздары іспетті. Бүгінгі сабақта айтылған ойымызды "Жетістік жұлдызы" атты жұмысымызбен қорытындылаймыз. (Оқушылардың санына сәйкес жұлдызшалар үлестіріледі.) Әр бала өзі жеткен жетістігін жазып, аспан бейнеленген плакатқа айта отырып іледі.

V. Бағалау. Ашық журналда сабақ барысында жинаған ұпай сандарына байланысты, бағаланады.

**Ж.АСАНОВА,**  
**№125 С.Сапарбеков атындағы**  
**орта мектеп.**  
 Қызылорда облысы,  
 Жанакорған ауданы

## ЕРІНДІК ЖӘНЕ ЕЗУЛІК ДАУЫСТЫЛАР

Мақсаты: білімділік-дауысты дыбыстардың жіктелуін оқушылардың өздерін қатыстыра отырып түсіндіру; дамытушылық-сауаттылықтары мен логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, грамматикалық талдау дағдыларын қалыптастыру, пәнге деген қызығушылықтарын арттыру; тәрбиелік-адамгершілікке, қамқорлыққа, еңбекқорлыққа, сөз өнерін ардақтауға тәрбиелеу.

Түрі: аралас сабақ.

Әдісі: сын тұрғысынан ойлау, түсіндіру, талдау, салыстыру, сұрақ-жауап, семантикалық карта.

Пәнаралық байланыс: әдебиет, бейнелеу

Көрнекілігі: «Төрт түлік» кітабы, суреттері, интербелсенді тақта, «Орфографиялық сөздік», «Орфоэпиялық сөздік», «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» кітаптары.

Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру кезеңі.

а) Оқушылармен сәлемдесу, түгелдеу;

ә) зейіндерін сабаққа аудару.

Қызығушылықты ояту.

Жұмбақтарды шешу, жауабындағы сөздерге фонетикалық талдау жасату.

1. Маң-маң басып келеді,

Тапырақтап желеді.

Мойны – ұзын, үсті – тау,

Ергеден елге бел еді.

2. Мінсең – желдей жүйткіді,

Көңілің таудай өседі.

Алып ұшар алысқа

«Ер қанаты» деседі.

3. Төрт бұлағы – сүт,

Баға білсең – құт.

4. Төлі – егіз,

Өзі – семіз.

Айтшы, кәне,  
 Қай түлік дейміз?  
 5. Селтең-селтең құлағы,  
 Орнықтаған тұрағы.  
 Ойнақтайды секеңдеп,  
 Шештің мұны не екен деп?

Мағынаны тану.

Дауысты  
 дыбыстардың  
 жасалу кезіндегі ерін мен  
 езудің қатысына қарай еріндік  
 және езулік болып бөлінеді

Еріннің дөңгеленіп алға қарай созылуы арқылы жасалған дауысты дыбыстарды еріндік дауыстылар деп атаймыз.

Еріндік дауыстылар:  
 о, ө, ұ, ү, у.

Езудің кейін қарай тартылуы арқылы жасалған дауысты дыбыстарды езулік дауыстылар деп атаймыз.

Езулік дауыстылар:  
 а, е, ә, э, ы, і, и.

Қазақ тілінде сөздер көбінесе қалай жазылса, солай оқылады. Кейде сөздің жазылуы мен айтылуында өзгешелік болады.

Сөздің алдыңғы буынындағы еріндік дауыстылар (у, ұ, ү, о, ө) өзінен кейінгі буындағы езулік дауыстылардың (ы, і, е) айтылуына әсер етеді, оны өзіне қарай бейімдеп, еріндік дауыстыға айналдырады.

Салыстыру.

Жазылуы	Айтылуы
түйе	түйө
түлік	түлүк
түлкі	түлкү
езулік	езүүлүк
өлең	өлең
өрік	өрүк
жүйрік	жүйрүк
мұрын	мұрұн
құлын	құлұн

Жаңа тақырып бойынша жұмыс.

247-жаттығу. Төмендегі жұмбақ өлеңдердің шешуі қай дауысты дыбыстар екенін табындар. Өздерің осы тәрізді жұмбақ өлең шығарып көріңдер. (шығармашылық жұмыс)

Сөздікпен жұмыс.

1. Құмай – таулы жерді мекендейтін жыртқыш құс.
2. Құмай – тазы иттің ең жүйрік, шалымды түрі.
3. Құмай – тары тәріздес, көпжылдық арамшөп.
4. Құмай – оңтүстікте өсетін жүгері тәрізді малға жұғымды көк шөп.

Мен – құстан туған құмаймын,

Бір тұлпарға жұбаймын.

Сауырыма қамшы тиген соң,

Шаппай неғып шыдаймын? (Махамбет)

249-жаттығу. Төменде берілген мәтіннің не жайында екенін әңгімелендер.

Мәтіндегі дауысты дыбыстарды теріп алып, оларды мына үлгі-кесте бойынша толтырыңдар.

Тілдің қатысына қарай		Жақтың қатысына қарай		Ерін мен езудің қатысына қарай	
жуан	жіңішке	ашық	қысаң	еріндік	езулік

Ойтолғаныс.

Дыбыстар	Жуан	Жіңішке	Ашық	Қысаң	Еріндік	Езулік
а						
ұ,э						
ы,и,і,е						
о,а,ә,е						
а,о,ұ,ы						
о,ө,ұ,ү						
у,ө						
и,ы						
о,ө						
ү,і						

Үйге тапсырма.248-жаттығу.

Оқушыларды бағалау.

**Ш.МАЛЬШУБАЕВА,**  
**Қалижан Бекқожин атындағы**  
**№12 жалпы орта білім беру мектебі.**  
Павлодар қаласы

## МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР

Мақсаты: білімділік: оқушылардың мақал-мәтелдер туралы білім, білігін тереңдету, салыстыру, ажырата білу дағдылары мен оқу, талдау машықтарын қалыптастыру; тәрбиелік-ана тілін ардақтап бағалай білуге, сөз қадірін терең ұғуға тәрбиелеу; дамытушылық-оқушылардың логикалық ойлауын, ой дәлдігін дамыту, сөйлеу мәдениетін жетілдіру, түрлі амал-тәсілдер арқылы іздендіре отырып шығармашылыққа баулу.

Көрнекілік: проектор, кесте, тірек-сызба, суреттер.

Әдіс-тәсілдері: сұрақ-жауап, деңгейлік тапсырмалар, іздендіру.

Пәнаралық байланыс: әдебиет, ағылшын тілі, бейнелеу, математика.

Түрі: шығармашылық ізденіс.

Психологиялық дайындық:(шаттық шеңберіне шақыру)

Мейірімді жүрекпен (жүректерін ұстайды)

Ақ пейілді тілекпен (қолдарын көкке көтереді)

Амандасып алайық (бір-бірінің қолдарын ұстайды)

Бір жадырап қалайық (бір-біріне қарап күлімдейді)

Еңбек етіп ерінбей,

Жақсы баға алайық! (бас бармақтарын көрсетеді)

Үй жұмысын сұрау:

«Ынта» тобы.

1. Тұрақты тіркес деген не?

2. Тұрақты тіркесті ғылым тілінде басқаша не деп атаймыз?

«Жігер тобы». Суреттерге қарап, тұрақты тіркестер табу. (Қас, көз, құлақ, арасында; ит, күшік, сиыр, қиянда; бет, ауыз, мұрын, шықты; ай, жұлдыз, күн, туды.)

1. Қас пен көздің арасында – лезде, тез.

2. Ит арқасы қиянда – алыс.

3. Бетінен оты шықты – ұялу.

4. Айы оңынан туды – жолы болды.

«Дарын» тобы. Кестені толтыру.

Тұрақты тіркестер	Мағына	Сұрақтар
Тілі шығу	Сөйлеу	Не істеу?
Ит өлген жер	.....	.....
.....	Қуану	.....
.....	.....	Қандай?
Таяқ тастам	.....	.....
.....	Өкіну	.....
Қоян жүрек	.....	.....

Бүгінгі сабағымыздың тақырыбын мына сөзжұмбақты шешу арқылы анықтайтын боламыз. Қызығушылықтарын ояту.

Сөзжұмбақ.

1. Жазылуы бірдей, мағыналары әр түрлі сөздер.

2. Заттың атын білдіретін сөз табы.

3. Жылқы пірі.

4. Адамның түрлі көңіл-күйін білдіретін сөздер.

5. Қыстың бірінші айы.

6. Балаға ең қымбат – .

7. Білім беретін мекеме.

8. Бірнеше сөйлемнен құралып негізгі ойды білдіреді.

9. Көркемдеп суреттеуде затты не құбылысты екінші затпен немесе құбылыспен салыстырып бейнелеу.

10. Сиыр пірі.

11. Сөздер мен сөйлемдерді байланыстыратын сөз табы.

Қандай сөз шықты? (Мақал-мәтел)

Бүгінгі сабағымыздың тақырыбы «Мақал-мәтел» екен. Мақсатын оқушылар айтады.

Топтағы оқушылар сабақты постер арқылы түсіндіріп қорғайды.

I кезең. «Білім инемен құдық қазғандай»

III деңгей. Графикалық диктант.

Оқусыз білім жоқ

Өз білмегенінді кісіден сұра

Бірлігі жоқ ел тозады

Әдепті бала – арлы бала

Жақсы туса ел ырысы

Тіліңмен жүгірме

Бірлігі күшті ел озады

Біліммен жүгір

Білімсіз күнің жоқ

Алысқа қарайды

Талап қылмай мұратқа

жетпес

Үлкен жоқ болса, кісіден

сұра

Адам болатын бала                      Әдепсіз бала – сорлы бала

Жан қиналмай жұмыс бітпес      Жаңбыр жауса жер ырысы

II деңгей. Сөздердің баламаларын тұрақты тіркеспен жаз.

Хабарласпау – Ат ізін салмау.

Жуас – Қой аузынан шөп алмас.

Ренжісті – Қырғи қабақ болу.

Әдемі – Үріп ауызға салғандай.

Қуану – Екі езуі құлағына жету.

Жек көру – Ала көзімен ату.

Ұялу – Жер болу.

Сөйлемей – Жұмған аузын ашпау.

Ашушаң – Көк айыл.

Қатігез – Тасжүрек.

I деңгей. Мақал-мәтелді толықтыру, екі тілге аудару.

1. Туған жерге ... тік. (туың-флаг-flag)

2.... жылатып айтар, дұшпан күлдіріп айтар. (дос-друг-friend)

3. Өнер алды ... тіл. (қызыл-красный-red)

4. ... жігіт жол бастар. (батыр-герой-hero)

5. ... кепілі – тазалық. (денсаулық-здоровье-health)

Сергіту сәті.

Ал, балалар, тұрайық,

Алақанды ұрайық.

Бір отырып, бір тұрып,

Біз демалып алайық.

Оңға, оңға түзу тұр,

Солға, солға түзу тұр.

Алға қарай бір адым,

Артқа қарай бір адым.

Жоғары, төмен қарайық,

Орнымызды табайық.

II кезең. «Өнер-ағып жатқан бұлақ, білім-жанып жатқан шырақ»

III деңгей. Сөз құрамына талдау. *Елбасымызды,*

*оқушыларыңызбен*

II деңгей. Фонетикалық талдау. *Мұғалім, әліппе*

I деңгей. Сатылай кешенді зат есімге морфологиялық талдау.

Алатау, балалық.

III кезең. «Сөз асылы – мақал».

III деңгей. Семантикалық картаны толтыру.

	Мақал	Мәтел	Табу	Тұрақты тіркес	Эвфемизм	Дисфемизм
Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей.						
Сарқыра-маның бер жағында маңыраманы ұлыма жеп жатыр екен.						
Дәукеннің баласы ұры, өсекші, бокмұрын.						
Кәрі түлкі қақпанға түспес.						
Өсер елдің ақыны көп, өшер елдің әкімі көп.						
Айдағаны бес ешкі, ысқырығы жер жарады.						
Алдар көсе байларды алдау мақсатында өз жанынан қосып айтады.						
Аудан мен ауылдың арасы таяқ тастам жер.						

II деңгей. Ең қысқа мақал-мәтелдерді тауып жаз.

I деңгей. Туған жердің табиғатын мақал-мәтелдер қолдану арқылы сипаттау. Шағын шығарма жазу.

IV кезең. «Білімдіге дүние жарық, білімсіздің күні кәріп»

III деңгей. Суретке байланысты мақал-мәтелдер айту.

А) Ағасы бардың жағасы бар, Інісі бардың тынысы бар.

Ә) Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі.

Б) Бала тәрбиесі – бесікте.

В) Ата-бәйтерек, бала-жапырақ.

Г) Бала тілі – бал.

Ғ) Қыз өссе – елдің көркі, гүл өссе – жердің көркі.

Д) Еңбектің наны – тәтті, жалқаудың жаны – тәтті.

Ж) Оқу – білім бұлағы, білім – өмір шырағы.

Е) Бұлақ көрсең – көзін аш.

II деңгей. Әр топқа тақырып беріледі. Тақырыпқа байланысты мақал-мәтел жазу.

I топ – Ата-ана.

II топ – Отан.

III топ – Дос.

I деңгей. Ұсынылған мәтіндер мазмұнына мақал-мәтел жазу, жоспар құру.

1-мәтін.

Мақпал әжей қолындағы жүгін ауырсынды ма, сәл жүріп барады да тоқтайды.

Сөйтеді де маңдайының терін жаулығының ұшымен сүртеді.

Мұны көрген Марат:

-Болат, жүр, әжейдің заттарын үйіне апарып тастайық, - деді.

-Қойшы, ойнаймын, - деп Болат кетіп қалды. Марат әжейдің қасына келді де, жүктерін көтеруге көмектесті. Ауыл шетіндегі үйге жеткенде әжей:

-Балам, өркенің өссін, азамат бол! – деп алғысын айтты, екі алманы қолына ұстатты.

-Бұл еңбегің үшін, ала ғой, қалқам, біреуін әлгі жолдасына берерсің, - деді әжей. (Сыйласаң сый көрерсің), (Үлкенге құрмет, кішіге ізет)

2-мәтін.

Сен оны құрметте

Айдар әкесімен бірге есік алдында тұрған. Балдаққа сүйенген, бір адам өтіп бара жатып, кенеттен сүрініп жығылды. Оны көрген Айдар сықылықтап күліп жіберді. Айдардың әкесі күлген жоқ. Жығылған кісіге жүгіріп барды. Оны қолтығынан көтеріп



тұрғызды. Анадай жерге ұшып кеткен балдағын әкеліп берді. Балдақты кісі Айдардың әкесіне алғыс айтып, өз жолымен жүріп кетті. Әкесі қайта келіп, орындыққа отырды. Ол Айдарға қарады да:

-Балам, жаңа неге күлдің? – деп сұрады.

-Жаңағы кісінің кішкентай балаша жығылғанына күлдім, - деді Айдар. Әкесі Айдарға:

-Оның не күлкісі бар? Ол Ұлы Отан соғысының мүгедегі, мұндай адамдарды, біздің барлық адамдар құрметтейді. Оларға жәрдем береді. Ал сен мүгедек адамға күлесің. Мұндай әдепсіздігінді бұдан былай маған көрсетпе! Мүгедек адамдарды құрметте. Қолыңнан келген жақсылығыңды істе! – деді.

Айдар өзінің қылығына қатты ұялды.

-Әке, кешіріңіз! Мен білместік істедім. Бұдан былай ондай мінезден аулақ боламын! – деп кешірім сұрады.

3-мәтін.

Нан – қасиетті тағам.

Нан – дастарқан құты. Нан – тоқтық, нан – байлық. Бірақ, осы асыл тағамның қасиетін, кейбір балалар түсінбейді.

Бірде Сәкен мектептен келе жатыр еді. Сөмкесіндегі қатыңқырап қалған нанды алып, лақтырып тастады.

-Әй, балам-ай, нанның қадірін білмейсің. Мына біздер, бүкіл ауыл азаматтары, егінжайда астық үшін арпалысып жүрміз. Ал сендер, аппақ нанды үзіп-жұлып жеп, қалғанын жерге тастайсындар, - деді ренжіп әкесі. Ол үндемей келе жатты да:

-Кешір, көке! – деп артқа қарай жүгіре жөнелді де, жаңағы тастаған нанын алып келді.

V кезең. Тест сұрақтары. Әр оқушы көршісімен ауыстырып тексереді.

1. Мақалды аяқтаңыз. Тау мен тасты ... бұзады, адамзатты сөз бұзады.

А) Көңіл. В) Мұз. С) Ой. Д) Шөп. Е) Су.

2. Достық туралы мақалды табыңыз:

А) Өнерлінің өзегі талмас.

В) Досы көппен сыйлас, досы азбен сырлас.

С) Отан оттан да ыстық.

Д) Ұрлық түбі – қорлық.

Е) Ер дәулеті – еңбек.

3. Мақалдың жалғасын табыңыз:

Жеті жұртың тілін біл,

Жеті түрлі ... ..

А) елге құрмет.

В) тіл біл.

С) тас жарады.

Д) білім біл.

Е) ұлт жоқ .

4. Білім кілті-тіл.

Мәтелдің дұрыс аудармасын көрсетіңіз.

А) Знание-ключ к языку.

В) Язык и знание-сила.

С) Знание-сила.

Д) Люби и береги свой язык.

Е) Язык-ключ к знаниям.

5. Мақал-мәтелдерден антонимді табыңыз.

А) Еңбек етсең емерсің.

В) Мың досың болса да аз, бір қасың болса да көп.

С) Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады.

Д) Мектеп-кеме, білім-теңіз.

Е) Оқу инемен құдық қазғандай.

VI кезең. Бағалау.

VII кезең. Үйге тапсырма.

III деңгей. Үш мақалға ребус жасау.

II деңгей. 130-жаттығу.

I деңгей. «Бірлік бар жерде – тірлік бар» тақырыбына ойтолғау жазу.

## ГЕНДІК ТҮРҒЫДА ӨЗГЕРІСКЕ ҰШЫРАҒАН ӨНІМДЕР ДЕНСАУЛЫҚҚА ЗИЯН БА? (9-сынып)

Мақсаты:	Оқушыларды функционалды сауаттылыққа үйрету, алған білімдерін өмірде қолдана білуге дағдыландыру.
Оқу міндеті:	БАҚ-нан алынған мәтіннен ақпарат ала білуге, оқудың әр түрлі тәсілдерін (танысу, ақпарат іздеу, талдау) қолдана отырып мәтінмен жұмыс істей білуге дағдыландыру. Дүниетанымдарын кеңейту.
Күтілетін нәтиже:	Мәтінмен жұмыс жасай отырып, мәтінге зер салады, функционалдық сауаттылығы артады. Интеллектуалды деңгейі мен өмірлік көзқарастарында өзгерістер болады. Ізденуге ықпал етеді. Оқушы мәтін бойынша алған білімін қадағалайды, алған мәліметтерді интерпретациялайды, бұдан арғы іс-әрекетті анықтауға бағытталған қорытынды жасайды.
Қолданылатын әдіс-тәсілдер:	Жеке, жұптық, топтық жұмыс, өзін-өзі бағалау, СТО әдістері.

Сабақтың кезеңдері	Уақыты	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті	Бағалау	Нәтиж	Ресурс	Ескерту
Ұйымдастыру кезеңі	1 мин.	Оқушыларды «Мозайка» әдісі арқылы топқа бөлу	«Мозайка» әдісі арқылы 6-7 оқушыдан бөлінеді.			Бөлікке бөлінген ашық хаттар	
Қызығушылықты ояту	3 минут	Азық-түліктің құрамы көрсетілген суреттер топтамасын көрсете отырып, оқушылардың не білетіндері жайлы сұрау.	Оқушылар күнделікті өмірде қолданып жүрген азық-түліктің құрамы жайлы өз білетіндерін суреттер топтамасын қарай отырып айтады	Формативті бағалау	Ой қортып, нақты жауап беруге қалыптасады.	Азық-түліктің құрамы көрсетілген суреттер	
	3 минут	Зерттеудегі А,В,С оқушылардың бейнерепорттажы	Бейнерепорттажы көреді	Формативті бағалау	ГМО термині туралы түсінік алады		
Мағынаны тану	3 минут	Оқалым «Гендік тұрғыда өзгеріске ұшыраған өнімдер денсаулыққа зиян ба?» тақырыбында мәтін беріледі	«Гендік тұрғыда өзгеріске ұшыраған өнімдер денсаулыққа зиян ба?» тақырыбында мәтінді оқиды	Суммативті бағалау	Сауатты оқиды, ақпаратты есінде сақтайды.	«Гендік тұрғыда өзгеріске ұшыраған өнімдер денсаулыққа зиян ба?» тақырыбында мәтін <a href="http://aikyn.kz/articles/view/43448">http://aikyn.kz/articles/view/43448</a>	

1-тапсырма III оқылым бойынша (Топпен жұмыс)	3 минут	Мәтінге қандай ат қояр едің? Нұсқалардың бірін таңда. Дәлелде А. «Гендік тұрғыда өзгерген өнімдер денсаулыққа зиян ба?» Ә. «Жеуге бола ма, болмай ма?»	Топпен ақылдасып, мәтінге ат қояды, дәлелдейді.	Формативті бағалау	Оқығанын есте жаңғырта отырып, дұрыс жауап іздейді	«Гендік тұрғыда өзгеріске ұшыраған өнімдер денсаулыққа зиян ба?»
2-тапсырма (жекелеме)	2 минут	Биоқауіпсіздік туралы қандай келісім қабылданған және бұнда ГМО өнімдеріне қатысты қандай көзқарас айтылған? Мәтіннен тауып жаз.	Мәтін ішінен ақпарат іздеп, тауып жазады.	Суммативті бағалау	Оқығанын есте жаңғырта отырып, дұрыс жауап іздейді	«Гендік тұрғыда өзгеріске ұшыраған өнімдер денсаулыққа зиян ба?»
3-тапсырма (жекелеме)	5 минут	Егер тауарда «ГМО-сыз» деген мәрі жоқ болса, тауардың таза табиғи екендігін немесе құрамында трансгендердің бар екендігін қалай ажыратуға болады? (Мәтінді пайдаланып жауап бер).	Интерпретациялау, мәтін ішінен ақпарат іздеп, тауып жазады	Суммативті бағалау	Оқығанын есте жаңғырта отырып, дұрыс жауап іздейді	«Гендік тұрғыда өзгеріске ұшыраған өнімдер денсаулыққа зиян ба?»
4-тапсырма (жекелеме)	2 минут	Мәтіннен гендік инженерия әдісі арқылы өндірілген алғашқы азық- түлік өнімін тауып жаз.	Мәтін ішінен ақпарат іздеп, тауып жазады	Суммативті бағалау	Оқығанын есте жаңғырта отырып, дұрыс жауап іздейді	«Гендік тұрғыда өзгеріске ұшыраған өнімдер денсаулыққа зиян ба?»

5-тапсырма (жекелеме)	3 минут	Сұрақ	Иә немесе жоқ	Мәтін мазмұнына сай иә, жоқ деп жауап береді	Суммативті бағалау	Оқығанын есте жаңғырта отырып, дұрыс жауап іздейді	«Гендік тұрғыда өзгеріске ұшыраған өнімдер денсаулыққа зиян ба?»
		ГМО өнімдерін жақтаушылар ГМО өнімдерін шығару адамзатты аптақстан күткендіктен бірден-бір жоқ деп есептейді.	Иә немесе жоқ				
		Мәжіліс таңбаның жақсыға үшін 100 АЕК мөлшерінде айыппұл салынады.					
		«Тұтынушылар құқығын қорғау туралы» ҚР аяны өңделушілерді егер өнім құрамында ГМО 0,9 пайыз және оған ла жағары болатын болса, өнімдерін маркілеуі міндеттейді.					
		Елбасы Н.Ә. Назарбаев жолыуында атросекторды дамыту мәселесіне тоқтала келіп, ГМО өнімдерінен қорқулы еш қажеттілігі жоқ деп тұжырымдады.					

6-тапсырма (жөкелеме)	3 минут	Халықаралық ұйымның атауы А. Өркен Ә. Гринпис Б. Монстанто Д. Картахен	экологиялық	Мәгін ішінен ізделіп, тауып жазады	Суммативті бағалау.					«Гендік тұрғыда өзгеріске ұшыраған өнімдер денсаулыққа зиян ба?»	
7-тапсырма (жөкелеме)	7 минут	«Бүгінде әлем азық-түлік қауіпсіздігінен, коммерциялық мүддені жоғары қойып отыр» деген сөйлемнің мағынасын қалай түсінесің, ойыңды 2-3 сөйлеммен жаз.		Еркін жауап береді							

Тыңдалым	3 минут	Бейнебаян «Гендік өзгеріске ұшыраған өнімдер»	Бейнебаянды көреді	Интернет ресурс				
III. Ой толғаныс Ойлаудың алты қалпағы (жұттық, топтық)	7 минут	Генетикалық өнімдер қажет пе?	Оқушылар ойлаудың 6 қалпағына салып, генетикалық өнімдер туралы қорытынды жасайды.	Басқаның еңбегін бағалай біледі				
IV. Кері байланыс Мадақтау сэндвичі	2 минут	Жағымды пікір: Не ұнады?сындарлы сын: Не нәрсені жақсарту керек?келешекке арналған пікір: Маған ұнады, бірақ келесі жолы ...	3 бөлікке өздерінің пікірлерін жазады.					

**Т.ТЕМКЕНЕВА,**  
**«Ақбұлақ орта мектебі» КММ.**  
 Шығыс Қазақстан облысы,  
 Күршім ауданы,  
 Ақбұлақ ауылы

## СӨЙЛЕМ ІШІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТЫНЫС БЕЛГІЛЕР. ҮТІР

Сабақ түрі	Жаңа білімді меңгерту
Мақсаты	Сөйлемнің мағыналық және құрылымдық ерекшеліктеріне қарай оған қатынасып тұрған тыныс белгілерінің қызметін ажырата білуге, өз бетімен жұмыс істеуге дағдыландыру.
Жалпы мақсат	Үтір қандай орындарда, не үшін қойылатыны, оны қою үшін тілдік қандай белгілерін білу керек екенін түсіндіру. Проблемалық жағдайлар мен күрделілік деңгейі артқан тапсырмаларды шешу кезінде дербес ойлана алуды дамытуға жағдай жасау.
Күтілетін нәтиже	Оқушылар қазақ тілінің тыныс белгілеріне қатысты қағидаларын меңгереді, есте сақтайды, өмірде қолдана білуге дағдыланады.
7 модульдің қолданылуы	АКТ, жас ерекшелігіне қарай оқыту, оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер(диалог), оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау, сыни ойлау, оқытуды басқару және көшбасшылық
Қолданылатын әдіс-тәсілдер	Блум таксономиясы, тренинг, топтық жұмыс, «жәрмеңке» ойыны, рөлдік ойындар (диалог құрау), стикердегі сұрақ, деңгейлік тапсырмалар, семантикалық карта, венн диаграммасы, б্লоб ағашы бойынша бағалау.
Қолданылатын ресурстар	Салфетка, ақша купюраларының көшірмесі, стикер, тақта.

Сабақ кезеңдері	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті
Ұйымдастыру. Психологиялық тренинг  Топқа бөліну	Сыныптың психологиялық ахуалын қалыптастыру. Барлық оқушыға салфетка таратып беріп, оны бүктетіп, бір бұрышын жырғтырып тастайды. Салфетканы ашып қарағанда, әртүрлі бейне болып шығады. Неге? Барлық оқушыға бірдей тапсырма берілді. Ал, нәтижесі әртүрлі. Сендерге де бүгінгі сабақта білім бірдей беріледі, бірақ қабылдауларын осылай әр түрлі бола ма екен? Соны тексерейік. Әр түрлі(сөйлем ішіне, сөйлем соңына қойылатын) тыныс белгілерді тарату. Блоб ағашындағы адамдар суреті бар парақша таратылады.	Салфетканы бүктеп, бір бұрышын жыртады да, нәтижесіне үніледі.  Сөйлем ішіне қойылатын тыныс белгіні таңдаған оқушылар-1 топ, сөйлем соңына қойылатын тыныс белгілерді таңдағандар-2 топқа бөлінеді. Оқушы сабақ басында және соңында қандай деңгейге жеткендігін бояу арқылы өзін-өзі бағалайды.
Үй тапсырмасын тексеру. I. Қызығушылықты ояту.  «Жәрмеңке» ойыны.	Білу. Өткен тақырып бойынша өтілген сұрақ жәрмеңкеге шығарылады. Оқушыларға әр түрлі көлемдегі ақша купюралары алдын-ала таратылады. 1-сұрақ. Сөйлем соңына қойылатын тыныс белгілер? Олар қандай қызмет атқарады? Мысал келтір.	Оқушылар дәптер алмасу арқылы үй жаттығуын тексереді. Бір-бірінің қатесін табады. Әр топ «жәрмеңкеден» белгілі бір көлемде сұрақты сатып алады.

	<p>2-сұрақ. Мәтіннің қойылмаған тыныс белгілерін қой. Грамматикалық ұстаным туралы айту. Тапсырманы алмасу арқылы тексер. Дұрыс нұсқаны слайд арқылы көрсету.</p> <p>Шығыс ұлы! Біздің қазіргі уақыттағы орнымыз қанды майдандағы қызу ұрыста ғой. «Ереулі атқа ер салмай, егеулі найза қолға алмай, еңку-еңку жер шалмай» біздің ісіміз бітпейтін нағыз қызу кезең осы емес пе, Шығыс ұлы! ...Шығыс ұлы! Сонау туған өлкең арқаны есіңе түсірші. Ондағы мейірімді халықты, бізді тәрбиелеп өсірген Отан-Ананы еске түсірші! Сен соларды сүйетін едің. Бүгін сол шын махаббатты іс жүзіне көрсету керек болып отыр.</p> <p>3-сұрақ. Қазақ әліпбиіндегі барлық әріпті кезекпен пайдалану арқылы диалог құрау. Қандай тыныс белгіні пайдаландың? Мағыналық ұстанымға тоқталу. Тақырып: «Ұстаз бен шәкірт», «қос құрбы», «дүкенде».</p>	
<p>Жаңа сабақ. II. Мағынаны тану. «Стикердегі сұрақ»</p>	<p>Түсіну. Оқушы мандайына стикермен сөйлем ішіне қойылатын тыныс белгісін жапсыру. Оқушыларға сұрақ қойдыру арқылы сол тыныс белгіні таптыру. Сонымен, осы тыныс белгілер (), ; : «» - сөйлем ішінде келетінін түсіндік. Бұл тыныс белгілердің басты қызметі-кей сөздердің мағынасын, қолданылу себебін ерекшелеп көрсету.</p>	<p>Мысалы, сызықша (-). Оқушы мысал не сұрақ арқылы тыныс белгінің сызықша екендігін түсінуі керек. Жаңа тақырып бойынша берілетін теориялық мәліметті оқушылар өз бетінше меңгереді.</p>

	<p>Бүгінгі сабақта үтірге ерекше тоқталмақпыз. Сабақтың тақырыбы мен мысалдарды дәптерлеріңізге жазуларыңызды сұраймын. <i>Туған жер, айналайын, қымбатты анам, Таң атып, маған Сенсіз Күн батпаған. Ер жетіп, есейсем де әлі күнге, Мен сенің ерке ұлыңмын бұлғақтаған. Туған жер, айналайын, қымбатты анам, Әр бұлағың, әр сайың қымбат маған. Бұлбұлың болмасам да бозторғай боп, Мен сені өмір бойы жырлап бағам!</i> Көпен Еркасов</p> <p>Үтір не үшін қойылған? Тыныс белгілері болмаса немесе дұрыс қойылмаса, өлең мәтіндегі ойды дұрыс оқу, түсіну мүмкін бе? Ой жеткізудегі бет-жүз құбылысын, қол қимылдары мен дауыс ырғағын қағазға түсіре аламыз ба?</p>	<p>Оқушылар өлең мәтініне қойылмаған үтірді қойып, не үшін қойғандығын, сөйлемнің мағыналық және құрылымдық ерекшелігін анықтайды. Өлеңді мәнерлеп оқудағы тыныс белгінің ерекшеліуші қызметін түсіндіреді.</p>
<p>Дағдыландыру жұмыстары</p>	<p>Қолдану. Күнделікті өмірде іс-қағаздарын толтыру барысында үтірді жиі қолданамыз. Ресми іс-қағаздар түрлерін слайд арқылы көрсетіп, тыныс белгілерін қойдыру. Хаттама Ақбұлақ орта мектебінің 9 сынып оқушыларының жиналысы. Төрағасы: Хатшысы: Қатысқандар: Күн тәртібі:</p>	<p>Оқушылар тыныс белгісін қойып, не үшін қойғандығын түсіндіреді.</p>

	<p>1. «Адамгершілік-асыл қасиет»-баяндама</p> <p>2. 2 тоқсанның қорытындысы- топ белсенділері.</p> <p>1. «Адамгершілік- асыл қасиет» тақырыбы бойынша сынып жетекшісі баяндама жасады.</p> <p>Ал, адамгершілік дегеніміз не? Мұның жауабы, әрине, адам бойындағы асыл қасиеттерді айтамыз. Демек, асыл қасиетіміз – еңбек сүйгіштік, достық, әдептілік, көмек беру, қоғамға қызмет ету, инабаттылық, имандылық, елін, жерін сүю, кішіпейілділік. Яғни, адам бойында осы қасиеттер жоғары тұрса, ол адамның адамгершілігі жоғары болмақ. Сондықтан, біз осы қасиеттерді кішкентай кезімізден бойымызға сіңіруіміз қажет. Ал, керісінше, сөзі дөрекі, мінезі шайпау, менмен мақтаншақ, керенау кесір мінезден аулақ болуымыз керек. Адамгершіліктің бір парасы – біреудің еңбегін бағалау, тазалықты ұстау. Сондықтан өз еңбегіңді, біреудің еңбегін бағалау қажет?</p> <p>2. Сынып үлгерімі бойынша топ белсендісі қысқаша мәлімет берді. (қысқаша жазбасы).</p>	
Сергіту сәті	«Көңілді күн» әуеніне билету.	Бейнероликтегі жаттығумен бірге билейді.

Деңгейлік тапсырмалар	<p>Талдау. А, В, С деңгейіндегі оқушыларға жеке тапсырма беріледі.</p> <p>А деңгейіндегі оқушыға тапсырма.</p> <p>Сөйлемнің тыныс белгісін қойып жаз. Асты сызылған сөзге фонетикалық талдау жаса. Мейірімді қайырымды сезімтал адам әрдайым жақсылық жасауға дайын тұрады. Ақ ниетпен жақсылық жасау адамның ішкі дүниесінің байлығын жан сұлулығын көрсетеді.</p> <p>В деңгейіндегі оқушыға тапсырма</p> <p>Сөйлемнің тыныс белгілерін қойып, қойылу себебін түсіндір. Морфологиялық талдау жаса. Біздің ауылдың ұжымшар болып қалай құрылғанын біз кейінгі жас ұрпақ тек үлкендер айтқан әңгімелерден ғана білеміз.</p> <p>С деңгейіндегі оқушыға тапсырма. Сөйлемнің тыныс белгілерін қойып, толық грамматикалық талдау жаса. Жидебай өлкесіне ілінген соң ыстық жел қоңыр салқын самалға айналып сахараның алуан түрлі тірлік тынысынан белгі жетті.</p>	<p>А деңгейіндегі оқушы сөйлемнің тыныс белгісін қояды. Асты сызылған сөзге фонетикалық талдау жасайды. Оқушы жұмысын С деңгейіндегі тағы бір оқушы тексереді.</p> <p>В деңгейіндегі оқушы сөйлемнің тыныс белгісін қойып, сөйлемге морфологиялық талдау жасайды.</p> <p>С деңгейіндегі оқушы сөйлемнің тыныс белгісін қояды. Сөйлемге толық грамматикалық талдау жасайды.</p> <p>Басқа оқушылар ЖАДА-да жұмыс жасап, 178,179,180-ж а т т ы ғ у л а р д ы орындайды. Бір-бірінің жұмысын тексереді, бірін-бірі бағалайды.</p>
Бекіту.	Жинақтау. Бір топқа семантикалық карта беріледі. Екінші топқа венн диаграммасы беріледі.(сөйлем соңындағы және сөйлем ішіндегі тыныс белгілерді салыстырады)	Қартаны толтыру, тыныс белгілерді салыстыру арқылы тыныс белгілерінің қолданылу орындары жайлы білімдерін бекітеді.
III. Ой-толғаныс Бағалау Рефлексия	Бағалау. Блоб ағашындағы адам суретін боятады. Мұғалім оқушының өзін-өзі бағалауын тыңдап барып, өзі бағалайды. Оқушылардан сабақ туралы пікірлері сұралады.	Блоб ағашындағы адам суретін бояу арқылы сабақ соңында қандай нәтижеге жеткендігін түсіндіреді. Кері байланыс жасалады.
Үй тапсырмасы	186, 187-жаттығу. «Қайырымдылық қазақ халқына тән қасиет пе?» ойтолғау (192-жаттығу негізінде)	

**Б.НҰРМҰХАНОВ,**  
**Бөгенбай батыр атындағы**  
**қазақ орта мектебі.**  
 Ақмола облысы,  
 Крейментау қаласы

## «ҰСТАЗДЫҚ ЕТКЕН ЖАЛЫҚПАС...»

Жалындап тұрған жас ұрпақтың жүрегіне от беріп, зердесін ашып, өзінің бар ғұмырын шәкірттеріне арнап, әр минутын кестеге салып жүрген ұстаздар үшін, ең алдымен, адамның бойында шәкірттерге деген жүрек жылуы болуы керек. Ұстаздық қызмет әр оқушының, жеткіншек ұрпақтың, қоғам мен мемлекеттің тағдыры үшін жауап беретіндігімен сипатталады. Сондықтан да білімді, жаны ізгі, парасатты ұстазға әр отбасы мен қоғам ең қымбаттысын, бауыр еті баласын, өз елінің болашақ азаматтарының тағдырын табыс етеді. Міне осы жерде, қазіргі ұстаз қандай болу керек деген сұраққа, әрине, жауап дайын. Үлкен жүректі, кәсіби мамандығына сүйіспеншілік, өз ісіне адал, кәсіби шеберлікпен шындалған, ұлағатты ұстаз болу керек.

Егеменді елдің жас ұрпақтарын тәрбиелеу, талапқа сай білім беру – бүгінгі күннің өзекті мәселелері болып табылады. Мектептегі оқу ісіне қойылатын бүгінгі талап – өзіндік ой – тұжырымы мен көзқарасы бар, өз пікірін ашық айта алатын, ақпараттар ағымынан хабары бар, өз жолын тандай алатын жас ұрпақ тәрбиелеу.

Бүгінгі таңда ХХІ ғасыр табалдырығын еркін аттаған азат ұрпаққа тәлім-тәрбие және білім беруді жетілдіруде жаңа үлгідегі ізденіс қажет. Шығармашылықпен айналысқан мұғалімнің сабағы өте сапалы өтеді, әрі оқушының оқуға деген қызығуын арттырады. Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруда мұғалімдер көп ізденіп, жаңа оқыту технологияларын меңгеруі, әр түрлі әдіс-тәсілдерді білуі қазіргі таңда қажеттілікке айналып отыр.

Нәтижеге жету үшін қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында әр түрлі шығармашылық жұмыс түрлерін жүргізуге болады. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін сабақта және сабақтан тыс уақытта дамытуда әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолданады.

Қазақ тілі	Әдебиет
1. Оқушыны ойлау және сауаттандыру тәсілдеріне төселдіруде интерактивті оқыту әдісін қарқынды оқыту технологиясымен байланыстырып өткізу.	1. Мәтін, ертегіні, әңгімені өз ойларымен аяқтау. 2. Ақын, жазушылардың дайын мәтіндерін басқаша аяқтау. 3. Мәтін бойынша мақал құрастыру; 4. Әңгімелерді салыстыру, бөліктерге бөлу, ат қойғызу; 5. Өлең құрастыру; 6. Шығарма, мәтін құрастыру. 7. Көлемі ұзақ шығармаларға жоспар құру; 8. Кейіпкерлерге мінездеме беру; 9. Шығарма бойынша сурет салу; 10. Анаграмма, сөзжұмбақ, ребус құрастыру; 11. Тест тапсырмаларын құрастыру; 12. Белгілі ақын, жазушылар шығармасына еліктеп, өлең, әңгіме, ертегілер жазғызу, т.с.с. 13. Деңгейлік тапсырмалар беру.
2. Сатылай кешенді талдауды қазақ тілі мен әдебиет сабағында кеңінен қолдану. а) білім, білік, дағдылары өседі ә) шешен сөйлеуге төселеді б) жазу сауаттылығы артады	
3. Қазақ тілі сабағында тіл дамыту жұмыстарын дамыту.	
4. Күнделікті сабақта берілетін қосымша тапсырмаларды оқушыларға жасату.	

Осы аталған жұмыстардың орындалуының өзі – сабақта жаңа технологияларды қолданудың нәтижесі деуге болады.

Қазақ тілінің, ең алдымен, ана тілі ретінде оқытылып үйретілуі ұлт болашағы, мемлекеттің ертеңі үшін стратегиялық маңызға ие. Білім мен тәрбиені ана тілі арқылы беру зор мүмкіндіктерге жол ашады. Қазіргі заман қазақ тілі мен әдебиетін тереңдетіп, түрлендіріп оқытуды талап етеді Сол себепті жалпы білім беретін мектептің әр сатысындағы игерілетін білімнің түпкі нәтижеге бағытталу жүйесін орындау үшін төмендегі логикалық шығармашылық жұмыстарды қолданамын.

5-6 сыныптарда мәтін бойынша сурет салу, мәтіннен алған әсерлерін қағаз бетіне түсірсе, 7-8 сыныптарда шығарма-рецензия, оқыған шығармасы бойынша пікір жазу, ойтолғаулар жаздыртуға болады. 10-11 сыныптарда тіл мәдениеті мен шешендік өнерге байланысты берілген тапсырмалар – шығармашылыққа сұранып тұрған тапсырмалар. Онда ойбөліс, ойтолқы, пікірталас, т.б. өткізу – оқушының сөйлеу тілін, еркін ойлауын дамытады. Өз тәжірибемде тіл дамыту жұмыстарының ішінде пікір жаздыруға көңіл бөлемін. Кейбір оқушылар айтып бергеннен гөрі қағаз бетіне түсіргенді ұнатады. Мысалы, 6-сыныпта Мұқағали өлеңдерін оқығаннан кейін оған қосымша ақын шығармашылығынан мәліметтер беремін. Ақын поэзиясына қызыққан соң автормен сырласу түрінде пікір-сыр жаздыртам, ал оның өлеңдерін қара сөзге айналдыра,



өз сөздерімен пікір-толғау жазғызамын. Мұндай жұмыстарды Абай, Мағжан, Ахмет, т.б. ақындар шығармашылығынан кейін де жаздыртқан оқушыға әсерлі болады.

Поэзиялық шығармалардан үзінділерді тіл сабағымен үйлестіріп пайдаланған тиімді. Абай өлеңдеріндегі есімше, көсемше, болымсыз етістік түріндегі сөздердің орнына синонимдерді қолдану арқылы өзгертіп жазады. Құс қалай ұшады? /калықтап, шалықтап, әуелеп, самғап т.б./Өзен ағысын суреттеп жаз./ шымырлап, жылжып, ақырын, күрілдеп, т.б./ Әнші әнді қалай салады?// шалқытып, сорғалатып, әуелетіп// деген тапсырмалар арқылы сабақты қазақ тілімен ұштастыра жүргізуге болады.

Тәрбие басы – отбасы, ата-анасы болса, ал оқушы бір күнінің жартысын мектепте өткізеді. Мектепте оларға үлгі, тәрбие беруші – мұғалім. Мұғалім сөзімен, ісімен, мәдениетімен, білікті білімімен, ұйымдастырушылық қабілетімен, балалармен тіл табудағы қасиетімен ерекшеленеді. Өз кәсібін қадірлеген ұстаз ғана педагог мәртебесін ұстай алады. Мұғалім тәрбие бермес бұрын адами құнды қасиеттерді ең алдымен өз бойында қалыптастыруы керек. Еңбекқор, ұстамды ұстаздарды бала жақсы көреді, қадір тұтады, үлгі-өнеге ете алады. Өзім де қолымнан келгенше, осы қағидаларды өз іс-тәжірибемде ұстауға ұмтылудамын. Ұстаз беделін әркім уыстап жинамайды, мысқалдап жинап, жылдар бойы ғұмырын сарп етеді, сол жинақталғандарды уыстан шығармай, үнемі дамытып болашақ үшін пайдаға асыру әрқайсымыздың абыройлы борышымыз. Келешекте де осылай еңбек ете бермекпін.

Пәнаралық байланыс

**Г.АЛДАБЕРГЕНОВА,**  
Түркістан медицина колледжі,  
ОҚО, Түркістан қаласы

**Ф.М.ДОСТОЕВСКИЙ.  
БИОГРАФИЯ И ТВОРЧЕСТВО**

Русская литература	Қазақ әдебиеті
Образовательная: Знакомство с биографией Ф.М.Достоевского; Произведениями писателя, Раскрыть основные этапы жизни и творчества Ф.Достоевского.	Білімділік: •Студенттердің тілдік қорын байыту; •Туған әдебиеті мен өзге ұлттардың да әдебиетін жан-жақты меңгеруге баулу.
Развивающая: научить студентов управлять потоком информации, развитие коммуникативных навыков; творческой деятельности; логического мышления; критического мышления;	Дамытушылық: •Ш.Уәлиханов пен Ф.Достевский өмір жолын және еңбектерін бағалауда өз ойын еркін жеткізе алуға ықпал ету; •Шығармашылығы мен сөйлеу мәдениетін дамыту.
Воспитательная: воспитывать любовь к окружающей среде; прививать любовь к художественной литературе воспитание нравственных качеств - милосердия, любви и сострадания к людям, окружающему миру, к художественной литературе, воспитывать уважение к чувствам другого человека, способность сопереживать, патриотические чувства.	Тәрбиелік: •Білімі мен біліктерін өмірде пайдалана алатын, жан-жақты дамыған жеке тұлға қалыптастыру; •Ұлттық мәдени-құндылықтарды бағалайтын тұлға қалыптастыру; •Білім мен ғылымға деген сүйіспеншілігін арттыру; •Адамгершілікке, азаматтық ұстаныммен өмір сүруге үйрету.
Педагогические технологии, используемые на занятии: Информационно-коммуникативное обучение; Проблемное обучение; Технология критического мышления; Игровая технология;	Сабақ барысында қолданылатын педагогикалық технологиялар мен әдіс-тәсілдер: •Вальдорфская педагогика. •Ойын арқылы оқыту технологиясы. •Коммуникативті технология. •Сын тұрғысынан ойлау технологиясы.

Методы, используемые на занятии: комментированное чтение; устный опрос; взаимоконтроль; поисковый; словарная работа; работа с интерактивной доской; объяснение, вопросы-ответы; опорная схема;	Берілген технологияларды іске асыру әдістері: Жеке студентпен жұмыс; Жұптасып жұмыс істеу; Түсіндіру, сұрақ-жауап; «Буриме» тәсілі «Блиц –сұхбат» «Семантикалық карта» стратегиясы.
--	---

Материальное оснащение занятия: Наглядности: Фотографии Ф.Достоевского и Ч.Валиханова; Раздаточный материал: тестовые задания, стикер. Технические средства обучения: проектор для показа слайдов, интерактивная доска, компьютер, CD, DVD

Учебные и учебно-методические пособия:	Әдебиеттер және оқыту құралдары:
Основная: 1. Ошкина Т.С., Татибекова Г.З. Русская литература: Учебник для 10 кл. (К-Г)- Алматы: «Мектеп», 2014.	Негізгі: 1.Тұрсынғалиева С.Ч.,Такишева А.Ж.Қазақ әдебиеті: Оқулық 10-сын.-Астана: «Арман-ПВ», 2014;
Интернетсайты: www. Google. Com 1 september. www. Yandex. Ru	ЭО және инт.сайттар: 1. «Қазақ әдебиеті» 5-11 сыныпқа арналған ЭО; 2. www.kitaphana.kz. www.tarih-begaliknka.kz.

Ход урока:

#### I. Организационная часть.

Учитель русской литературы приветствует студентов, проверяет чистоту аудитории, заполнение журнала, психологически настраивает студентов на урок.

Қазақ әдебиеті пәнінің мұғалімі: -Ардақты ұстаздар, аяулы студенттер. Бүгін біз сіздермен бинарлы сабақ өтетін боламыз. Бинарлы сабақ дегеніміз – пәнаралық байланыс. Яғни, сіздер бүгін орыс әдебиеті мен қазақ әдебиетінің байланысын көретін боласыздар.

#### II. Проверка домашнего задания.

##### 2.1. Проверка домашнего задания.

Русская литература: 1.А.Викторина по творчеству А.Фета.

2.Б.Рассказать выразительно выученные стихотворения поэта.

#### III. Сообщение темы и цели урока.

Русская литература пәнінің мұғалімі:- Наш сегодняшний урок посвящен великому русскому писателю XIX в. Ф.М.Достоевскому. Будем знакомиться с биографией писателя.

#### IV. Мотивационная характеристика и изложение новой темы.

Русская литература: Фёдор Михайлович Достоевский один из самых интересных и писателей,

Видеоролик биография писателя.

Русская литература пәнінің мұғалімі: -1850 – 1854 гг. В этот период творчество Ф.Достоевского затихает из-за того, что писатель отбывает наказание в ссылке в г. Омске. Сразу после отбытия срока, в 1854 году Достоевского отправляют в седьмой линейный сибирский батальон рядовым солдатом. Здесь он знакомится с известным казахским путешественником и этнографом Чоканом Валихановым.

Қазақ әдебиеті пәнінің мұғалімі: -Аққан жұлдыздай көзді ашып-жұмғанша өмірден ғайып болған Ұлы дала перзенті - Шокан Уәлиханов өзінің қысқа ғана ғұмырында артына өшпес із қалдырған дара тұлға. Биыл міне, Ш.Уәлихановқа 180 жыл толып отыр. Шоканның ұлылығын танытатын, да жыл!». В Казахстане накты мәліметтердің бірі – өзі ерекше бағалаған орыс досы, ұлы жазушы Ф.Достоевскиймен қарым-қатынасы. Екі ұлы тұлғаның кіршіксіз шынайы достығы бүгінде көпшілікке үлгі болып қалды. Ф.Достоевский Шоканды ерекше қадірлеген. Екі жазушының бір-біріне жазған хаттары қазақ әдебиетінің тарихы үшін ерекше маңызды болып саналады.

Русская литература пәнінің мұғалімі: -Здесь, на казахской земле, в Семипалатинске Ф.Достоевский провел пять лет своей жизни, о которых впоследствии сказал: «По крайней мере, жил, хоть страдал, да жил!». В Казахстане начался следующий период жизни писателя – ссылка и солдатская служба.

Видеоролик «Музей Ф.М.Достоевского в Семипалатинске».

Русская литература пәнінің мұғалімі: -Музей Фёдора Михайловича Достоевского в Семипалатинске является единственным музеем великого русского писателя за пределами России. Музеем ведется большая научно-исследовательская работа, результатом которой являются публикации, сообщения, методические разработки. Долгие годы музей является крупным научно-справочным центром. Но главное его предназначение – хранить на казахстанской земле память о величайшем гении мировой литературы.

Қазақ әдебиеті пәнінің мұғалімі: -Семейдегі мұражайға айналған ұлы данышпанның үйінде бір кездері Ш.Уәлиханов та қонақта болған. Екі дос сырласып, өз елдерінің болашағы жөнінде, халықтың ауыр тұрмысын жақсарту жолында аянбай еңбек ету қажеттігі туралы ұзақ әңгімелескен тамаша күндердің куәсі болған бұл үй бүгінгі таңда көпшілік рухани күш алатын құнды орынға айналған...

Русская литература пәнінің мұғалімі:-Даже великий Фридрих Ницше признал, что Достоевский был единственным автором-психологом, ставшим отчасти его учителем. Федор Михайлович был признан одним из величайших российских писателей-философов, затрагивавших наиболее острые жизненные вопросы. Теперь у нас с вами словарная работа, запишем некоторые слова и термины, значение и перевод которых я вам объясню.

Словарная работа	
Научно-справочный центр	Ғылыми-анықтама орталығы (Центр представленных в различных видах архивных справочников, баз данных, предназначенных для поиска документов и документной информации).
«Мертвый дом»	«Өлі үй» (Фразеологизм)
«Эпоха»	Дәуір (Длительный промежуток времени, выделяемый по какому-нибудь характерному явлению, событию).
Стенографистка	Хатшы (Лицо, записывающее при помощи стенографии устную речь).
Эмфизема	Өкпе ауруы – (болезнь легких)

#### V. Закрепление нового материала.

Русская литература пәнінің мұғалімі: -А теперь, давайте проверим себя по творчеству писателя и поработаем на доске. Как вы знаете, писателем было написано очень много романов, мы постараемся отгадать по датам и фактам эти романы. Тесты по биографии Ф.Достоевского.

Қазақ әдебиеті пәнінің мұғалімі: -Ш.Уәлиханов пен Ф.Достоевский туралы білімдерін бекіту.

№ 1 тапсырма. Сұрақ-жауап. Суретті сұрақтар.

Ана деген Ұлы есім. Ұлыларды дүниеге әкелетін ана. Сондықтан да алғашқы сұрағымызды аналардан бастағымыз келеді. Ендеше сұрақтарға жауап береміз. Ш.Уәлиханов пен Ф.Достоевскийдің аналарының есімдері кім? Және алтын құрсақты аналар жайында не білеміз?

Ұлыларды дүниеге әкелетін - АНА	
Ш.Уәлихановтың АНАСЫ	Ф.Достоевскийдің АНАСЫ
Есімі – Зейнеп Шорманова. Қазақша хаг таныған, өз заманының көзі қарақты келіншегі болған. Мұхаммед –Қанапияны “Шокан” деп еркелеткен.	Есімі- Мария Фёдоровна Нечаева. Достоевскийге анасы кітапқа деген қызығушылығын оятқан, кітап оқуды үйреткен.
Ұлыларға тәрбие берген Аналар...	
Ш.Уәлихановтың әжесі	Ф.Достоевскийдің күтушісі
Есімі – Айғаным Сарғалдаққызы. Өте парасатты, терең ойлы, көреген болған. Араб, парсы, орыс тілін білген. Ол Шоқанға халықтың бай ауыз әдебиетін, ертегі, аңыз-әңгімелер мен жыр-дастандарды айтып берген.	Бала күтушісі – Алена Фроловна. Өте жұмсақ мінезді, ақылды, мейірімді әйел болған. Ф.Достоевский алғаш рет бала күтушісінен “Алеша Попович”, “Синяя птица”, “Жар-Птица” ертегілерін естіген.

Сергіту сәті. Бейнебаян көрсетіледі. «Аналар туралы даналық сөздер»

№2. Тапсырма. Блиц- сұхбат

Сұрақ	Жауап
Шоқанның ата-бабалары кім болған? Және Кенесары ханның оған қандай туыстығы бар?	Абылай хан – Уәлі –Шыңғыс. Абылайдың тұңғыш ұлы Уәліден Шоқан тараса, Абылайдың кенже ұлы Қасымнан – Кенесары хан тараған.
Шоқан кімнің қол астында адьютант болып қызмет істеді?	Батыс Сібір мен Қазақстанның Батыс Солтүстік-Батыс аймағын басқарған генерал Г.Х.Гасфорттың адьютанты болды.
Шоқан аға сұлтан қызметін атқаруға не үшін келісімін берді?	Екі жақты қанаудың астында қалған халқын езгіден құтқару үшін 1862 жылы Ақбасар округіне сұлтан болуға келісті.
Шоқанды “Қашқария Колумбасы” деп не үшін атаймыз? Және осы есімді оған кім қойды?	Қашқария Ресей тарапынан зерттелмеген өлке болатын. Қашқарияны ашып берді. Ол орыс ғылымы және дүниежүзі ғылымы үшін Оған бұл атты ғұлама ғалым Ә.Марғұлан айтқан.

**А.АЙТМАҒАНБЕТОВА,**  
**Ынтымақ негізгі ЖББ мектебі.**

Павлодар облысы,

Ертіс ауданы,

Ынтымақ ауылы

## **ИСА БАЙЗАҚОВ.** **«ҚҰРАЛАЙ СҰЛУ»**

І көрініс *(Қамсақтының жағасына орналасқан ауыл бейнесі, бір шетінде киіз үй бейнеленген сурет, бір шетте киіз үйдің ішкі бейнесі, ортада үстел, бір шетінде бәйбіше отырады.)*

Автор: *(баяу әуен естіліп тұрады)*

Ойласаң өткен күнді айтады жыр,  
Тындасаң естіледі бір терен сыр,  
Ой өліп, өмір сөніп, көп соғылған,  
Суреті өткендердің алдымда тұр.  
Толқыны бұл өмірдің талайды ұрған,  
Көп жанды алдап соғып, зарландырған.  
Аяған дертті өмірдің пендесі жоқ,  
Жас демей, кәрі демей торын құрған.  
Біреудің күшін алып, үмітін кескен,  
Біреудің жүрегін жеп, қанын ішкен.  
Жете алмай талай асық мұратына  
Қара күн қан жамылып, басқа түскен.  
Естісем сондайлардың мұң мен зарын,  
Менің де қозғалады қапаларым.  
Ортақпын қайғылының қайғысына,  
Үн қосып күңірену, болған барым...

Есімханның кезінде Шу бойында, Оңтүстік Қамсақтының жағасында Орта жүзден тараған, Қыпшақтың Ойбас руының әділ биі Монтай дегеннің ауылы болған екен. Елі қадірлеген бидің жасы жетпіс төртке келсе де бір бала көрмеген, тоқалдан туған жалғыз баласы о да тіл тиіп сәби кезінде қайтқан екен. Қайғыдан қан жұтып отырған би өз қара басының қамын ғана ойламай елінің, жерінің де қамын ойлайды. Осы жасқа келгенше мұңсыз, армансыз адам көрмедім, егер сондай адам көрсем азбайтын едім, қайта тұғырға қонар едім деген екен. Монтай бидің сөзін естіген халқы, оған Шудың бойын мекен қылған «Армансыз Келден бай» деген бай жайында айтып береді. Он сегіз ұлы, он сегіз үй болған Келден бай жайында естіген Монтай би енді сол байды іздеп табуға бекінеді. (баяу әуен естіліп тұрады)

Келден бай сол өлкеден таңдап алған,

«Көк мұрын той» өзенін мекен қылған.  
Ортада үлкен ақ үй сегіз қанат  
Түзелген кемшіліксіз сән, салтанат.  
Күмістей ақ сақалды, қартқа басқан,  
Жас мөлшері сексеннен еркін асқан,  
Жамылған торғын тоны сүйретіліп,  
Келден тұр үй сыртында қозғалмастан.  
(жолаушылар оқ бойы жерден сәлем беріп, аттарын қосшыға ұстатып қарсы жүріп Келден байға амандасады)

Келден бай:

Уа, шырағым қай ұлсың? Түрлерің жат көрінеді ғой, шеттен келдіңдер ме?

Монтай би:

Иә, бабам, руым – қыпшақ, Атым Монтай. Сізді көруге әдейі іздеп келдім.

Келден бай: Қыпшақтағы әділ Монтай деген сен бе едің. Өзіңді сырттай жақсы біліп, бір көре алмай жүр едім, келші өзіңді тағы да бір құшақтайын.

(Екеуі төс түйістіріп амандық-саулық біліседі. Келден қонақты үйге бастап жүреді. Кигіз үйге еніп Монтай би бәйбішеге амандасады да екеуі жоғары шығып жайғасады)

Монтай би:

-Келдеке, бақ мынау, бала мынау, дәулетіңіз еркін, сізде де арман бар ма?

Келден бай: (біраз ойға кетіп)

-Армансыз бұл дүниеде жан бола ма,

Монтай би:

-Таңданам, сіздің арман қандай екен,

Жасаған жанды, бақты әрін берген.

Естіп ем сыртыңыздан армансыз деп,

Бірінші себебім сол іздеп келген.

Келден бай: (Монтайға қарай бұрылып)

Монтайым, мейманымсың, шын құрметті,

Саған айтпай, кімге айтам қайғы дертті.

Автор:

Сақалын сипап ескі балуан қолмен,

Ертеқ қып өткендерін бастап кетті.

(Музыка дауысы екпіндете шығып тұрады)

II көрініс. (Келден байдың үйі сол қалпында қалады. Сахнаның бір шетінде таулы аймақ бейнеленген көрініс. Ортада Қалмақ ауылы бейнеленген сурет көрінісі)

Автор: (баяу әуен естіліп тұрады)

Келден бай бір әкеден үш ұл, бір қыз төртеуі болатын. Әкелері ерте өліп, ең кенжесі Келден он үште екен, ал ағалары елінің басшысы болған. Бір жылдары ағалары еліне келген қалмақ жортуылшысын аңдимыз деп кетеді. Елде тек кемпір-шал, қатын-қалаш қалады. Елін қалмақ шауып, жылқыларын айдап әкетеді,

соңынан қуған жалғыз Келден Сейқын деген қалмақтардың ханының қолына түседі. Сол кеткеннен Келден мол кетіп Қалмақтардың қолында бес жыл мазаққа түсіп, қорлық көріп байлауда болады. Сейқын ханның елден асқан Құралай атты сұлу қызы болады. Бір күні ханның үлкен тойы болады. Хан барлық басқа жұрттық тұтқындарын босатады. Ал Келденді ескі кегін жоқтайды деп босатпай хан бектерін жіберіп ант сұратады.

(Келденді ортаға жетелеп қалмақтың бегі алып шығады да өзі кетіп қалады)

Келденнің Сейқынға берген жауабы:

-Саған жау, Сейқын сұмырай, мендей қазақ

Болмаймын бас алсаң да үйтіп мазак

Бүгін шешіп босатсаң ертең жауымн,

Сендей жауды жапыру ойлағаным.

(Тұтқындағы жігітке Құралай сұлу келеді. Екеуінің көздері бір-біріне түйісіп қалады)

Құралай сұлу:

-Сіз бе кешегі қаймықпай ханға қарсы айбат көрсеткен? Сіздің қазақ екеніңізді біліп, өзіңізді іздеп келдім.

Келден: - Қандай мұңыңды айтуға келдің?

Құралай сұлу: - Айтатын арызым сол, батыр саған:

Тең болмағыр Сейқынға пенде емеспін.

Келден: -Айт, шын мәнісін түсіндіріп.

Автор: - Бастады сөзін сұлу жылап тұрып.

Құралай сұлу: -Әкем Сейқын, шешем менің қазақ қызы,

Қайғымен өліп кетті шерлі жүріп!

Әкеміз бір жорықта қазақты алған,

Аз болып елі қарсы тұра алмаған.

Өлерінде «құлыным» деп, жаным анам,

Бар еді өсиет қып айтқан сөзі.

«Жауыңа пенде болма» деген анам,

Қайғымен елін ойлап өлген анам.

«Жұртыма көзің көрсе сәлем айт» деп,

Қайғысын өлерінде берген анам.

Құтылмақ зор міндетім аманаттан,

Дертіме Келден батыр не табарсың!?

Сол үшін келіп тұрмын, міне, сізге,

Түсіндім кеше ғана сіздің сөзге,

Құтқарам, мейлің тірі ал, мейлің өлтір,

Ерлік жоқ мен істейтін одан өзге.

-Жолыңа мен тасаттық, мен сендік.

(Қыз жігітке қолын берді, басын жігіттің иығына салып көзінің жасын мөлтілдетеді, құшақтап тұрған жігіттің өне бойын от жалыны шарпыды)

Автор: -Екі жас келісіп, сөз байласып, келесі түні жақсы-жақсы деген ханның тұлпары мен атына мініп қашады. Екеуінің соңынан қалмақтың Сейқын ханынан басқасы бәрі түгел жүзден аса қалмақ

қуғыншыға түседі. Келден Құралай сұлуды алдыға жөнелтіп, өзі артағы қуғыншыларды тосып, әуелі Сейқынның үлкен ұлын өлтіреді. Содан кейін қырықшақты басшысын өлтіргеннен кейін қалғандары өздері де бет-бетімен қаша жөнеледі. Екі жас жауын жеңіп күн-түн демей бетпақтың шөлін басып еліне асығады. Енді бірде қалың қамысқа келіп кіреді. Құралайдың қарсылығына көнбей Келден сол жерге аялдайды. Судың жиегіне тоқтап, екеуі демалады. Қыз суға түсуге жігіттен ұялған соң Келден кетіп қалған болатын. Кешікпей қайтып келсе, Құралай сұлу әлі де жоқ екен. Бұл неге кешікті деп ойлағанша болған жоқ, қыздың шыңғырған дауысы естіледі. Келден тұра ұмтылады. Қызға төнген жолбарысты өлтіреді. (Құралайдың жаралы денесін құшып Келден отырады) Келден: - Несіне сенен қалып тірі жүрем,

Құралай сұлу: (қозғала алмай, ыңырсыды)

- Құшағын жайып тұр ғой анам келіп,

Қиянатпен тууыма себеп болған,

-Жан анам барайын ба? Барайын. Риза бол балана.

(Аздан соң Келденіне қарап)

-Сүйіктім тілегіңе жетпей қалған,

Мен өлсем де мақсатқа жетіп өлдім,

Мен өлді деп сен өлме, өмір тіле,

Өмір сүріп, өркендеп, ұрпақ өсір,

Соны сенен тілейді сүйген жүрек.

Автор:

Уәде деп зарланып серт айтқанда

Қуә болып үн қосқан жердің жүзі.

Сұлудың Құралайдай сол болды ісі,

Жеткендей ұмытуға кімнің күші.

Келден бай: -Монтайым, қартайғанша қасіретім сол,

Арман ба, емес пе арман, маған осы?

(Осыны айтып Келден кеңкілдеп жылайды да, сөзін жалғастырады)

-Дариға-ай, талай жаудан кегімді алдым,

Соғысты бұл алапта талай салдым.

Үш-ақ күн өмір сүрдім үш мың жылдық,

Не керек жазылмайтын дертте қалдым,

(Баяу музыка дауысы шығып тұрады)

Автор:-Деп Келден тамам қылды барлық сөзін.

Қартайғанда бұл қайғымен бейшара өзін.

Жазалы кім, жазасызды күйдірген кім?

Тексерші өткендердің әрбір күнін.

(Музыка дауысы екпіндей түседі)

Д.ҚОЖАҒАЛИЕВА,  
Тасшағыл орта мектебі.

Атырау облысы,  
Қызылқоға ауданы

## ДАРХАН ХАЛЫҚТЫҢ ДАНА АБАЙЫ

Мақсаты: білімділігі-Ұлы дана, ойшыл, сазгер Абай Құнанбайұлы мұрасын насихаттау. Ұлы ақынның өнегелі өмірімен таныстыру, ақынның даналығын, рухани асыл мұраларын насихаттап, өлеңдерін, әндерін мәнерлеп айтқызу; дамушылығы-көркем сөйлеуге өз бетімен іздене білуге, шығармашылықпен жұмыс істеуге машықтандыру. Оқушының бойына ақыл мен парасатты сөз құдіреті мен көркем сөздің мәнісін сіңіру; тәрбиелігі-оқушыларға ойшыл ақынның даналық сөздерін оқытып, жалпы тіршілік атауының тұтастығын түсіндіріп, әдебиетке деген сүйіспеншілігін оятып, егеменді еліміздің жас ұрпақтарын жан-жақты жетілген адам атына лайықты азамат болып қалыптасуға тәрбиелеу. Көрнекіліктері: Абай портреті, слайдтар. Абайдың өлеңдер жинағы М.Әуезов «Абай жолы» романы I,II том.

1-жүргізуші: -Құрметті ұстаздар, оқушылар! Қазақтың біртуар ұлдарының бірі, данышпан ақын, ойшыл, дана ғұламаларының бірі, қазақ әдебиетінің шоқтығы биік ірі тұлғасы А.Құнанбайұлының шығармашылығына арналған «Дархан халықтың дана Абайы» атты, әдеби-сазды кешімізге қош келдіңіздер»

2-жүргізуші: -Жүрегін шырақ етіп жандырған кім?

Жырымен жан сусынын қандырған кім?

Өзіне-өзі орнатып ескерткішті,

Мұра қып, кейінге қалдырған кім?

Ерте оянып, ойланып, ержеткен кім?

Талабын тас қияға өрлеткен кім?

Құбажон, құбақан құм, құла қырда,

Өлеңнің биігінде тербеткен кім?

1-жүргізуші: -Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өскен кім?

Үнінен әділдіктің лебі ескен кім?

Арманын атандырып келешекке

Біздермен осы күнгі тілдескен кім?

Тайсалмай мыңмен жалғыз алысқан кім?

Жауына найза сөзін шанышқан кім?

Өзендей күйған барып көк теңізге,

Лермонтов, Пушкиндермен табысқан кім?

2-жүргізуші: «Абайды таныту арқылы біз Қазақстанды әлемге танытамыз, қазақ халқын танытамыз. Абай әрқашан біздің ұлттық ұранымыз болуы тиіс», -дейді Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев. Орыстар үшін-Пушкин, ағылшындар үшін-Шекспир, грузиндер үшін-Руставели қандай ұлы құбылыс болса, қазақтар үшін Абай да сондай теңдесіз құбылыс.

1-оқушы:-Абай тегі

Қазақ әдебиетінің алтын дінгегі, біртуар тамаша дарынды да ұлы тұлғасы атанған Абай Құнанбаевты ақын, ойшыл, данышпан ретіне білгенімізбен, ол данышпандық қасиетке Абай қалай ие болды? деген де сұрақ туындырады анық. Ол үшін Абай атамыздың тегіне назар аударалық. Орта жүздің Тобықты Арғын руынан шыққан Олжай батырдың ұрпағынан тараған. Олжайдан Айдос, Қайдос, Жігітек тараса. Айдостың Айпара деген әйелінен Ырызбай, Көктібақ, Топай, Торған тараған. Ырғызбайдан Өскенбай, Үкер, Мырзатай, Жотар болып өнген екен. Өскенбайдың әйелі Зере. Сол арқыл Құнанбайдан тарған тектілік Абайда да сақталады. Шыққан, өскен ортасы өте дәулетті болатын.

Әжесі Зере де қыз күнінде өте бай отбасында тәрбиеленген көрінеді. Шын аты да басқаша еді. Ол ұзатыларда өз руының дәстүрімен күміс әшекейлермен оранып шыққан деседі, тіпті мұрнын тесіп сырға да салған екен. Міне, осындай оқаларды көрген Тобықтының әйелдері «бұл Зерлі келін болды ғой» дескен екен. Содан оның есімі Зере атанған. Зеренің келін болғаннан кейін көрген түсі жайында айтатын болсақ, Өскебай түзде жүргенде Зере киіз үйде демалып жатып түс көрген екен. Түсінде атасы Ырғызбай үйге кіріп келе жатады. Қолында үлкен-үлкен үш бірдей қып-қызыл алма. Кірген беттен бірден сүріне жаздап, қолындағы алмасының бірін жерге түсіріп алыпты да, екіншісін қалтасына салып қояды. Ал үшіншісін сүртіп келіні Зереге сондай ілтипатпен ұсынған көрінеді. Кейін осы түсі өңінде болғандай өмірге үш нәресте алып келеді. Қызы Тайбала жат жұртқа ұзатылып, көрмей кетіпті. Ұлы Құнанбай өте ақылды, зерек, салмақты болып ерекше өседі. Ал Құттымұханбет үйленер жасы жеткенде қайтыс болған көрінеді. Зере әжеміз немерелерінің ішінде Абайды ерекше сүйген. Абай туғанынан тым сүйкімді болғандықтан, Ибраһим деп қойған немересінің атын араб тілінде «сүйкімді» деген мағынаны беретін «Абайым» «Абай» сөзімен атаған екен. Содан Абай атанып кеткен. («Желсіз түнде жарық-ай» әнін хор орындайды).

2-жүргізуші: Мына көрініске зер салайық. «Әке-балаға сыншы»

(Абай мен Құнанбай арасындағы әңгіме)

1-жүргізуші: -Абай кім? Ол-данышпан ақын,  
Әр жүрекке сондықтан Абай жақын.  
Мөлдіреген бұлақтай мұрасы бар,  
Сусындап ішкен сайын сарқылмайтын.

2-жүргізуші: -Жырлары жалын атқан жұпар шашар,  
Абайдың әлі талай даңқы асар.  
Жылдар жылжып, уақыт өткен сайын,  
Ұлы Абай Ұрпағымен мәңгі жасар-

деп, Абай атасына жыр арнап жазған оқушылар жырына кезек береміз. (Оқушылар өлеңдерін оқиды).

1-жүргізуші: -Асыл сөзді іздесең,  
Абайды оқы, ерінбе!  
Адамдықты көздесең,  
Жаттап, тоқы көңілге!-

деп Сұлтанмахмұт айтқандай, Абай –туған халқының, қазақ поэзиясының өсіп гүлденуіне зор үлес қосқан.

2-жүргізуші:- «Абай – қазақ поэзиясының асқар биігі». Абай поэзиясы – махаббат, сүю, сүйіспеншілікке толы поэзия. Ақынның қай поэзиясы болмасын, оның алтын арқауы болып Адам тұрады, адамға деген махаббат тұрады. Кешіміздің келесі бөлімі-«Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы» (Абай өлеңдерін мәнерлеп оқиды).

1-жүргізуші:-1890-1898 жылдары жазылған Абайдың көркемдік, әлеуметтік гуманистік және дінге көзқарасы терең білінген еңбегі – қара сөздері. Абайдың қара сөздері (Фақлия) – ұлы ақынның сөз өнеріндегі көркемдік қуатын, философиядағы даналық дүниетанымын даралап көрсететін классикалық стильде жазылған прозалық шығармасы. Жалпы саны қырық бес бөлек шығармадан тұратын Абайдың қара сөздері тақырыбы жағынан бір бағытта жазылмаған, әр алуан. Оның 6-7 үлгісі қысқа болса, қайсыбіреуі мазмұн, тақырып жағынан өзгешелеу, ауқымды болып келеді. Абай өзінің қара сөздерінде шығарманың ажарына ғана назар аударып қоймай, оның теңдігіне, логикалық мәніне зер салған. (Бірнеше оқушы Абайдың қарасөздерін оқиды)

2-жүргізуші:-Ұлы ақын, ағартушы Абай музыка саласында да айтарлықтай мұра қалдырды. Өзінің асыл өлеңдерін, қара сөздерін қағазға түсіріп, кейінгі ұрпаққа жазып қалдырса, музыка жөнінде оның мұндай мүмкіншілігі болмады. Өйткені, Абай өмір сүрген кезеңде қазақта музыканың жазба мәдениеті жоқ еді., халықтық музыка ауыз дәстүрлік қалыпта еді. Сондықтан Абай әндері де қазақтың басқа халықтың ән-күйлері сияқты, ауыздан-ауызға, заманнан-заманға ауыса отырып жетті. Музыка саласында жазба

мәдениеттің болмауына қарамастан, Абай әндерінің бізге толық жеткен себебі – олардың халықтың жүрегінде сақталуға сапасы сай келетін шығармалар болғандығында, халық санасынан өшпес орын алғандығында. Абай өлеңдерінің өзгешелігі – мелодиялық, ырғақтық жақтарындағы жаңалықтарында, идеялық мазмұнының ашықтығында. Бұл өзгешелік алғашқы кезде таңдағандардың бәріне бірдей түсінікті бола қоймайды, болмақшы да емес еді.

Абай әндері.

1-жүргізуші: -Құлақтан кіріп бойды алар,  
Әсем ән мен тәтті күй.  
Көңілге түрлі ой салар,  
Өнді сүйсең, менше сүй,-

дегендей назарларыңызға Абай әндерін ұсынамыз. (Бірнеше оқушы Абай әндерін орындайды). Көрерменмен байланыс.

2-жүргізуші:- Абайдың өмірі мен шығармашылығына байланысты сұрақтар.

1. Абайдың шын аты кім? (Ибраһим)
2. Абай алғашқы өлеңдерін қай ақынның атынан жариялап отырды? (Көкбай)
3. Абай туралы ең алғашқы мақала жазған кім? (Әлихан Бөкейханов 1903 жылы Петербургте жарияланған)
4. Абайдың қанша күйі бар? (Үш күйі бар. «Токжанға», « Май тұн», «Абайдың желдірмесі»)
5. Абайдың аяқталмаған поэмасы (Өзім әңгімесі)
6. Абай Лермонтовтан қанша шығарма аударған? (27 шығарма)
7. «Қазақтың бас ақыны – Абай Құнанбаев» деп атаған кім? (Ахмет Байтұрсынұлы)
8. Абай ескерткіші алғаш қай қалада қойылды? (Мүсінші-Х. Наурызбаев. Алматы)
9. Әйгерім кім? Әйгерімнің шын атын ата: (Абайдың екінші әйелі; шын аты-Шүкіман)
10. Шәкәрімнің Абайға қандай туыстық жақындығы болды? (Абайдың ағасы Құдайбергеннің баласы)

1-жүргізуші: -Көп адам дүниеге бой алдырған,  
Бой алдырып, аяғын көп шалдырған,  
Өлді деуге сыяма айтындаршы,  
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған?,-

деп төрелігін өзі шешкен Абай жарқын бейнесімен де, жалынды жырымен де бізбен бірге 170 жыл бойы өмір сүріп келді, мәңгі өмір сүре бермек! Абай – лебі, Абай – үні, ата тынысы – заман тынысы, халық үні. Абайдың жарқын бейнесі, жалынды жыры бізбен бірге мәңгі жасап келеді.

## Оқушы шығармашылығы

**Ұ.ЖОЛДАСБЕКОВ,**

**№152 қазақ орта мектептің оқушысы.**

Қызылорда облысы,

Шиелі ауданы,

Жөлек ауылы

## **АУЫЛЫМ-АЛТЫН БЕСІГІМ**

«Жалпак жұртыңды құрметтеу-туған өлкенің тарихын танудан басталады» демекші, мен осы шығарма арқылы өзімнің туған ауылым – Жөлегім жайлы жеткізім келеді. Қызылорда облысының Шиелі ауданындағы киелі Жөлек ауылы – менің кіндік қаным тамған жерім.

Иә, Жөлекті мақтауға да, Жөлекпен мақтануға да болады. Себебі бұл ауылдың атауының шығуының өзі – тұнып тұрған тарих. Қасиетті Жөлек ауылы - Сырдария өзенінің бойына монғол шапқыншылығынан кейін, яғни Сырдария өзені Қаратау етегіне ағып, қазіргі Ақөзек, Көкирім атанып жүрген өзек бойынан асқаннан кейін барып орналасқан ежелгі қыпшақ қонысы. Кезінде атақты Ұлы Жібек жолының жиегіне қоныс тепкендіктен, ауылымыздың аты «Жол жиегі» болған екен. Небір замандар өтіп, ауылымызға орыстар да келіп тұрақтайды. «Жол жиегі» дегенге тілдері келмей, орыс ұлтының өкілдері «Жол иек» деп атаған. Сөйтіп, «Жол иек» бірте-бірте «Жөлек» деген сөзге айналып кеткен. Бұрын «Жөлек ауылдық советі» атанса, 1994жылдан бастап «Жөлек ауылдық округі» аталған. Мен білетін, менің ата-бабаларым білетін тарих осындай.

Егіздің сынарындай болған Сырдарияның жағасына орналасқан туған жерім маған әр кез қымбат. Көрші аймақтарға бара қалсам, ауылыма деген сағынышым, сүйіспеншілігім арта түседі. Ол сезімдерімді өңіріме арнаған «Жөлегім – жүрегімнің мекені» атты өлеңіммен өріп көрейін.

Жөлегім, жүрегімнің төріндесің,  
Көркіңнен айналайың, сұлу мүсін!  
Сыртта жүрсек, өзіңді сағындырып,  
Сағымдай боп алыстан көрінесің.

Сарқырап Сырдариясы жақын маңда,  
Арайланып күн шығар әрбір таңда.  
Сәулесінен нәр алған табиғатың  
Саясын төгеді әр кез талай жанға.

Киелі елді мекен – туған жерім,  
Қалады мәңгі есімде асу-белің.  
Жадымда сақтап сенің есімінді,

Ұмытпан өңірімнің әрбір жерін.

Ауылымның жайма шуақ көгінде,  
Құстар ұшып, ән салады бүгін де.  
Табиғатын тамсандырып халықты,  
Қуаныш пен нұрын сыйлар көңілге.

Жөлегім – туған өлкем, өскен жерім,  
Ыстығым басылмаған өзіме менің.  
Танытып бүкіл елге есімінді,  
Қадір тұтып, қастерлеп мен өтемін.

Алтын ұям – ауылымнан шығар күн,  
Бақытымды өзіңменен қылармын.  
Құшағыңның жылуынан от алып,  
Білім-шыңға мен қиналмай шығармын.

Әлі талай талпынамын биікке,  
Таныр, мүмкін, есімімді жер-көкте.  
«Мені ұмытып кете ме» деп қорықпа,  
Қалды мәңгі ізін сенің жүректе !

Ауылым жайлы сыр шерте отырып, үлгі тұтатын, ұлағат тұтатын азаматтарымыздың көпшілігі киелі Жөлек ауылынан шыққанына да тоқталып өтейін. Олардың алдында ауқымды істер тұр, олардың арман-тілектері де көп қырлы. Қай істі қолға алса да, тыңғылықты болуына шын жүреппен, жанашырлықпен, жауапкершілікпен келетін тұлғалардың бүкіл саналы ғұмыры осындай сапалы тірліктерімен өрліген. Ауыл халқы оларды біледі, жақсы көреді, өйткені олар - адамдардың сүйеніш-тірегі, мақтанышы. Сондықтан жұртшылық олардың көмегіне, ақыл-кеңесіне, жұбанышына асығады. Өзім ол ағаларымызды аялы алақаны бар, төгіліп тұрған мейірімі бар, қалт бір кезде жалт қарататын кесек мінезі бар тұлғалар деп санаймын. Бұл кісілерді зиялы ауыл тұрғындары қатты сыйлайды, құрметтейді. Олар Жөлек ауылының өсіп-өркендеуіне, дамуына, гүлденуіне көп үлес қосуда. Бұл ағаларымыз өз ісіне, өз қызметіне халықтың бүкіл танымын, ақыл-парасатын сыйғыза біледі.

Кезінде сабақ үйретіп, қазір мен б «А»-сыныбында оқып жүрген №152 қазақ орта мектебінде басшылық қызмет атқарған Мақұлбек Рүстемов ағамыздың ауылымыздың өркендеуіне қосқан үлесі зор. Ол өмірден өткенімен, артына өшпес із, өлмес рухани мұра қалдырып кетті. 1968 жылы мектеп директоры болып сайланады. Сол кезде Жөлекте жаңа мектеп салуда көп қызмет істейді. Жоғарғы орындарға барып, мектеп салуды талап етеді. Осы кісінің арқасында ауылымызда жаңа мектеп салынған. Адам тәрбиелеуде ұстаздық қасиеті шебер, тәрбие саласында шешендік сөздері өте жоғары болған М.Рүстемов мектеп үшін қызмет етті, ол мектеп үшін жаралған жан. Қазақ халқының тұңғыш ағартушы-педагогі Ыбырай Алтынсариннен кем түспеген. Өте дарынды, ақылды, әділ болған. Жөлек мектебі 20 жыл бойы облыстың озық білім ұясы саналды. Мақұлбек ағамыз да сол 20 жыл бойы үздік мектеп директоры болды және «Жөлек ауылдық советінің» шешімімен

«Үздік жыл адамы», «Ауылдың құрметті азаматы» атақтарына ие болды. 2009 жылы ағамыздың есімі Жөлектің бір көшесіне берілгені – оған көрсетілген зор құрмет деп санаймын.

Сондай ағалардың бірегейі – Тілеуберген Шаутай ағамыз. Бұл кісі 2006 жылы Жөлек ауылына мешіт салдырып берді. Одан кейін Оқшы ата мазаратына қонақ үй салдыруға күші мен қаржысын салды. Ал 2009 жылы Жөлек ауылының имамы Сағындықов Ғалым көкемізді өз қаражатымен Меккеге қажылыққа жіберді.

Біреу жүнжіп, біреу күлген заманда

Саған сеніп сырымды айтсам, жаман ба?

Біле білсек, Ел тағдыры, бауырым,

Ортақ бүгін өзің де, маған да, - деген жолдардың да авторы - Тілеуберген ағамыз. Осы бір ауыз өлеңнен-ақ жомарт жанның ауылының ғана емес, Нұрсұлтан Назарбаевтай көреген көшбасшымыз бар «Мәңгілік еліміздің» болашағы үшін де алаңдайтынын аңғаруға болады. Бәрін жаза берсем, менің бұл шағын шығармама сыймасы анық. Өйткені асыл азаматтар ауылымда өте көп. Мен Жөлектей ауылда тұрғанымды, осындай ардақты ағаларым мен аталарымды мақтан етемін.

Жөлек ауылына табаны тиген ұлы тұлғаларымыз да баршылық. Солардың ішінде белгілі ақын, қазақ тілінің жанашыры, «Түркі тілдес халықтар арасындағы ең үздік әлем ақыны» атанған, халықаралық Альберт Эйнштейн, Альфред Нобель алтын медальдарының иегері, бірнеше шетел академияларының мүшесі, қоғам қайраткері Мұхтар Шахановтың менің өмірімде алатын орны зор. Себебі 2004 жылы Мәжіліс депутаттарының сайлауы кезінде көрнекті ақын біздің ауылымызға келген еді. Менің өмірбаянымның алғашқы беттерін сол ұлы кісі ашып берген болатын. Олай дейтінім: 2004 жылдың 1 қыркүйегінде мен дүние есігін аштым. Сол кезде әжем Заһира менің есімімді атақты ақынға қойғызуды ойлапты. Сайлаушылармен кездесуге келген Мұхтар атаны өзінің шөбересінің атын қойғызу үшін үйіне шақырады. Шамалы уақытқа ғана кіріп, ардақты ақын сәбиді қолына алып, ұзағырақ ойланып отырады. Бір уақытта Мұхтар ата: «Қазақта Мұхтарлар жетеді, бізге ұлтымыздың болашағын ойлайтын ұрпақ керек. Сол себепті қазақ ұлтының атағын көкке шарықтатар азамат болсын деген ниетпен есімін Ұлтқанат деп қоямын!» - дейді. Содан кейін өзінің кітабына былай деп қолтаңба қалдырады: «Есімімді мен қойдым Ұлтқанат деп, үмітімді ақтайды деп сенім білдіремін!» Ол кітап – мен үшін өте құнды естелік, баға жетпес сыйлық. Мұхтар атамның қолтаңбасы қойылған төл кітабын өзімнің бойтұмарымдай қадірлеп, қастерлеп келемін.

Сонымен, өмірге жаңа адам келіп, жаңа есім пайда болды. Өзімнің атымның Ұлтқанат екенін тек мақтаныш сезіммен айта аламын. Өйткені маған жүктелген зор міндет бар екенін білемін. Мен ұлтымыздың болашағы үшін білімді азамат болып, үміт күтіп отырған жақындарым үшін, туған елім үшін аянбауым керек. Ең алдымен, туған жерім – Жөлегімнің адал азаматы болу – мен үшін басты парыз. Себебі ауылым – мені дүниеге әкелген және тәрбиелеп өсірген алтын бесігім!



**Бас редакторы – Гүлзия БОЛАТБАЙҚЫЗЫ.**

**“Қазақ тілі мен әдебиеті” –**  
ай сайын шығатын республикалық ғылыми-  
педагогикалық және әдістемелік журнал.

**Құрылтайшы және шығарушы: «Қазақ тілі мен әдебиеті»**  
және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

**Теріп, беттеген – Айнұр ХАБИДУЛЛАҚЫЗЫ.**

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

**Журнал** Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№6266-ж Куәлігі** берілген.

Басуға 05.05.2016 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0.

Есептік баспа табағы – 7.68. Таралымы –5000.

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСИ – 75746.**

**Мекен-жайымыз:** 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй. Қарасай батыр қиылысы.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және

бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

**Электрондық пошта:** Kazulagat@mail.ru.

**Журнал сайты:** www.kazhu.kz

**Басылатын жері** – ЖК Асубаев С.Ш.

**ЕЖЕМЕСЯЧНЫЙ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ  
НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ И МЕТОДИЧЕСКИЙ  
ЖУРНАЛ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ  
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН  
ӘДЕБИЕТІ» ЖӘНЕ «ҰЛАҒАТ»**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті», №5, 2016 ж., 144 бет, Алматы.